

**РИМДІК**  
**СЕНУШІЛЕРГЕ**  
**АРНАЛҒАН ХАТ**

Еммаус кітабы

Барлық құқықтар авторлардың құқықтары туралы халықаралық заңмен бекітілген.

Кітаптың мазмұны мен мұқабасын автордың жазбалай рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара кез келген түрде көшіріп қолдануға болмайды.

© 2000, «Духовная свобода», Мәскеу қаласы.

## КІРІСПЕ

Сіздің Киелі кітапқа қызығушылық танытқаныңызға біз қуаныштымыз. Біздің кітаптарымыз Оны оқып-үйренуге және Ондағы ұлы ақиқаттарды меңгеруге арналған жақсы құралдар болып табылады.

Біз сізге жазбаларды оқып-үйренуге арналған жиырмаға жуық кітапты ұсынамыз. Оларда Таурат, Пайғамбарлар жазбалары, Забур, сондай-ақ Інжіл шарифтегі басты шындықтар мен басқа да өзекті тақырыптар қарастырылған.

Біздің мақсатымыз Құдайдың даңқын арттыруға ұмтылған өмір сүре бастауыңыз үшін сіздің Мәсіх Исамен қарым-қатынасыңызды нығайтуыңызға көмектесу. Біздің ешқайсымыз да өзімізді тумысымыздан жолы болмайтын бейшарамын деп есептемеуге тиіспіз: біз жеңімпаз болу үшін жаратылдық. Ендеше неден бастаған жөн? Бір адам бұл туралы былай депті: «Күнәнің қараңғы соқпақтарынан Құдайға қайта келуге жол бар. Сенің кіре алуың үшін ашық тұрған есік бар. Күнәкар ретінде Исаға келгенде сен жаңа өмірге ие боласың».

Ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша орындаған жұмысыңызды тексеріп, біз сізге осы кітапты оқып-үйренгеніңіз туралы куәлікті (егер сіз алдын ала сұрақтардың 60%-нан астамына дұрыс жауап берген болсаңыз), сонымен бірге келесі кітапты да салып жібереміз.

Сізге оқып-үйрену барысындағы барлық материалды сақтап қоюға кеңес береміз, өйткені олар болашақта қайталау үшін қажет болуы мүмкін.

## **ОҚУДЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАЖЕТ**

Өзінің сөзі арқылы үйрететін шындықтарды қабылдауға жүрегіңізді ашуын сұрап, Құдайға сиынып дұға етіңіз.

Кітапты сіз өздігіңізден оқып-үйренесіз, ол сіздің *жеке* жұмысыңыз болмақ. Сондықтан да ең басынан бастап материалды басынан аяғына дейін оқып-үйренуге дайын болған жөн. Көптеген адамдар Киелі кітапты үй жағдайында оқып-үйрену арқасында Құдайға әлдеқайда жақындай түскен.

### **ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Әрбір тарау оқу материалы мен тексеру сұрақтарынан тұрады. Сіздің міндетіңіз оқулықтағы материалды мұқият оқып-үйрену, Киелі кітаптан соған қатысты мәтінді оқу, содан кейін тексеру дәптеріндегі сұрақтарға жауап беруге тырысу.

Тарау материалын меңгеріп, тексеру дәптеріндегі тапсырмалардың бәрін орындап болғаннан кейін, оны берілген мекенжайға салып жіберіңіз. Нұсқаушылар оны тексеріп болғаннан кейін сізге жұмысыңыздың нәтижесін ескертулермен және қосымша нұсқаулармен бірге қайтарады. Бұл сіздің болашақ жұмысыңызға көмектеседі. Жұмысыңызды мұқият қарап шығыңыз, әсіресе жауап бергенде қиналған тұстарына айрықша назар аударыңыз.

Кітаптың әрбір тарауын түсінгеніңізге көз жеткізіңіз. Егер әлі де сұрақтарыңыз болса, олар жайлы нұсқаушыңызға жазып жіберіңіз. Сіздің оқылған материалды толықтай меңгергеніңіз маңызды.

## ОҚУ ӘДІСТЕРІ

### *1. График жасаңыз*

Кітапты түгелдей нәтижелі оқып шығу үшін аптасына қанша сағат оқитыныңызды анықтап алыңыз. Біз сізге аптасына кем дегенде үш сағаттан оқуға кеңес береміз. Оқуға неғұрлым көбірек уақыт бөлсеңіз, ол соғұрлым сізге тиімді болады.

Мұндағы ең бастысы - оқудың жүйелілігі. Оқу аралығына тым ұзақ үзіліс жасамаңыз. Бірде-бір материалды қалдырып кетпеу аса маңызды. Оқуды кейінге қалдырып немесе кейбір материалдарды оқымай тастап кетсеңіз, оларға қайта оралудың әлдеқайда қиынға соғатынын көресіз.

### *2. Оқыңыз және оқылғанды түсінуге тырысыңыз*

Сізге қажет болып қалуы мүмкін бірнеше қарапайым кеңестер мыналар: Құдайға сиынып, дұға етуден бастаңыз және Одан үйреткелі отырған Киелі сөзінің шындықтарын қабылдауға жүрегіңізді ашуын өтініп сұраңыз (Заб 118:18). Кітапты оқып-үйренуге кіріскенде, ең алдымен, сабақтардың тақырыптарын қарап шығыңыз. Содан кейін кем дегенде екі рет оқу материалын мұқият оқып шығыңыз: бірінші рет ол туралы жалпы түсінікке ие болу үшін; содан кейін асықпай, ойланып тағы бір рет оқыңыз. Киелі кітаптан келтірілген үзінділерге айрықша көңіл бөліңіз.

*Киелі кітапты оқып-үйрену өздігінен айрықша маңызды, ал сабақтың құрамдас бөлігі ретінде одан бетер.*

Сабақ материалын оқыған кезде, сіз әрбір абзацтағы

негізгі ойларды, сөздерді немесе сөз тіркестерінің астын сызып қоюыңызға болады. Осындай маңызды сәттер әрбір бөлімнің соңында жиі қорытынды ретінде беріледі. Соған көңіл бөліңіз. Беттің жиегіне белгілер жасаңыз, олар мәтінді қайтадан қарап шыққанда сізге көмектеседі. Оқу материалын Киелі кітаптағы мәтінмен салыстырыңыз.

Оқитын мәтінде неғұрлым қиын терминдерге түсіндірмелер берілген. Одан басқа сіз мүлдем білмейтін сөздер де кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда рухани терминдерден тұратын арнайы сөздіктерді қолданыңыз.

### *3. Барыниша тырысыңыз*

Өзіңіз жасаған графикке сай материалды жүйелі түрде оқып-үйренуді жалғастыра беріңіз.

Қателіктеріңізді уайымдамаңыз, маңыздысы солардан сабақ алу. Өткен материалды қаншалықты меңгергеніңізді тексеру жұмысыңыз толықтай көрсетеді.

Уақытты тиімді пайдалануды үйреніңіз. Оқу материалын қарап шығуға, еске сақтауға уақытыңызды аямаңыз, ол бекерге өтіп кетуі де мүмкін еді ғой.

### *4. Өзіңізді түпкі мақсатқа жетуге жұмылдырыңыз*

Шәкірт ретінде сіз Киелі кітапты үй жағдайында оқып-үйренуге шешім қабылдаған көптеген миллион адамнан тұратын топқа қосылдыңыз. Бұл оқу олардың көпшілігіне Құдайға әлдеқайда байыппен қызмет етуге жол ашты.

## **ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ТЕКСЕРУЛЕР**

Өзіндік тексеру әрбір сабақтың соңында берілген. Тексеруге арналған тапсырмалар бөлек дәптерге басылып шығарылған. Өзіндік тексеруді де, тексеру дәптерін де өткен материалды қайталау үшін қолдануға болады. Алайда тексеру дәптерін толтырған кезде (егер арнайы ескерту болмаса), сабақ материалын, Киелі кітапты және өзіндік жазбаларды қарауға рұқсат етілмейді.

Өзіндік тексеру оқу материалы бойынша берілген он пайымдаудан тұрады, соларға «дұрыс» немесе «қате» деп жауап беру қажет. Мұндай тапсырмалар оқушының тексеру жұмысын орындап, келесі тақырыпқа көшпес бұрын өз білімін бағалауына көмектеседі. Өзіндік тексерудің барлық сұрақтарының жауаптары кітап соңында берілген. Солармен қателерді түзетіп, дұрыс жауаптарды санауға болады.

Өзіндік тексеру жұмысын салып жіберудің қажеті жоқ. Оған өзіңіз баға беріңіз.

### **ОҚЫРМАҢДАРҒА АРНАЛҒАН БІРАУЫЗ СӨЗ**

Мәсіхтің елшісі Пауылдың уағыздау қызметі үлкен қалаларда – Иерусалимде, Антиохияда, Ефесте, Афинада, Қорынтта жүргізілді. Үлкен қалада мықты сенушілер қауымдарының пайда болуы Ізгі хабарды ауылдық жерлерге жеткізуге мүмкіндік берді. Алайда сол заманда күш-қуаты, ықпалдылығы жағынан Рим қаласымен салыстыра алатын басқа қала болды ма? Құдайдың қасиетті адамдарына Ізгі хабарды жеткізіп, оларды жігерлендіріп, сенушілер қауымдарының қатарын толықтыру үшін Пауыл Римге ұмтылды. Ол осы тілегін түрмеде отырғанда

жүзеге асырды. Құдайдың жетелеуімен Пауылдың жазған еңбегі Римдіктерге арналған хат осылайша пайда болды. Ол бүкіл Киелі кітаптағы ең маңызды шығармалардың бірі болып табылады.

Бұл жазбада сізге ұлы уағыздаушы Пауыл елшінің сөздерімен берілген Ізгі хабардың ең маңызды шындықтары ашылады. Осы шындықтар сіздің өміріңізге еніп, жүрегіңізден орын алсын.

## **САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:**

1. Пауыл және оның түпкі ой-ниеттері (Рим 1).
2. Күнәнің мәселесі (Рим 2,3)
3. Құтқарылу (Рим 3)
4. Сенім арқылы ақталу (Рим 4)
5. Адам және Мәсіх (Рим 5)
6. Жеңіс жолында (Рим 6)
7. Құлдық (Рим 7)
8. Азаттық (Рим 8)
9. Яһудилер жайлы (Рим 9-11).
10. Сүйіспеншілік заңды орындайды (Рим 12,13).
11. Әлсіз бауыр (Рим 14,15).
12. Адамдар және орындар (Рим 15,16).

## **БІРІНШІ ТАРАУ**

### **ПАУЫЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮПКІ ОЙ-НИЕТТЕРІ**

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*



Римдіктерге арналған хатты түсіну үшін оған сұрақтар мен жауаптардың тобы ретінде қарау ең қарапайымы болып көрінеді. Хатты жолдай отыра Пауыл елші өз оқырмандары тарапынан қандай сұрақтар мен қарсылықтардың тууы мүмкін екенін толық түсінген. Пауыл сондықтан да оларды кезекпен қарастырып, бүкіл хаттың Құдайдың жетелеуімен жазылғандығын айқын көрсететін толық қамтылған түсіндірме береді. Бұл хатта біздің Құдай туралы және Оның шындығы туралы ой-толғаныстарымызға Оның қалай жауап бергендігі көрсетілген.

Римдіктерге арналған хатты он бір басты сұрақ ретінде қарастырайық. Осы сұрақтар мен оларға берілген жауаптарды оқып шыққанда, оқып-үйренуші, ең кем дегенде, хат туралы жалпылама мәліметке ие болады. Сол сұрақтар мыналар:

1. Хаттың тақырыбы қандай?
2. Ізгі хабарды жариялау дегеніміз не?
3. Неліктен адамдарға Ізгі хабар керек?
4. Ізгі хабар бойынша күнәкарлар Киелі Құдайдың алдында қалайша ақталуға ие бола алады?
5. Ізгі хабар Таурат пен Пайғамбарлар жазбаларының тәліміне сай келе ме?
6. Ізгі хабар адам өмірінен қалай көрініс табады?
7. Ізгі хабар (тек сенім арқылы Құтқарылу жайлы ілім ретінде) күнәкар өмірді қолдай ма?
8. Ізгі хабар ізгілікті өмір үшін заңды сақтауға үйрете ме?
9. Мұндай жағдайда Исаға сенушіге әділ өмір сүру қалай ұсынылады?
10. Яһудилерге іспетті, өзге ұлт өкілдеріне де құтқарылуды жариялағанда Ізгі хабар Құдайдың өз халқы – яһудилерге берген уәдесін жоя ма?
11. Сенушілер күнделікті өмірде өздерін ақтау үшін

қандай куәліктер келтірулері керек?

Оқу барысында бірқатар жаңа мысалы, әділдік және ақтау сияқты, сөздер кездеседі. Алғаш рет кездескен кезде оларға түсіндірме беріледі, бұл студенттердің олардың мағынасын түсінулері үшін маңызды.

Сонымен, Римдіктерге арналған хатты біртіндеп қарастыруға кірісейік.

## **РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ ҚАНДАЙ?**

Бұл хаттың тақырыбы – Ізгі хабарды жариялау. Пауыл мұны хаттың басынан-ақ мәлімдейді. Өзін хаттың авторы ретінде ұсына отыра, ол Ізгі хабарды жариялауға Мәсіхтен бұйрық алғандығы жайлы жазады (1аят). Одан әрі біз «Ізгі хабарды жариядау» сөз тіркесін бірінші тараудың 9,14,16 аяттарынан көреміз.

## **ІЗГІ ХАБАР НЕМЕСЕ ІЗГІ ХАБАРДЫ ЖАРИЯЛАУ ДЕГЕН НЕ? (Рим 1:1-17)**

Бұл сұраққа жауапты сөздіктің көмегімен алуға болады. Онда бұл сөз «қуанышты хабар» деп түсіндірілген.

### **1. Бірқатар мәліметтер**

Бұл – Құдайдың Ізгі хабарын жариялау (1аят). Демек Ізгі хабарды жолдаушы – Құдай. Ізгі хабар адамнан емес. Ізгі хабарды Киелі жазбаларда Көне Келісім заманындағы пайғамбарлар алдын ала уәде етіп кетті (2аят). Пауыл мұны Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларына сеніп, Ізгі хабарды жаңадан шыққан жалған ілім деп есептеген яһудилер үшін баса айтса керек. Егер солар Заң 18:15

немесе Иш 7:14 аяттарға қараса, олардан Ізгі хабар жайлы айқын пайғамбарлық сөздерді тапқан болар еді.

Ізгі хабар – бұл Құдайдың рухани Ұлы Иеміз Мәсіх Иса жайлы қуанышты хабар. Шынында да Ізгі хабар жайлы айтылғандардың бәрі тәндік жағынан Дәуіттің әулетінен шыққан, өлімнен қайта тірілуі арқылы Құдайдың рухани Ұлы деп жарияланған керемет Тұлға жайлы баяндайды (4аят). Ол Құдайдан.

Ізгі хабар құтқарылуға арналған Құдайдың құдіреті (16 аят), Мәсіхке сенім артқан кез келген адамның құтқарылуының құралы.

Ізгі хабар барлық адамдарға – яһудилерге де, басқа ұлт адамдарына да арналған (1:16). Бұл аса маңызды жайт. Яһудилер (Пауыл оларға жиі уағыз айтатын) мұнымен келісе алмады. Сондықтан да Пауыл хатында жиі-жиі Ізгі хабардың барлық адамдарға да сыйланғанын баса көрсетіп, оны Киелі жазбалардан үзінді келтіріп дәлелдейді.

Ізгі хабар адамдардың тек сенім арқылы ғана құтқарылатынын жариялайды (1:17). Осы жерде біз Ізгі хабардың нағыз мәнісіне келеміз. Құдай адамдарға құтқаруды олардың істеріне бола емес, сенімдеріне бола береді.

## **2. Әділдікті талап ету**

Хаттың 17-аятында бірінші рет «әділдік» сөзі кездеседі (1:17). Осы жерге тоқталып, оны мейлінше толық қарастырайық. Інжіл шарифте бұл сөз бірнеше мағынада қолданылған, бірақ біз солардың тек үшеуін ғана зерттейміз.

Біріншіден, бұл сөз Құдайдың әрдайым әділ, дәлелді және дәл іс-әрекеттерін суреттеу үшін қолданылады. Құдайдың әділдігі жайлы айтқанда біз Онда ешқандай әділетсіздіктің, арамдықтың, өтіріктің жоқ екеніне меңзейміз. 17-аяттан Құдайдың әділдігінің Ізгі хабарда ашылатынын білеміз. Басқаша айтқанда, Ізгі хабар Құдайдың әділ екенімен қатар, сенбейтін күнәкарларды құтқара алатынын көрсетеді.

Екіншіден, Құдайдың әділдігі бұл жерде Құдай өз жаратылысынан талап ететін (Рим 10:3) мүлтіксіз жетілгендіктің кейпінде қолданылған. Құдай әділ. Ол Өзімен бірге жұмақта болғысы келетіндерден де соны талап етеді. Алайда кейінірек көзіміз жететініндей, адам өз күшімен әділдікке қол жеткізе алмайды.

Ең соңында, Құдайдың әділдігі Оның алдында әділ болуға қатысты. Ол әділдігімен Өзінің рухани Ұлы Иеміз Мәсіх Исаға сенімін артқандардың бәрімен бөліседі (Қор2 6:21). Бұл біздің Иса арқылы Құдай алдында әділ болатынымызды білдіреді. Құдай жеке басының әділдігі жоқ адамдарды әділ деп қабылдайды, өйткені Ол солардан Мәсіхтің мүлтіксіз жетілгендігін көреді.

Хаттың алғашқы 17аятында Пауыл оның тақырыбын анықтайды және одан кейінгі аяттарда толықтай берілген кейбір негізгі жайттарды қысқаша кірістіреді.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 1:1-17**

### **Бірінші тарау**

<sup>1</sup>Иса Мәсіхтің қызметшісі Пауылдан дұғай сәлем. Мәсіх мені елші болуға шақырып, Құдайдың Ізгі хабарын жариялауға бағыштап тағайындады. <sup>2</sup>Осы хабарды

жіберемін деп Құдай ежелде Өзінің пайғамбарлары арқылы Киелі жазбаларда уәде берген болатын. <sup>3</sup>Бұл Ізгі хабарда Құдайдың рухани Ұлы туралы сөз болады. Ол адам ретінде Дәуіт пайғамбардың әулетінен шыққан еді. <sup>4</sup>Ал Оның құдайлық қасиетіне келсек, Құдай Оны қайта тірілтуі арқылы Өзінің рухани Ұлы екенін зор құдіретпен дәлелдеді. Ол - Иеміз Иса Мәсіх. <sup>5</sup>Құдай өз рақымымен бізге Мәсіхтің арқасында және Оның атының даңқы үшін елші болуды әрі барлық ұлттардың адамдарын Оған сеніп, мойынсұнуға шақыруды тапсырды. <sup>6</sup>Сол адамдардың ішінде сендер де барсыңдар, себебі Құдай сендерді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға шақырды. <sup>7</sup>Мен сәлемімді Құдайдың Римдегі барлық сүйіктілеріне, яғни Оның қасиетті халқы болуға шақырылғандарға, жолдаймын. Сендерге Құдай Әкеміз және Иеміз Иса Мәсіх рақымын жаудырып, амандық пен тыныштық сыйлайберсін! <sup>8</sup>Сендердің сенімдерің туралы хабар әлемнің шартарабына тарап жатқандықтан, ең алдымен бәрің үшін Иса Мәсіх арқылы Құдайыма ризашылығымды білдіремін. <sup>9</sup>Мен Құдайдың рухани Ұлы туралы Ізгі хабарды жариялап, шын жүрегіммен қызмет етіп жүрмін. Құдайдың Өзі мынаған куә: Оған сиынған сайын сендерді үнемі еске аламын; <sup>10</sup>Оның еркімен маған енді қастарыңа баруға жол ашылса екен деп мінажат етемін. <sup>11</sup>Себебі өздеріңді көруді қатты аңсаудамын. Сендерді күшейту үшін рухани дарындарыммен бөліссем, <sup>12</sup>яғни сендермен болған кезімде Құдайға деген ортақ сенімімізді өріп, бір-бірімізді жігерлендірсек деймін. <sup>13</sup>Қымбатты бауырластар, сендерге шынын айтайын: өздеріңе бірнеше рет бармақшы болдым, бірақ әр жолы маған әлдене бөгет болып отырды. Өзге жерлердегі басқа ұлттардың арасында болғанымдай, мен сендердің де араларыңда еңбек етіп, соның рухани жемісін көргім келеді. <sup>14</sup>Гректер мен басқа ұлттарға, білімділер мен білімсіздерге Ізгі хабарды жариялау - менің парызым. <sup>15</sup>Сондықтан Римде тұратын сендерге де

оны уағыздауға деген ықылас менде жетерлік. <sup>16</sup>Мен Ізгі хабар үшін еш ұялмаймын, ол — Мәсікке сенетін барлық адамдарды, алдымен яһудилерді, сондай-ақ басқа ұлт адамдарын да құтқаратын Құдайдың құдіреті! <sup>17</sup>Себебі Құдайдың адамдарды ақтау жолы мынадан білінеді: ол басынан аяғына дейін сенімді қажет етеді. Пайғамбарлар жазбаларында мына тәрізді сөздер бар ғой: Сенімі арқылы ақталған адам шынайы өмір сүреді.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін тексеру дәптерін толтырыңыз.*

### **№1 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Рим. арн. хат адамның Құдайға және Оның шындығына деген қарым-қатынасын қарастырады (...бет) Д Қ
2. Басқа да сұрақтармен қатар Рим. арн. хат сенім арқылы құтқарылу сенушілердің күнәкар өмір сүруін жалғастыра бере ме деген тақырыпты да қозғайды (... бет) Д Қ
3. Пауыл өзін хаттың авторы етіп көрсетпейді (... бет) Д Қ
4. Алғашқы он жеті аятта Пауыл хатының тақырыбын төрт рет көрсетеді (... бет) Д Қ

5. Ізгі хабар тіркесі сөзбе-сөз «жақсы хабар» дегенді білдіреді (... бет) Д Қ
6. Ізгі хабар Киелі жазбалармен еш байланысы жоқ жаңа хабар болып, табылады. Д Қ
7. Ізгі хабардың тек өздеріне ғана емес, басқа ұлттық адамдарға да арналғанына яһудилер қуанды (...бет) Д Қ
8. Құдай өзімен бірге жұмақта болғысы келетіндерден мүлтіксіз әділдікті талап етеді (... бет) Д Қ
9. Құдай адамдардан талап ететін әділдікке ізгі істермен қол жеткізуге болады (... бет) Д Қ
10. Пауыл римдіктерге шынайы әділдікке тіпті Тауратта және Пайғамбарлар жазбаларында сенім арқылы қол жеткізілген деп жазады (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **БІРІНШІ ТАРАУ – ПАУЫЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮПКІ ОЙ-НИЕТТЕРІ**

1. «Ізгі хабар» деген ұғымның мағынасы қандай? Бұл ұғым Рим 1:1-6 аяттармен қалайша байланысқан?
2. Пауылдың 16-аятта білдірген көзқарасын неліктен біздің де ұстануымыз маңызды?
3. Сөздіктен «әділ» сөзінің мағынасын қараңыз. Егер бәріміз де күнәкар болсақ, біз қалай әділ бола аламыз?

4. 5,17 аяттарды қарап шығыңыз. Солардан Мәсіх Исаға деген сеніміміздің нәтижелері туралы біз не білеміз?

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### КҮНӘНІҢ МӘСЕЛЕСІ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Өткен сабақта біз «Ізгі хабар не?» деген сұрақты талқыладық. Одан әрі біз Ізгі хабардың Құдайдан келгенін, Киелі жазбаларда сол туралы алдын ала уәде берілгенін және Мәсіх Иса арқылы іске асқанын көреміз. Ол сенушілерді Құдай алдында әділ ететін құдіретті күш. Осы тарауда басқа сұрақ талқыланатын болады.

### ІЗГІ ХАБАР АДАМДАРҒА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ? (Рим 1:18-3:20)

Оған былай деп қысқаша жауап беруге болады: барлық адамдар да күнәкар. Ендеше Құдайдың қаһарына ұшырайды. 18-аятта былай делінген: «Құдай көкпен адамдардың барлық азғындығы мен әділетсіздігіне қарсы өз қаһарын білдіреді. Себебі олар әділетсіз істері арқылы шындықты аяққа басады». Бұл Ізгі хабарсыз адамзаттың сотталып, тозақта азап шегуге үкімделгенін білдіреді.

#### 1. Басқа ұлттық адамдар (1:18-31)

Осы заманғы сенушілердің жақсы көретін қарсылығы мына сұрақ болып табылады? «Иса туралы ешқашан



естілмеген халықтармен қалай болады?» Бұған жауап 19-32 аяттарда.

Кез келген адам қоршаған ортаны бақылай отыра Құдайдың бар екендігіне көз жеткізе алады (19-20 аяттар). Құдайдың ұлы құдіреті жайлы күн, ай, жұлдыздар, адамның денесі, жануарлар мен өсімдіктер әлемі және басқа да көптеген жаратылыс айтады. Құдай Өзін адамдардың Жаратушы деп мойындап, Құдай ретінде Оның даңқын асырып, жаратқаны және жан тыныштығында аман-есен сақтап келе жатқаны әрі барлық жарылқаулары үшін шүкіршілік айтқандарын қалайды. Мәселе адамның Құдайдың жаратушылық құдіретін жоққа шығарғандығында (1:21-22). Сондықтан Оны ақтауға болмайды. Жалғыз шынайы Құдайға табынудың орнына, олар ажалды пенденің, құстың, төрт аяқты не бауырымен жорғалаушы жануардың мүсіндеріне құлшылық ететін болды (1:23).

Әрине мұндай тәңірсымақтар адамды әділ өмір сүруге дем беріп жігерлендіре алмайды. Қайта керісінше адамдар жалған құдайларға қызмет етеді, жазаланамыз деп қорықпай күнә жасайды. Олар өздерінің азғын қалауларын қанағаттандыратын өмір сүруге құлшынып, шынайы Құдайды ағаштан жасалған пұттармен ауыстырды. «Сондықтан да Құдай оларды көңілдері ынтыққан азғындықтың былығына батырып жіберді» (1:24). Адам одан бетер азғындыққа салынып, пұтқа табынушылықтың түнегіне ене түсіп, 26-27 аяттарда суреттелген жыныстық азғындыққа дейін барды. Сол сәттен бастап оның өмірі 29-31 аяттарда аталып өткен жексұрын күнәларға толды, бұдан да жаманы ол өзгелерді осылардан үлгі алуға шақырды.

## 2. Яһудилер (2:1-3:8)

Осылайша басқа ұлт адамдарының өлгенін көрсете отыра, Пауыл яһудилердің тарихын қарастыруға көшеді (2:1-3:8). Құдай Таурат заңын сыйлаған халық қарғысқа ұшырамайтындай болып көрінеді. Алайда, олай емес, күнә жасап яһудилер де өлді. Басқа ұлттың көршілерін айыптай тұра яһудилердің өздері солардікіндей күнә жасады (2:1). Сол үшін Құдай оларды бірден жазаламағандықтан, олар Оның қаһарынан құтылармыз деп үміттенді (2:3). Ал шын мәнісінде Құдай оларға теріс жолдарынан қайту үшін уақыт берді (2:4), алайда яһудилер күнә жасауларын жалғастыра беріп, Құдайдың соты күніне дейін күнәларының санын көбейте түсті (2:5).

Құдайдың соты күмәнсіз болады. 2:2-16 аяттарда Құдайдың әділ сотының негіздері туралы қағидалар берілген. «Тәңір алдында игілікті істерінен таймай, ұлылыққа, құрметке және өз есімін мәңгі өшірмеуге тырысқан кісіге Ол мәңгілік өмір сыйлайды» (2:7). Бірақ бұдан құтқарылуға осылайша қол жеткізуге болады деп қорытуға болмайды. Керісінше 3:19-20 аяттарда игі істер арқылы құтқарылудың мүмкін еместігі біртіндеп дәлелденген.

Құдайдың соты бөтен ұлт адамдары үшін де, яһудилер үшін де бірдей қатал, Құдай ешкімнің бет-жүзіне қарамайды (2:11).

Таурат заңы берілгендер, сол заң бойынша сотталады (2:12). Таурат заңы жоқ басқа ұлттар ненің жақсы, ненің жаман екенін білдірген өздерінің ар-ұждандарына сай сотталады (2:14-15).

Яһудилер өздерінің Құдаймен ерекше байланыста

екендіктеріне мақтанды (2:17-20), алайда өзгелерге үйреткендерін өздері ұстанбайды (2:21-23), басқа ұлттардың арасында соларға бола Құдайдың аты қорланды (2:24). Олар мынаны ұғынулары қажет, егер адамның өмірі Киелі Рух арқылы жаңартылмаған болса, сүндеттелу сияқты діни рәсімдердің еш мәнісі болмайды (2:25-29).

Олай болса, яһуди болудың артықшылығы не (3:1)? Артықшылығы бар. Бастысы яһудилерге Құдайдың сөзі сеніп тапсырылды (3:2). Өзіне адал болмағанына қарамастан Құдай Исраилге берген уәдесінен таймайды. Алайда Ол күнәлары үшін яһудилерді жазалайды (3:3-8).

### **3. Күмәнсіз қорытынды 3:9-20**

Мұнан шығатын қорытынды қандай? Барлық адамдар – яһудилер де, басқа ұлттың адамдары да күнәкарлар. Киелі жазба адамдардың барлығының да күнәнің билігінде екенін, «бірде-бір әділ кісі жоқ», екенін айтады (3:10-12). Сондай-ақ күнәнің біздің барлық дене мүшелерімізді тамақ, тіл, ерін, ауыз, аяқтарымыз бен көздерімізді де бүлдіргенін айтады (3:13-18). Таурат заңы соған бағынышты яһудилерді айыптайды, осылайша ол бүкіл адамзатқа айып тағып, соттайды. 19 аятта яһудилердің Құдай үшін бүкіл адамзаттың үлгісі болғаны айтылған. Сол үлгіні заңмен сынап, Құдай оның соған сай еместігін көрді. Сондықтан да Ол бүкіл адамзатты күнәкар деп жариялады. Заң бүкіл адамдардың кінәсін ашты, ендеше заңның ережелерін орындау арқылы ақталу мүмкін емес.

## КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 1:18-3:20

### Бірінші тарау

<sup>18</sup>Құдай көктен адамдардың барлық азғындығы мен әділетсіздігіне қарсы өз қаһарын білдіреді. Себебі олар әділетсіз істері арқылы шындықты аяққа басады. <sup>19</sup>Құдай туралы білуге болатын шындық адамдарға белгілі, мұны оларға Оның Өзі білдірген. <sup>20</sup>Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды.

<sup>21</sup>Олар Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік еткен жоқ. Керісінше, адамдар түкке тұрғысыз ойға берілді. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналды. <sup>22</sup>Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шықты. <sup>23</sup>Осылай олар мәңгі тірі Құдайдың ұлылығына табынудың орнына ажалды пенденің, құстың, төрт аяқты не бауырымен жорғалаушы жануардың мүсіндеріне құлшылық ететін болды.

<sup>24</sup>Сондықтан да Құдай оларды көңілдері ынтыққан азғындықтың былығына батырып жіберді; осылай олар өз тәндерін өздері қорлауда. <sup>25</sup>Өйткені адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынып келеді. Жаратушы Иеге бас ұрып ғибадат етудің орнына жаратылған нәрселерге құлшылық етеді. Ал Жаратушы Құдай мәңгілік мадақталуға лайық! Аумин.

<sup>26</sup>Сол себептен де Құдай адамдарды өздерін қорлайтын құмарлықтарға батырып жіберді. Араларындағы кейбір

әйелдер табиғи жыныстық қатынасты табиғи емес қатынаспен ауыстырды. <sup>27</sup>Дәл солай кейбір еркектер де әйелдерімен табиғи қатынасты қойып, бір-біріне құмарлықпен ынтығып, азғындық істейтін болды. Олар тура жолдан тайып кеткендіктерінің тиісті жазаларын өз бойларында тартып жатты.

<sup>28</sup>Бұған қоса мұндай кісілер Құдайды танудың қажеті жоқ деп шешті. Сондықтан Ол соларды бұзық пейілдерінде қалдырып, ұятты нәрселер істеуге тастады.

<sup>29</sup>Олардың тұла бойлары тұнған әділетсіздік, бұзықтық, дүниеқорлық, залымдық, қызғаншақтық, кісі өлтіруге құмарлық, даукестік, алдамшылық және арам ниеттілік.

<sup>30</sup>Олар жасырын жамандап, ашық та өсектегіш, Құдайды жек көретін, күш көрсеткіш, өркөкірек, мақтаншақ, жамандықты ойлап тапқыш, ата-анасын сыйламайтын,

<sup>31</sup>санасыз, опасыз, тасбауыр, мейірімсіз жандар.

<sup>32</sup>Осындай күнәлар жасағандардың тартатын жазалары - өлім деген Құдайдың әділ үкімін сол адамдар біледі. Әйтсе де олар бұларды өздері істеп қана қоймай, солармен айналысатын басқаларды мақұлдап та отырады.

## **Екінші тарау**

<sup>1</sup>Сондықтан, ей, басқаларды айыптаушы адам, кім болсаң да, сен ақтала алмайсың: өзге біреуге айып тағып тұрып өзіңе үкім айтасың! Себебі оны айыптаған сен де сол сияқты күнәлар жасайсың. <sup>2</sup>Ал сондай істермен айналысатындарды Құдай әділдікпен соттайтынын білеміз. <sup>3</sup>Ей, пенде, егер өзің де айналысқан жаман істер үшін басқаларды айыптасаң, сонда қалай, Құдай сотынан құтылам деп ойлайсың ба? <sup>4</sup>Әлде сен Құдайдың мейірім көрсетіп, өзінді теріс жолдан қайтарғысы келетінін

ұқпай, Оның мол мейірімділігін, сабырлылығын және шыдамдылығын менсінбейсің бе?

<sup>5</sup>Бірақ сен жүрегіңді қасарыстырып теріс жолдан қайтудан қыңырлана бас тартасың. Осылай Құдайдың қаһары төгіліп, әділ үкімі жарияланатын күні өзін тартатын жазанды ауырлатасың. <sup>6</sup>(Киелі жазбада мына тәрізді сөздер жазылған:) Құдай әркімге істеген ісіне қарап қарымтасын қайтаратын болады. <sup>7</sup>Тәңір алдында игілікті істерінен таймай, ұлылыққа, құрметке және өз есімін мәңгі өшірмеуге тырысқан кісіге Ол мәңгілік өмір сыйлайды. <sup>8</sup>Ал өзімшіл болып, шындыққа емес, әділетсіздікке мойынсұнып жүргендерді Құдайдың зор қаһары күтіп тұрады. <sup>9</sup>Жамандық істеген әркімді - алдымен (Құдайдың таңдап алған халқынан шыққан) яһудиді, сондай-ақ басқа ұлт адамын да азап пен қысым күтіп тұр. <sup>10</sup>Ал игілік істейтін әркімді - алдымен яһудиді, сондай-ақ басқа ұлт адамын да ұлылық, құрмет, амандық пен тыныштық күтіп тұр. <sup>11</sup>Себебі Құдай ешкімнің бет-жүзіне қарамайды.

<sup>12</sup>Таураттағы Құдайдың заңын білмей күнә жасағандарға сол заң қолданылмай-ақ тозаққа үкім шығарылады. Ал Таурат заңын біле тұра күнә жасағандар сол заң бойынша сотталады. <sup>13</sup>Заңды тек естігендер емес, оны орындап жүргендер ғана Құдай алдында ақталады. <sup>14</sup>Таурат заңы жоқ басқа ұлттар өз еріктерімен оның талаптарын орындаса, онда олар өздерінің сол заңсыз-ақ не істеп, не қою керек екенін білетіндіктерін көрсетеді. <sup>15</sup>Осы арқылы олар Таурат заңының талаптарының өз жүректерінде жазулы екенін дәлелдейді. Бұған олардың ар-ұждандары куә. Демек, оларды іштей қаралайтын немесе ақтайтын осы ұждандарынан туған ойлары соған куә. <sup>16</sup>Ал адамдардың бәрінің жасырын істері мен ойларына үкімді Құдай қиямет соты күні Иса Мәсіх арқылы шығарады.

Мен уағыздап жүрген Ізгі хабар осыны білдіреді.

<sup>17</sup>Сен яһуди екенінді айта жүріп, Таурат заңына сүйеніп, Құдаймен ерекше байланыста тұрғаныңа мақтанасың ба?

<sup>18</sup>Оның еркін білесің, Таураттан тәлім алып, ненің жақсы-жаман екенін анықтай аласың. <sup>19</sup>Өзіңді соқырларға жетекшімін, қараңғыда адасқандарға жарықпын, <sup>20</sup>надандарға тәрбиешімін, сәбидей білімсіздерге ұстазбын деп ойлайсың. Өйткені Таураттан нақты білім мен шындықты таптың.

<sup>21</sup>Сонымен, сен басқаларды үйретіп жүрсең де, қалайша өз іліміңді өзің ұстанбайсың?! «Ұрлама» дей тұра ұрлағаның не? <sup>22</sup>«Неке адалдығын бұзба» дей тұра оны өзің бұзғаның қалай? Жалған тәңірлердің мүсіндерін жек көресің, алайда неліктен өзің Құдайға тиісті құрметті көрсетпейсің? <sup>23</sup>Таурат заңымыз бар деп мақтанғанмен сол заңды бұзып, Құдайды қорлайсың! <sup>24</sup>Сол сияқты Пайғамбарлар жазбаларында мына тәрізді сөздер айтылған: Басқа ұлттардың арасында сендерге бола Құдайдың аты қорланады.

<sup>25</sup>Ал сүндет рәсіміне келетін болсақ, егер де Таурат заңын қалтқысыз орындап жүрсең, ол рәсім пайдалы болар еді. Бірақ сүндеттелген сен бұл заңды бұзып жүргендіктен, сүндеттелмеген басқа ұлтадамынан сенің қай жерің артық?

<sup>26</sup>Егер сол адам Таурат заңының талаптарын орындап жүрсе, өзі сүндеттелмеген болса да, сүндеттелген болып есептелмей ме? <sup>27</sup>Ей, яһудилер, сондықтан да басқа ұлт адамдары сендерді айыптайтын болады. Сендер Тауратты және сүндеттеу рәсімін ұстанғандарыңа қарамастан, заңды бұзып жүрсіндер, ал олар сүндеттелмеген болса да, кейбіреулері оның талаптарын орындайды.

<sup>28</sup>Сырт бейнесінде емес, жан дүниесінде Құдайдың

адамы болған ғана Оның таңдаулы халқына жатады. Сондай адамның сүндеттелуі сырттай, яғни тәнінде, ғана емес, жан дүниесінде болу керек. Бұл рухани жаңартылу жазылған заңнан емес, Киелі Рухтан пайда болады. Ондай кісіні адам баласы емес, Құдайдың Өзі мадақтайды.

## Үшінші тарау

<sup>1</sup>«Олай болса, яһуди болудың артықшылығы не? Сүндеттелудің пайдасы қандай?» (деп сұрауларын мүмкін.) <sup>2</sup>Әрине, яһудилердің қай жағынан болса да артықшылықтары бар. Ең алдымен, Құдайдың сөзі ата-бабаларымызға сеніп тапсырылды. <sup>3</sup>Рас, олардың біразы Құдайға адал болған жоқ.

«Ал олардың адал болмағандығы Құдайдың өз уәдесіне деген адалдығын жоя ма?» <sup>4</sup>Жоқ, мүлдем олай емес! Керісінше, адамдардың барлығы бірдей өтірікші болса да, Құдай берген сөзінен таймайды. Бұл туралы Забурда мынадай сөздер жазылған: Осылай айтқандарыңның әділ екені көрінеді, Сен айыпталғанда жеңімпаз болып шығасың.

<sup>5</sup>«Егер біздің әділетсіздігіміз арқылы Құдайдың әділдігі айқындала түссе, не деуіміз қажет? Онда Құдай бізге қаһарын төккенде әділетсіз болып шықпай ма?» Мұны адамдық тұрғыдан айтып отырмын. <sup>6</sup>Жоқ, мүлдем олай емес! Құдай әділетсіз болса, қалайша әлемді Соттаушы бола алар еді?

<sup>7</sup>«Егер мен әділетсіздік жасаған сайын Құдайдың адалдығы мадақталып, Оның даңқы артатын болса, онда неге мен әлі де күнәкар деп айыпталамын?» (деп қайсыбіреудің айтуы да мүмкін.) <sup>8</sup>Әлде «Жақсылық шықсын деп жамандық істей берейік» деуге бола ма?



Жоқ, болмайды! Ал кейбіреулер бізді осылай тәлім берді деп жала жауып жүр. Олар Тәңірдің үкіміне лайық

<sup>9</sup>«Сонымен қалай болды? Басқалардың алдында (яһуди халқынан шыққан) біздердің артықшылығымыз бар ма?» Жоқ, ешқандай! Яһудилер де, басқа ұлттың адамдары да бірі қалмай күнәнің билігінде екенін жоғарыда дәлелдедік.

<sup>10</sup>Киелі жазбаларда бұл туралы мына тәрізді сөздер бар: Бірде-бір әділ кісі жоқ, <sup>11</sup>ақылды ешкім де жоқ, Құдайға бет бұратын да жоқ. <sup>12</sup>Бәрі тайып кетті теріс жолға, әбден бұзылып кетті бірігіп барлығы да. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да. <sup>13</sup>Арандары олардың көрдей ашық, майда тілдерімен айтады жалғандық. Сұр жыланның уы тілдерінен тамады. <sup>14</sup>Ауызынан шыққандар: қарғыс, өтірік, жалғандық. <sup>15</sup>Аяқтары жазықсыз қан төгуге асығады. <sup>16</sup>Олар жүрген жерлерін қиратып, азап шеккізеді. <sup>17</sup>Татулық дегенді олар білмейді. <sup>18</sup>Құдайды қастерлейтін ниеттері жоқ.

<sup>19</sup>Ал Таурат заңының күллі ережелері оған бағынышты адамдар үшін күшінде екенін білеміз. Сондықтан (басқа ұлттардың да, яһуди халқының да) барлық адамдары ешбір сылтау таппай, үндері өшеді. Осылай бүкіл адамзат та Құдай алдында күнәлі болып, сотталатын болады. <sup>20</sup>Себебі Таурат заңын орындау арқылы бірде-бір адам Құдай алдында ақтала алмайды. Керісінше, сол заң адамның күнәлі екенін әшкерелейді.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

## №2 өзіндік тексеру

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Барлық адамдар да күнәкар, ендеше Құдайдың қаһарына ұшырайды (...бет) Д Қ

2. Құдай жаратқанда өздеріне сыйлаған нұрдан бас тартқандықтан басқа ұлттық адамдар өлді (... бет) Д Қ

3. Қолдан жасалған құстар мен жануарлардың мүсіндеріне құлшылық ету жалған тәңірлерге табыну болып табылады, бірақ Құдайдың қасиеттілері мен періштелерге табынуға Құдай рұқсат еткен (... бет) Д Қ

4. Өздеріне лайықты түрде табынғанда жалған тәңірлер шынайы табынуды туындатып, әділ өмірге жетелей алады (... бет) Д Қ

5. Құдай Таурат заңын табыстағандықтан, яһудилер Құдайдың бүкіл адамзатқа берген қарғысынан азат (... бет) Д Қ

6. Құдай сотының қағидаларының біреуі оның атқарған істерге сай жүргізілуі (...бет) Д Қ

7. Рим 2:7-10 құтқарылуға игілікті істермен ие болуға болады деп үйретеді (...бет) Д Қ

8. Құдайдың соты сондай-ақ адамның ар-ұжданын да қамтиды (... бет) Д Қ
9. Киелі кітап күнә адамның дене мүшелеріне де әсер еткен деп үйретеді (... бет) Д Қ
10. Құдай үшін яһудилер бүкіл адамзаттың үлгісі болды (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ЕКІНШІ ТАРАУ КҮНӘНІҢ МӘСЕЛЕСІ**

1. Қоршаған әлем Құдайдың болмысы мен күшін қалайша көрсетеді.
2. Сіз неліктен кейбір адамдар өздерін Жаратқан Құдайдан гөрі, өздері қолдан жасап алған жалған тәңірлерге құлшылық еткенді жақсы көреді деп есептейсіз? Неліктен бұл ақымақтық? Рим 1:24-32 аяттарда айтылған күнәларды жасайтындарды не күтіп тұр?
3. Рим 2:8 аятта бізді бас тартпай, мойынсұнуға шақырған шындықтың мәнісі неде?
4. Рим 2:11 аяттағы Құдайдың таңдаулы халқы яһудилер мен өзге ұлттық адамдарға айтылғандардың нәтижелері туралы ойланыңыз? Сізді қоршаған әлемдегі қай елдермен қай халықтарды яһудилермен салыстыруға болады?
5. 2:13 берілген қағидалар туралы сөйлесіңіз.
6. Жар 17: 9-11 аяттардағы сүндеттеудің мағынасы

қандай және оны Рим 2:29 аятта айтылғанмен қалайша салыстыруға болады?

7. Рим 3:10-20 аяттардан қандай да болмасын бір жұбаныш таба аласыз ба?

Одан әрі оқыңыз, әрбір күнәкар үшін үміт бар!

## ҮШІНШІ ТАРАУ

### ҚҰТҚАРЫЛУ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Римдіктерге арналған хатты оқып-үйрену барысында біз барлық адамдардың күнәкар екенін, содан да өздеріне Құдайдың қаһарын тудыратынын көрдік. Құдай әділ, Оның күнә үшін белгілеген жазасы өлім. Енді осы аса маңызды сұрақты қарастырып көрейік:

### **КИЕЛІ ҚҰДАЙ КҮНӘКАРЛАРДЫ ҚАЛАЙША АҚТАЙ АЛАДЫ? (Рим 3:21-31)**

Пауыл хатында осы сұраққа жауап беріп, ақталу жайлы ілімді ұсынады. Бұл өте маңызды бөлік, онда қолданбалы шындық ықшам формада берілген. Алайда оны оқып-үйренуге кіріспес бұрын «ақталу» сөзінің мағынасын, оның Інжілде қалай берілгенін қарастырайық.

## 1. Ақталу деген не?

Ақталу – егер күнәкар Иеміз Мәсіх Исаға сенімін артса, Құдайдың оны Көктегі Патшалығына лайықты деп тапқан әрекеті.

Бұл сенуші кінәратсыз әділ адамға айналды дегенді білдірмейді. Дұрысы, Құдайдың өзі оған әділдіктің шапанын жауып, Мәсіхтің ісіне бола Өзіне қабылдайды. Құдай күнәкардан Мәсіхтің әділдігін көреді.

Кейбіреулер ақталу өткен кезеңдегі барлық күнәларды жуады деп есептейді. Басқалар мұны «өлім» деп түсінеді. Бұл пікірлердің екеуі де дұрыс: олар Мәсіхтің біздің күнәларымыздың құнын төлегенін білдіреді. Алайда ақталу енді күнәкар Мәсіх арқылы Құдайдың алдында әділ, әрі Құдайдың алдында мүлтіксіз күйде деген мағынаны да қамтиды.

А. Т. Пирсонның пікіріне сай, күнәкарды ақтағанда, Құдай іс жүзінде әділ еместерді солай деп атайды. Құдай адамға оның жасаған күнәларын артпайды, мүлдем бойында жоқ әділдікті онда бар деп есептейді.

Бірақ та бұл Құдай күнәға көнді әрі сенушінің жаман қылықтарына төзеді дегенді білдірмейді. Алдымен Ол адамдарды қасиеттілер санатына «енгізеді», содан кейін оларды қасиетті ете «бастайды». «Қасиетті ету» деген атаумен белгілі бұл үрдіс адам Құдай Патшалығында жан тыныштығына енгенге дейін созылады.

## 2. Ақталудың әрекеті

Осы тамаша шындық жайлы Пауылдың не айтатынын мұқият қарастырайық. Алдымен біз 3:21 аяттан

Құдайдың шындығының ашылғанын білеміз. Яғни әділ Құдайдың Өзі мұны ашты, Ол күнәкарларды да әділ етеді. Мұнда заң жүрмейді. Адамдардың ақталуы не он өсиетті орындағаны үшін, не өздерінің күшімен де емес. Бұл жайлы Таурат заңы да, Киелі жазбалардың пайғамбарлары да куәлік келтірген. Ақталу «Иса Мәсіхке деген сенім арқылы» (3:22). «Ешқандай айырмашылықсыз барлығына» берілген Құдайдың күнәкарларды ақтау жолы, міне, осы (3:22). Бұл жерде басқа ұлт адамдары мен яһудилердің арасында еш айырмашылық жоқ – ол күнә жасап, Құдайдың әділдігіне мұқтаж болған адамдардың бәріне ұсынылып, Иемізге сенім артқандардың бәріне сыйланады (3:22-23). Адамдар «Құдайдың рақымымен тегін» ақталады (3:24). Бізге өзіміз тер төгіп қол жеткізбеген құтқарылуымыздың төлемін төлеудің қажеті жоқ. Құдай тек Өзінің сүйіспеншілігі мен рақымына сай бізді ақтайды.

Ақталу «барлық адамның төлемін төлеген Мәсіх Иса арқылы» іске асады. Құдайдың адамдарды құтқаруының негізі осы. Құдай күнәні кешіре алмайды, Таурат заңы күнәкарлардың өлімін талап етеді. Сонда Құдай Өзінің кінәратсыз рухани Ұлын күнәкар адамдардың орнына өлуге жіберді. Иса Өзін сеніммен қабылдағандардың барлығының төлемін төледі. Ол Өзінің қаны төгіліп құрбан болғандығына сенгендердің бәрі үшін құрбандық болды (3:25). Осылайша Оның баға жетпес қанының төгілуімен Құдайдың әділ талабы орындалды. Енді Құдай Құтқарушыны қабылдағандардың бәрін кешіре алады.

Ізгі хабар бұдан әрі Құдайдың күнәні қалай кешіргенін түсіндіреді (3:25). Ғолғотадан бұрынғы, оған дейінгі күнәлар кешірілді. Олар Мәсіхтің құрбандық өлімі арқылы кешірілді, ал Оның құрбандық өлімі әлдеқайда кешірек орын алды. Көне Келісім заманында өмір

сүрген сенушілер сеніммен Ғолғотаға қарай ұмтылды, ал ол біз үшін әлдеқашан өткен кезеңде болып кетті. Сонымен біз Құдайдың барлық Мәсіхке сенушілерді қалай ақтай алғанын көреміз. Ол әділ (3:26). Құдайдың әділдігі күнәкарлардың өлгенін талап етті, ал Оның сүйіспеншілігі өлгендерді құтқаруға ұмтылды. Өзінің рухани Ұлын адамдардың орнына өлімге жіберуімен Құдай бұл мәселені шешті. Мұндай құтқарылу адамдар тарапынан кез келген мақтанышты болдырмайды (3:27). Егер игілікті істер арқылы құтқарылуға болатын болса, онда мақтануға себеп табылар еді. Бірақ Құдайға деген сенімді еш нәрсемен ауыстыруға болмайды.

«Сонымен біз адам заң бойынша жасаған игі істері арқылы емес, сенімі арқылы ғана ақталады деген қорытындыға келеміз» (3:28). Ақталу яһудилермен қатар, басқа ұлт адамдарына да сыйға беріледі (3:29). Ізгі хабар Құдайдың заңын күшінен айырмайды (3:31). Құдайдың заңы толықтай мойынсұнуды немесе заңды бұзған кез келген адамның өлтірілуін талап етеді. Барлығы да заңды бұзғандықтан өлімге кесілген еді. Алайда көріп отырғанымыздай заңның талабын орындау үшін Мәсіх күнәкарлардың орнына өлді. Осылайша, сенім арқылы құтқарылуды уағыздай отыра, біз заңды бекітеміз, өйткені оның басты талабы орындалды.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 3:21-31**

### **Үшінші тарау**

<sup>21</sup>Ал енді Құдайдың адамдарды ақтау жолы көрсетілді. Бұл жолға заңды ұстанудың қатысы жоқ. Ол туралы Таураг пен Пайғамбарлар жазбалары білдірген еді.

<sup>22</sup>Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де Иса

Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды. Себебі бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ: <sup>23</sup>бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды. <sup>24</sup>Бірақ олар Құдайдың рақымымен Мәсіхтің бұлардың төлемдерін төлеп, құтқарғанының арқасында тегін ақтала алады.

<sup>25</sup>Құдай Мәсіхті күнәлардың құнын өтеуші құрбандық етіп көрсетті: Соның қаны төгіліп құрбан болғандығына сенгендерді Құдай кешіреді. Құдайдың әділдігі осы арқылы айқын көрінеді. Себебі Ол бұрыннан бері шыдамдылық көрсетіп, адамдарға күнәларына лайықты жазаларын дереу тартқызбай жүрген еді. <sup>26</sup>Ал қазіргі заманда Ол Өзінің әділдігін осылай дәлелдейді: Құдай әділ, Ол Исаға сенуші әркімді ақтап алады.

<sup>27</sup>«Ал енді, мақтануымызға бола ма?» Мақтанатын түгіміз жоқ. «Не себептен бұлай? Игі істер жасау арқылы ақтала аламыз ба?» Жоқ, сену арқылы ғана ақтала аламыз. <sup>28</sup>Сонымен біз адам заң бойынша жасаған игі істері арқылы емес, сенімі арқылы ғана ақталады деген қорытындыға келеміз.

<sup>29</sup>«Әлде Құдай тек яһудилердің Құдайы болып, басқа ұлттарды қабылдамай ма?» Әрине, қабылдайды, Ол басқа ұлттардың да Құдайы ғой! <sup>30</sup>Себебі жалғыз бір-ақ Құдай бар. Ол сүндеттелген яһудилерді де, сүндеттелмеген халықтарды да сенімдері арқылы ақтап алады. <sup>31</sup>Біз «адамдар сенім арқылы ақталады» деп, Құдайдың заңын күшінен айырамыз ба? Жоқ, мүлдем олай емес! Керісінше, біз Құдайдың заңының күшін нығайтамыз.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен*



салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.

### №3 өзіндік тексеру

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.

1. «Ақталған» сөзі толықтай «ешқашан да күнә жасамағандай» деп анықталады (... бет) Д Қ
2. Құдай ақтаған адам кінәратсыз әділ адам болады (... бет) Д Қ
3. Құдай ақтаған адам Мәсіх арқылы әділ болады (... бет) Д Қ
4. Адам атаның күнәсінің бүкіл күнәкарларға көшкеніндей, Мәсіхтің әділдігі де барлық сенушілерге көшеді (... бет) Д Қ
5. Күнәкарларды ақтап, Құдай күнәмен келісімге келеді (... бет) Д Қ
6. Киелі кітаптың ақталу туралы ілімі Құдайдың ашқаны емес, адамдардың талқыласуларының нәтижесі (... бет) Д Қ
7. Адамдар әділ өмір сүріп, он өсиетті орындаулары арқылы ақтала алады (... бет) Д Қ
8. Құдай адамдарды олардың тарапынан атқарылған ешбір іссіз-ақ құтқарады (... бет) Д Қ

9. Мәсіхтің төгілген қаны Құдайдың қаһарын басып, Оның әділдігінің талабы орындалды (... бет)

Д К

10. Сенім арқылы ақталу туралы ілім Таурат заңын күшінен айырады (... бет)

Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ҮШІНШІ ТАРАУ – ҚҰТҚАРЫЛУ**

1. Кім Құдайдың әділдігіне ие бола алады және соған қалай ие болуға болады?

2. Рим 3:12 біздің бәріміздің де күнәкар екенімізді айтады. Құдай қалайша күнәкарларды ақтап, күнәларының төлемін төлеп құтқарады?

3. Голғотаға дейін өмір сүріп, өлгендерді Құдай қалайша ақтайды?

4. Сөздіктен «төлемін төлеп құтқару» және «ақталу» деген сөздерді қараңыз. Сонда берілген түсіндірмелердің көмегімен Рим 3:24 аятты өз сөзіңізбен айтып беріңіз.

### **ТӨРТІНШІ ТАРАУ**

#### **СЕНИМ АРҚЫЛЫ АҚТАЛУ**

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Өткен тараудан біз ақталудың не екенін білдік. Енді басқа сұрақ туындайды.

## **ІЗГІ ХАБАР КӨНЕ КЕЛІСІМГЕ ҚАЛАЙ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ? (Рим 4)**

Пауыл Ізгі хабар Таурат, Забурға және Пайғамбарлар жазбаларына (Көне Келісімге) қайшы келмейді деп екі рет айтып кетті. Енді ол мұны Таурат заңы берілген кезден көп бұрын өмір сүрген Ыбырайым мен заң берілген кезден көп жылдар кейін өмір сүрген Дәуіттің мысалдарымен дәлелдейді.

### **1. Ыбырайымның басынан өткені (4:1-5)**

Ыбырайым қалай ақталды? Егер игі істері үшін болса, ол Құдай алдында мақтана алар еді. Бірақ бұл мүмкін емес. Құдай алдында ешқандай жаратылыс мақтана алмайды (4:2). Көне Келісім Ыбырайымның қалай ақталғанын анық айтады (Жар 15:6). «Ыбырайым Жаратқан Иеге сенді, сондықтан Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады» (4:3). Осылайша Құдай күнәкарларды істері арқылы емес, сенім арқылы рақымымен ақтайды (4:4-5). Рақым Құдайдың құтқаруының негізінде жатыр, ал сенім оны алудың жолы. Алғашқы берілген екі аятты жаттап алыңыз.

### **2. Дәуіттің басынан өткені (4:6-8)**

Дәуіттің тәжірибесі жоғарыда айтылып кеткендерге қалайша сәйкес келеді? Дәуіт патша Құдай еңбегіне қарамай-ақ Өзінің рақымымен ақтаған адамдарды бақытты дейді. «Әділетсіз істері кешірілген, барлық күнәларынан ақталған қандай бақытты әрбір жан!» (4:7) Әңгіме заңды орындайтындар туралы емес, күнәлары

кешірілгендер туралы. Одан әріректе Дәуіт былай дейді: «Иеміз мойнына кінә артпайтын қандай бақытты әрбір жан!» (4:8) Мұнда да адамның еңбегі туралы еш сөз жоқ. Барлығы да Құдайдың рақымымен.

### **3. Сүндеттелу жайлы сұрақ (4:9-12)**

Ізгі хабар құтқарылу үшін сүндеттелу қажет деп үйрете ме? Жоқ. Ыбырайым сүндеттелмес бұрын ақталды. Ол Құдайға деген сенімі арқылы алған әділдіктің сырт көрінісі ретінде сүндеттелу рәсімінен кейінірек өтті. Осылай ол барлық шынайы сенушілердің рухани түп атасына айналды.

### **4. Таурат заңы туралы сұрақ (4:13-25)**

Таурат заңын орындаудың ақталумен еш байланысы жоқ па? Жоқ, байланысы жоқ. Ақталу заңмен емес, Құдайдың рақымымен беріледі.

Құдай Ыбырайымға Таурат заңының негізінде емес, (Мәсіх арқылы) жер бетінің мұрагері болады деп уәде берді. Яғни Құдай ешқандай шарт қойған жоқ. Ыбырайымның тарапынан ешқандай іс-әрекет талап етілмеді. Құдай жай ғана Өзінің сөзін орындауға уәде берді (4:13).

Шынымен де уәде Таурат заңын орындауға тәуелді болса, сенімнің қажеті де жоқ болар еді. Онда уәденің күші болмас еді, өйткені ешкім де оның талабын қанағаттандыра алмас еді (4:14).

Заң оны мүлтіксіз орындамаған кісіні тек айыптай ғана алады (4:15). Осылайша, Құдай құтқарылу рақым мен сенім арқылы деп жариялады (4:16). Тек осындай

жағдайда ғана мәңгілік өмір жайлы уәде күшке ие болады. Егер игі істер талап етілген болса, онда біз соны жеткілікті мөлшерде істедік пе, жоқ па соған ешқашан сенімді бола алмас едік. Мұнан басқа, мәңгілік өмір туралы уәде, адамдардың *барлығына да* арналған бола алар еді. Егер құтқарылуы үшін адамның өзі бірнәрсе *істеуге* тиіс болса, бұл *шартты орындау қолынан келмейтін адамдар да* әрдайым *табылар еді*. Мәсіхке деген сенім – әр адамның қолынан келетін жалғыз нәрсе.

## **5. Ыбырайымға қайта оралайық (4:17-25)**

Ыбырайыммен болған жағдай ақталудың сенім арқылы берілгенін дәлелдейді (4:17-22). Құдай Ыбырайымға оны көптеген халықтардың түп атасы етуге, үрім-бұтағының аспандағы жұлдыздардай көп болатынына уәде берді (4:17-18). Адами тұрғыдан қарасақ, бұл мүмкін емес нәрсе. Сол кезде Ыбырайымның жасы жүзге келіп қалған еді ал әйелі құрсағына бала бітпейтін тым кәрі еді. Сол кезге дейін олардың мұрагерлері болмады. Солай бола тұра Құдай Ыбырайымға сол уәдесін берді, ал ол Құдайдың қолынан келмейтін нәрсенің жоқ екенін біліп, Оның уәдесіне еш күмәнданбай сенді.

Сондықтан да «Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады» деп жазылған (4:22). Ыбырайымның басынан өткізгендері бізге сабақ болады (4:23-25). Бұл сенім арқылы адамды әділ деп есептеудің жалғыз оқиғасы емес. Иеміз Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілткен Құдайға сенімімізді артқанда Ол бізге әділдікті сыйлайды. Ол Иса Мәсіхті сеніммен қабылдағандарға мәңгілік өмір беруге уәде етті. Мәсіх біздің күнәларымыз үшін өлімге берілді. Ол арқылы біздің ақтала алуымыз үшін Құдай Оны өлімнен қайта тірілтті. Өзінің рухани Ұлын өлімнен қайта тірілтуімен, Құдай Мәсіхтің Ғолғотада құрбандық

өліміне қанағаттанғанына куәлік береді.

## КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ

### Төртінші тарау

<sup>1</sup>Ал енді түп атамыз Ыбырайым туралы не дейміз? Ол осы мәселеде не тапты? <sup>2</sup>Егер Ыбырайым өз игі істері арқылы ақталған болса, онда ол мақтана алар еді; бірақ Құдай алдында емес. <sup>3</sup>Тауратта: «Ыбырайым Жаратқан Иеге сенді, сондықтан Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады» деп жазылған. <sup>4</sup>Мысалы, егер біреу еңбек етсе, онда ол жалақыны сый ретінде емес, тиісті ақы ретінде алады. <sup>5</sup>Ал егер адам Құдай алдында ақталу үшін өзінің игі істеріне сүйенбей, күнәкарды кешіретін рақымды Құдайға сенімін артса, онда ол осы сенімінің арқасында ақталады. <sup>6</sup>Құдай еңбегіне қарамай-ақ ақтаған сондай адамның бақытты екендігін Дәуіт пайғамбар да айтқан: <sup>7</sup>«Әділетсіз істері кешірілген, барлық күнәларынан ақталған қандай бақытты әрбір жан! <sup>8</sup>Иеміз мойнына кінә артпайтын қандай бақытты әрбір жан!»

<sup>9</sup>«Бұл бақыттылық тек сүндеттелген яһудилерге ғана ма, әлде сүндеттелмеген халықтарға да арналған ба?» (Әрине, бұл халықтарға да арналған.) Біз жоғарыда Ыбырайым ата Құдайға артқан сенімінің арқасында ақталды дедік. <sup>10</sup>Ол қашан ақталды: сүндеттелмес бұрын ба, әлде кейін бе? Сүндеттелгеннен кейін емес, оған дейін ақталды. (Демек, Ыбырайым осы рәсімді орындау арқылы ақталған жоқ.) <sup>11</sup>Кейінірек қана Құдай Ыбырайымға сүндеттеу рәсімін орындауды бұйырды. Осы рәсім Ыбырайымның Құдайға деген сенімі арқылы ақталғандығын бекітетін белгі іспетті еді. Ал бұл сенім Ыбырайымда сүндеттелмей тұрғанда-ақ болған. Сонымен Ыбырайым — кейінгі замандарда

сүндеттелмей-ақ Құдайға сеніп ақталатындардың рухани түп атасы. <sup>12</sup>Бұған қоса Ыбырайым (Мәсіхке сенуші) яһудилердің де түп атасы. Бұлар сүндеттеу рәсімінен өтіп қана қоймай, атамыз Ыбырайым сүндеттелмей тұрған кезде-ақ жүрген сенім жолына да түсті.

<sup>13</sup>Құдай Ыбырайым мен оның ұрпақтарына жер бетін иемденулері жайында уәде берді. Бұл уәде Ыбырайымға заңды ұстанғаны үшін емес, (Жаратқан Ие сөзінде тұрады деген) сенімі арқылы ақталғаны үшін берілді. <sup>14</sup>Егер адамдар Құдайдың берген уәдесіне тек заңды ұстану арқылы ие бола алса, онда сенімнің ешбір пайдасы және уәденің ешқандай күші болмас еді. <sup>15</sup>Заң (оны мүлтіксіз орындамаған кісіні) Тәңірдің қаһарына ұшыратады, ал заң жоқ жерде оны бұзу да мүмкін емес.

<sup>16</sup>Сонымен, Құдайдың уәдесі сенімге байланысты. Осылай бұл уәде Оның рақымымен беріліп, Ыбырайымның бүкіл ұрпағы үшін — Таурат заңы бар яһуди сенушілері үшін ғана емес, Ыбырайым сияқты Құдайға сенім артқан басқа ұлттар үшін де күшінде тұрады. Ыбырайым - Жаратқан Иенің еркімен бәріміздің рухани түп атамыз.

<sup>17</sup>(Тауратта) «Мен сені көптеген халықтардың түп атасы етіп тағайындадым» деп жазылған ғой. Ал Ыбырайым өлгендерді қайта тірілтетін және жаңа нәрселерді жоқтан жарата алатын Құдайға сенімін артты.

<sup>18</sup>Үміттенетін еш шара қалмаған кездің өзінде Ыбырайым үмітін үзбей, сенімінде берік тұра берді. Сондықтан да ол «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!» деген уәде бойынша көптеген халықтардың рухани түп атасы болды. <sup>19</sup>Жасы жүзге келіп қалған Ыбырайым өз денесінде ешқандай күш қалмағанын, әйелі Сараның да құрсағына бала бітпейтінін жақсы білгенімен, уайымдап

сенімін әлсіретпеді. <sup>20</sup>Қайта, Ыбырайым Құдайдың уәдесіне күмәнданбай, Оған деген сенімінен қуат алды. <sup>21</sup>Осылай ол Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті. <sup>22</sup>Сондықтан да «Жаратқан Ие оны Өзінің алдында ақтады» деп жазылған.

<sup>23</sup>«Жаратқан Ие оны ақтады» деген сөз Ыбырайымға ғана емес, <sup>24</sup>бізге де қатысты: біз Иеміз Исаны қайта тірілткен Құдайға деген сеніміміз арқылы ақталамыз. <sup>25</sup>Құдай Иеміз Исаны күнәміздің құнын өтеу үшін құрбандыққа қиды және ақталғандығымызды дәлелдеу үшін қайта тірілтті.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

#### **№4 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

- |   |   |   |
|---|---|---|
| 1. Ыбырайым сенімі арқылы, ал Дәуіт істері арқылы ақталды (... бет)             | Д | Қ |
| 2. Ыбырайым тек өзінің Құдайға деген сенімі арқылы әділ деп есептелді (... бет) | Д | Қ |
| 3. Рақым құтқарылудың негізі, сенім оны қабылдаудың жолы (... бет)              | Д | Қ |



4. Құдайға арнап күнәнің құнын өтейтін, ризашылық білдіретін және шалынып түгелдей өртеліп ұсынатын құрбандықтарды ұсынғанда ғана Дәуіттің күнәсі кешіріледі (... бет) Д Қ
5. Көне Келісім сүндеттелу құтқарылу үшін қажет деп тәлім берді, ал бұл Жаңа Келісімге қарама-қайшы (... бет) Д Қ
6. Құдайдың Ыбырайым жер бетін иемденеді деп берген уәдесі белгілі бір дәрежеде оның Таурат заңын сақтағанына да байланысты (... бет) Д Қ
7. Адамдардың құтқарыла алулары үшін Құдай Таурат заңын берді (... бет) Д Қ
8. Құдай адамның көз қарасы тұрғысынан орындалуы мүмкін емес нәрсеге уәде берсе де, Ыбырайым Оған сенді (... бет) Д Қ
9. Ыбырайым сенімі арқылы әділ деп есептелген жалғыз адам (... бет) Д Қ
10. Бұл күндері сенуші Таурат заңының емес, Құдайдың рақымының аясында (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ТӨРТІНШІ ТАРАУ СЕНИМ АРҚЫЛЫ АҚТАЛУ**

1. Жаратыл. баст. 15:6 аятына сай құтқарылғаннан кейін Ыбырайым нақты не істеді? Күнәларымыздың лайықты жазасынан құтқарылуға басқа бір жолмен қол жеткізе

аламыз ба?

2. Забур жыр. 31:1-2 аяттарын оқыңыз. Көне Келісімнің іліміне сай адамдар қалайша құтқарыла алады?

3. Сүндеттелудің мән-мағынасы қандай болды? Сіз қалай ойлайсыз адамдар бұл рәсімге ол өз-өзінен-ақ бұларды құтқаратын «жалған тәңір» деп сенді ме? (...бет)

4. «Ережелерді сақтау» адамды Құдайдың алдында әділ ете ме? Біздің күнәларымызды өздігінен өтуге қабілетті осындай әрекет жалпы бар ма?

## **БЕСІНШІ ТАРАУ**

### **АДАМ ЖӘНЕ МӘСІХ**

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Сенім арқылы ақталу жайлы ілімді ұсынып, Пауыл сенушінің өміріндегі ақталудың іс-әрекеттерін талқылауға кіріседі. Ол «Бұл шынымен де осылай ма?» деген ойға беріледі.

### **ІЗГІ ХАБАРДЫҢ ШЫНАЙЫ МАҒЫНАСЫ НЕДЕ? (Рим 5)**

Келесі жолдарда Пауыл Құдайдың бізді күнәдан ақтағандағы жарылқауының шынайы екенін көрсететін көптеген дәлелдер келтіреді.

Осы жарылқаулардың бәрінің де сенушіге Иеміз Мәсіх Иса арқылы берілетінін атап өткен жөн. Ол Құдай мен адам арасындағы Келістіруші болып табылады, Құдайдың барлық сыйлары да Ол арқылы келеді.

## 1. Ақталудың жемістері (5:1-11)

Пауыл ақталудың алты жемісін атайды. «... Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз» (5:1). Бұдан бұрын біз Құдаймен қастасып, Оған қарсы соғысып, Оның билігіне көнгіміз келмеді. Енді қастық жойылды. Біз қарсылықсыз тізе бүктік, тыныштық орнады.

«Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды (5:2a).

Бұл шынымен де керемет жағдай соған бізді Құтқарушымыз әкелді.

«Енді Құдайдың рақымына бөленіп, салтанатты ұлылығын көреміз деген үмітімізге қатты шаттанамыз!» (5:2ә). Құдайдың салтанатты ұлылығы бүкіл әлемге паш болатын кезді елестету қандай қуанышты сәт. Исаға сенушілер осы кезді күтеді.

«Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, шаттана аламыз» (5:3). Құтқарылмаған кезде біз шеккен азаптарымызға қуана алмайтынбыз, бірақ енді біз Құдайдың бойымызда тек осылайша ғана төзімділікті, тәжірибені және үмітті туындататынын яки қалыптастыратынын түсінеміз.

«Бұл үміт алдамшы қиял емес...» (5:5). Біз Мәсіхтің бізді көкте, Құдай Патшалығында қарсылап алатынын білеміз. Мұндай сенімділік бізде қайдан? Құдайдың Киелі Рухы

біздің жүректерімізді Құдайдың сүйіспеншілігінің төмендегідей дәлелдерімен толтырады. Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх күнәкар біздер үшін жанын қиды (5:6). Біз қазір Өзіне бағышталған кезде, Ол шынымен де бізді бұрынғыдан азырақ сүйетін бола ма? Біз әділ емес күнәкар болған кезімізде, Мәсіх біз үшін құрбан болды. «Енді ... Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік құтқарылатынымыз да сөзсіз!» (5:9) «... бұрын біз Тәңірге әлі де қас болған кезде Оның рухани Ұлының өлімі арқылы Құдаймен татулассақ, енді татуласқандар ретінде Мәсіхтің өмірі арқылы толықтай құтқарылатынымыз сөзсіз!» (5:10) Құдайдың рухани Ұлының *өлімі* бізді Құдаймен татуластырды. Өлім әлсіздікті білдіреді. Егер әлсіз болып көрінгендік пен Мәсіхтің өлімі бізді Құдаймен біріктірсе, Оның мәңгілік *өмірінің* күші сенушілерге құтқарылу әкеледі (5:10).

«Құдайға шаттанамыз» (5:11). Қалайша бәрі өзгерді! Бұрын біз Құдайға шаттана алмаушы едік. Сол кезде біз Оны ұмытқанда ғана бақытты болған едік. Мәсіх арқылы Құдаймен татуласқаннан кейін, біз Оған ең жақын Досымыз ретінде шаттанамыз.

Пауыл елші Құтқарушымыздың сенушінің жүрегінде жасайтын өзгерістерін суреттеуді осылайша аяқтайды. Одан әрі ол ақталу тақырыбын нығайтып, дамытуын жалғастырады.

## **2. Қорытынды (5:12-21).**

Бұған дейін Пауыл елші ҚАРҒЫС пен АҚТАЛУ мәселесіне көңіл бөліп келді. Біріншісі адамдарға Адам ата арқылы берілсе, екіншісін Иеміз Иса әкелді. Енді Пауылдың осы екі жағдайды қалай салыстырғанын қарастырайық.

Күнә мен өлім дүниеге Адам ата арқылы келді (5:12). Адам ата бүкіл адамзаттың өкілі болды. Мұны ел үкіметінің мысалымен көрсетуге болады. Үкімет басшысы ресми құжатқа қол қойғанда, бүкіл халықтың атынан қол қояды. Ол халықтың өкілі ретінде әрекет жасайды. Осылайша Адам атаның күнәсі де барлық адамдардан көрініс тапты. «Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады» (5:12).

Бұл төмендегі дерекпен дәлелденеді. Адам атадан Мұсаға дейінгі аралықта халықта Құдайдың заңы болған жоқ. Адамдар Құдайдың ешқандай да жазылған бұйрықтарын бұзған жоқ, алайда соған қарамастан өлетін. Тіпті ненің игі жақсы, ненің зұлым екенін ажырата алмайтын сәбилер де өлді. Неліктен бұлай болды? Өйткені олар Адам ата арқылы күнә жасады.

Адам атаға қарайтын болсақ, кейінірек келетін Мәсіх жайында көп нәрселерді жақсырақ түсіне аламыз (5:14). Адам ата бүкіл адамзаттың атынан, ал Иеміз тұңғыш немесе жаңа адамзаттың өкілі ретінде әрекет жасады. Алайда олардың екеуінің арасында маңызды айырмашылық бар (5:15).

Шынымен де бір кісінің күнәсі арқылы бүкіл адамзат ажалды болды. Алайда Құдайдың рақымының адамзаттың күнәсінен қаншалықты зор екенін ойланып көріңізші! Тек рақымы ғана емес, Оның Мәсіх Иса арқылы көптеген адамдарға құйылып жатқан сыйы да зор (5:15).

Бір адамның күнәсі бүкіл адамзатқа Құдайдың қарғысын әкелді. Ал Құдайдың сыйының әсері әлдеқайда күштірек. Ол осы қарғыстан босатып қана қоймайды, бізді Құдайдың алдында әділ етеді. Және бұл бір ғана емес, көптеген күнәларға қарамастан солай болады (5:16).

Бір адамның күнәсінің кесірінен өлім бүкіл адамзатқа билік жүргізеді. Алайда Иеміз Мәсіх Исаның рақымының арқасында адамдар Құтқарушысы сыйлаған өмірдің рақатын көріп, өздері билік құра бастады (5:17).

«Сонымен, бір кісінің күнәсі бүкіл адамзатқа өлім жазасын алып келді. Ал өзге бір Кісінің әділ ісі (Оған сенушілердің) бәрін ақтап, мәңгілік өмір сыйлады» (5:18).

Адам атаның Құдайға мойынсұнбауы арқылы көптеген адамдар күнәкарға айналса, Мәсіхтің Құдайға мойынсұнуы арқылы көптеген адамдар ақталды (5:19).

Күнәнің бүкіл жексұрындығы өзінің шынайы қалпында көрінуі үшін Құдай бізге Өзінің заңын берді. Алайда Құдайдың Ғолготадағы рақымы бүкіл адамзаттың күнәларынан да асып түсті.

Мәсіх Иса арқылы күнә мен өлімнің билігі аяқталып, Оған сенушілер рақымға әлдеқайда көбірек кенелді. Бұл егер тіпті Адам ата ешқашан күнә жасамаған жағдайдағыдан да көбірек болды (5:20,21). Еш айыпсыз болып қала бергенде Адам тек жер бетінде ұзақ өмір сүруге ғана үміттенсе алар еді. Алайда Құдай оған Өзінің рухани баласы болуға, Оның мұрагері және Мәсіхпен бірге мұралас болуға уәде берген жоқ. Ол Құдай Патшалығына барып, Мәсіхпен мәңгілік бірге бола алмас еді.

Мәсіх Иса арқылы сенушілер барлық осы және көптеген басқа да рақымға ие. Мүмкін «Құдай неліктен күнәға жол берді?» деген сұрақтың жауабы осында жатқан да шығар. Исаның құрбандығы арқылы Құдайдың даңқы арта түсті, ал адам ешқашан күнә болмағандай жағдайға қарағанда көбірек рақымға ие болды.

## КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ

### Бесінші тарау

<sup>1</sup>Сонымен, Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз.

<sup>2</sup>Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды. Енді Құдайдың рақымына бөленіп, салтанатты ұлылығын көреміз деген үмітімізге қатты шаттанамыз! <sup>3</sup>Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, шаттана аламыз. Себебі азаптың бізге шыдамды болуды үйренуге көмектесетінін білеміз. <sup>4</sup>Шыдамдылықтан сенімділік туады, ал сенімділік бізге үміт береді. <sup>5</sup>Бұл үміт алдамшы қиял емес, өйткені бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті.

<sup>6</sup>Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды! <sup>7</sup>Тіпті әділ біреу үшін өмірін құрбан ететін ешкім жоқ іспетті. Тым болмағанда, шынайы ізгі адам үшін бірен-саран кісі өмірін қиюға даяр болуы мүмкін. <sup>8</sup>Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді.

<sup>9</sup>Енді біз Мәсіхтің қаны төгіліп құрбан болғандығы арқылы ақталған соң, Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік құтқарылатынымыз да сөзсіз!<sup>10</sup>Себебі бұрын біз Тәңірге әлі де қас болған кезде Оның рухани Ұлының өлімі арқылы Құдаймен татулассақ, енді татуласқандар ретінде Мәсіхтің өмірі арқылы толықтай құтқарылатынымыз сөзсіз! <sup>11</sup>Бұл ғана емес, біз Иеміз Иса Мәсіх арқылы Құдайдың Өзіне қатты шаттанып та жүрміз, өйткені Мәсіхтің арқасында Онымен татуластық.

<sup>12</sup>Бұдан шығатын қорытынды мынау: бір адам арқылы

дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады. <sup>13</sup>Әрине, Мұса арқылы Таурат заңы берілгенге дейін де дүниеде күнә болған. Ал заң жоқ жерде күнәлар адамның мойнына артылмайды. <sup>14</sup>Бірақ та өлім Адам атадан Мұсаның заманына дейін өзінің билігін жүргізіп келді. Дәл Адам атаның Құдайдың анық бұйрығын бұзғаны сияқты күнә жасамағандарға да өлім билігін жүргізді.

Адам атаға қарайтын болсақ, кейінірек келген Мәсіх жайында көп нәрселерді жақсырақ түсіне аламыз. <sup>15</sup>Алайда Құдайдың беретін сыйын және Адам атаның күнә жасауын салыстыруға болмайды: сол бір кісінің күнәсі арқылы бүкіл адамзат ажалды болды, ал Құдайдың рақымы және Оның бір Кісінің, яғни Иса Мәсіхтің рақымы арқылы берген сыйы одан қаншама зор! Осы сый көптеген адамдарға молынан тиді. <sup>16</sup>Құдайдың адамды тегін ақтауы мен Адам атаның күнә жасауы басқа жақтан қарағанда да тең емес: Адам атаның жасаған бір күнәсінен кейін Тәңір «кінәлісін» деген үкімін шығарды, ал адамзат жасаған көп күнәлардан кейін Ол «ақталдың» деген тегін сыйын берді!<sup>17</sup>Күнә жасаған бір кісі Адам ата арқылы өлім бүкіл адамзатқа билік жүргізіп келеді. Сол сияқты, Құдайдың шексіз рақымын және әділдіктің тегін сыйын қабылдағандар бір Кісі Иса Мәсіх арқылы өмірде билік құрады.

<sup>18</sup>Сонымен, бір кісінің күнәсі бүкіл адамзатқа өлім жазасын алып келді. Ал өзге бір Кісінің әділ ісі (Оған сенушілердің) бәрін ақтап, мәңгілік өмір сыйлады. <sup>19</sup>Бір кісінің Құдайға мойынсұнбауы көптеген адамдарды күнәкар етті. Дәл солай, басқа бір Кісінің Құдайға мойынсұнуы арқылы көптеген адамдар ақталады.

<sup>20</sup>Ал Таурат заңы болса, күнә туралы түсінігіміздің көбейе түсуі үшін берілді. Бірақ күнә қаншалықты көбейсе, Құдайдың рақымы одан да асып түсті. <sup>21</sup>Сонымен, күнәнің адамзатты билеп-төстеп, өлімге алып келгеніндей,



Құдайдың рақымы да билік құрып, адамдарды ақтап, Иеміз Иса Мәсіх арқылы мәңгілік өмірге жеткізеді.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

### **№5 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау) , біреуін белгілеңіз.*

1. Құдайдың барлық дарындары Иеміз Мәсіх Иса арқылы беріледі (... бет). Д Қ
2. Сенушінің Құдаймен татуласуы жайлы айтқанда Пауыл Құдаймен арадағы соғыстың аяқталғанына меңзейді (... бет) Д Қ
3. Исаға сенетіндер қасірет шекпейді (... бет) Д Қ
4. Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігінің дәлелі Мәсіх Исаның біз әлі де күнәкар болған кезімізде орнымызды басып жанын пида еткені болды (... бет) Д Қ
5. Біздің құтқарылуымыздың тағы бір дәлелі Иеміз туралы шаттану, біз бұрын Ол туралы тырысқан болсақ та (... бет) Д Қ
6. Адам атаның бүкіл адамзатқа

Құдайдың қарғысын әкелгені сияқты,  
Иеміз Иса барлығымызға ақталу әкелді (... бет) Д Қ

7. Құдай Адам атаның күнәға батуынан  
бүкіл адамдарды көрді (... бет) Д Қ

8. Адам атаның күнәсі одан кейінгі  
барлық ұрпақтарға көшті (... бет) Д Қ

9. Адам атаның күнәсі Құдайдың бүкіл  
адамзатқа қатысты жоспарын бұзды,  
соның нәтижесінде Құдай мен адам  
көп нәрсені жоғалтты (...бет) Д Қ

10. Егер Адам ата күнә жасамаған болса,  
оның Мәсіх Исамен бірге мұрагері болуға  
мүмкіндігі болған болар еді (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **БЕСІНШІ ТАРАУ – АДАМ ЖӘНЕ МӘСІХ**

1. Рим 5:3 аяттан қандай айрықша принцип айтылған?  
Келесі екі аятты оқып, оның дұрыс не дұрыс емес екендігі  
жайлы пікірлесіңіздер.

2. Құдай Өзінің сүйіспеншілігін қалайша көрсетеді? Сол  
біздің өмірімізге қалай әсер етеді?

3. Өзінің әділдік сыйын қабылдайтындарға Құдай рухани  
игіліктерге толы ағыл-тегіл өмірді қалай береді?

4. Тит 3:5-6 аяттарды Рим 5:20-21 аяттармен  
салыстырыңыздар.

### ЖЕҢІС ЖОЛЫНДА

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Ақталудың іс-әрекет емес, тек сенім арқылы ғана берілетініне біздің көзіміз жетті. Осыған байланысты кейбіреулерде төмендегідей сұрақ туындауы мүмкін.

#### **ІЗГІ ХАБАР КҮНӘКАР ӨМІРГЕ ЖОЛ БЕРЕ МЕ? (Рим 6)**

Құдайдың рақымы жайлы Ізгі хабар уағыздалған кезде, тыңдаушылар әрдайым мынандай қате қорытынды жасайды: «Құтқарылу үшін тек Мәсіхке сенім арту талап етілетіндіктен, ендеше өз білгеніңше өмір сүруіңді жалғастыра беруге болады». Бұл тараудан біз мұның олай емес екенін көреміз.

#### **1. Білім (6:1-10)**

Екінші аяттан-ақ «біз сенушілер де сол өлген адамдай күнәға жоқ болдық» деген таңғаларлық сөздерді кездестіреміз. Бұл нені білдіреді? Жауап қарапайым. Біздің ескі күнәкар болмысымыз Мәсіхпен бірге айқышта рухани өлді. Құдай адамның күнәкар болмысын сақтағысы немесе оны жақсартқысы келмейді. Оған арналған бірден-бір нәрсе – өлім. Құтқарушымыз біздің орнымызды басып өлді. Құдай үшін біз де Онымен бірге рухани өлдік. Дәл солай Мәсіхпен бірге жерлендік. Тәндік нәрсенің бәрі Голғотадағы айқышқа шегеленді. Осылайша біздің күнәкар болмысымыз мәңгілікке жойылды. Тәндік

«мен» өзінің шынайы орнын тапты.

Осының бәрі суға шомылдыру рәсімінде суреттелген (6:3-7). Суға денемізді батырғанда біз Адам атаның балалары ретінде өлуге лайықты екенімізді дәлелдейміз. Ескі болмыстағы адамның жаңа өмір үшін жарамсыз екенін мойындаймыз, әрі Мәсіхпен бірге өліп, Онымен бірге жерленгенімізге сенеміз. Бүкіл адамдардың күнәларын жою үшін Мәсіхтің жанын пайда еткенін мойындаймыз, енді біз бұдан былай күнә жасай беруімізді доғарып, таза өмір сүруіміз керек. Күнә үшін өлім біз енді кінәратсыз тазардық дегенді білдірмейді, алайда Құдай бізге өлген деп қарайды, өйткені күнә енді бізге билігін жүргізбейді.

Алайда Мәсіх өлімнен қайта тірілді. Құдай Мәсіхпен тығыз байланыстағы бізге де Онымен бірге қайта тірілген деп қарайды (6:8-10). Бұл қайта тірілу бұрынғы күнәкар өмірімізге қайта тірілу емес. Біз Мәсіхпен бірге рухани өлдік. Қайта тірілгенде Мәсіх мекендей алатын жаңа жаратылысқа айналамыз.

Сену қиын, бірақ бұл осылай. «Кез келген ақталған адам күнә үшін өлген, Мәсіхпен бірге жерленіп, әрі Онымен бірге қайта тіріліп, жаңа өмірге – Оның өміріне ие болды» дейді Құдай. Құдай сіздің мұны БІЛГЕНІҢІЗДІ әрі оны сеніммен қабылдағаныңызды қалайды.

## **2. Ұғыну (6:11-12)**

Енді өзіңді күнәға жоқпын, Құдай үшін өмір сүремін деп ҰҒЫНУҒА тиіссің (6:11-12). Бұл өміріңе еруге тиіс. Енді біз күнә үшін, өзіңіз үшін және осы дүние үшін өлгенбіз, Иемізбен тығыз байланыста өмір сүреміз деп өзімізді ұстағанымыз жөн. Күнәнің бізге билік жүргізуіне жол беруге болмайды. Есіңізде болсын, бұдан былай бізге

күнәнің билігі жүрмейді!

### **3. Құдайға бағышталу (6:13)**

Ақырында, сенушілер өздерін Құдайға бағыштауға тиіс (6:13). Сіздің жүрегіңізде Құдай билік жүргізсін. Дененіздің әрбір мүшесін Құдайға күн сайын қызмет етуге арнаңыз. Сонда өз еркіңіз бойынша іс-әрекет жасамай, Құдайдың өміріңізге билік жүргізуіне жол бересіз.

### **4. Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағыну (6:14-23)**

Сенушіге күнәнің билігі жүрмейді, өйткені ол енді Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынады (6:14). Бұл маңызды жайт.

Егер адам заңға бағынса, күнә оған билігін жүргізеді. Заң не істеу керек екенін көрсетеді, бірақ оны орындауға күш бермейді. Одан да бетері сіз күнәкардай кейбір іс-әрекеттерді жасамауын өтінгенде, оның бойында бұрынғыдан бетер күнә жасауға деген құштарлық пайда болады.

Сенушілер Құдайдың рақымына бағынады. Таурат заңы былай дейді: «Әділ өмір сүр – сонда Исаға сенуші боласың». Ал Құдайдың рақымы: «Құдайдың рақымымен сен Исаға сенуші болдың. Енді Құдайға деген сүйіспеншілігің үшін әділ өмір сүр» дейді. Адамдар мәжбүрліктен немесе жазаланудан қорқып ешқашан да істемейтін істерді сүйіспеншілік үшін істей алады.

Сенушілер Таурат заңына бағынбайды, алайда бұл оларға күнә жасауға болады дегенді білдірмейді. Оларға күнәні жек көретін жаңа болмыс сыйға берілген.

Олардың бойында ақыл-кеңес беріп, әділ өмір сүрулеріне көмектесетін Құдайдың Киелі Рухы мекендеген. Сенушілер өз күнәлары үшін Мәсіхтің қандай күн төлегенін ұмытпайды. Адам кімге қызмет етсе, соның құлы болады. Бұрын ол күнәнің құлы болды, алайда енді ол өзінің ескі өмірі үшін ұялады (6:16-21).

Сондықтан да Құдайдың рухани баласының ең басты тілегі – өзін Құдайға қызмет етуге бағыштау. Сонда оның өмірінен Мәсіхтің өмірі көрінетін болады (6:22-23).

Яғни ол Құдайдың беретін сыйы – Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмірге ие болады.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ**

### **Алтыншы тарау**

<sup>1</sup>«Бұдан қандай қорытынды шығады? (Құдай күнәларымызды кешіретіндіктен) Оның рақымы молайсын деп күнә жасай берейік пе?» <sup>2</sup>Жоқ, олай істеуге болмайды! Өлген адам күнә жасамайды ғой. Біз (сенушілер) де сол өлген адамдай күнәға жоқ болдық. Қалайша бұдан былай күнә жасап өмір сүрмекпіз?! <sup>3</sup>Өздерің жақсы білесіңдер: Иса Мәсіхпен тығыз байланысқан бәріміз Онымен бірге рухани өлдік. Шомылдыру рәсімінен өткеніміз соны білдіреді. <sup>4</sup>Демек, Мәсіхпен тығыз байланысқанда біздер Онымен бірге рухани «өліп, жерлендік». Сонымен, Құдай Әке Өзінің ұлы құдіретінің арқасында Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, жаңа өмір бергендей, біз де енді жаңаша өмір сүруіміз керек!

<sup>5</sup>Себебі біз осылай рухани тұрғыдан Мәсіхпен бірге «өліп», күнәлі өмір салтымыздан біржола бас тартқан болсақ, енді өлімнен қайта тірілген Мәсіхпен тығыз

байланыста тұрып жаңаша өмір сүрейік! <sup>6</sup>Мынаны білеміз ғой: бұрын өзіміз кім болсақ, сол күнәкар болмысымыз Мәсіхпен бірге айқышта өлді. Осылай біздің күнә билеген болмысымыз күшінен айырылды, сондықтан енді күнәнің құлы емеспіз! <sup>7</sup>Өйткені адам өлгенде күнәнің билігінен босатылады.

<sup>8</sup>Ендеше, біз Мәсіхпен бірге рухани өлгендіктен, Онымен байланыста өмір сүретінімізге де кәміл сенеміз. <sup>9</sup>Себебі өлімнен тірілген Мәсіх енді қайтып өлмейді, бұдан былай өлім Оған билігін жүргізе алмайды, мұны білеміз. <sup>10</sup>Мәсіх өлгенде күнәға біржола жоқ болды, енді Ол Құдайдың құрметі үшін өмір сүреді. <sup>11</sup>Сендер де өздерінді «күнәға жоқпыз, енді Құдайдың құрметі үшін Иса Мәсіхпен тығыз байланыста өмір сүреміз» деп есептеңдер!

<sup>12</sup>Сондықтан күнә ажалды тәндерінді билемесін! Яғни тәндеріңнің күнәлі құмарлықтарына еріп кетпеңдер!

<sup>13</sup>Дене мүшелерінді күнә жасау үшін қолданып әділетсіздіктің құралы етпеңдер! Қайта, сендер рухани өлімнен шынайы өмірге өтіп келдіңдер; сондықтан өздерінді Құдайдың қызметіне арнап, дене мүшелерінді де Оған бағыштап, оларға әділ істер істетіндер! <sup>14</sup>Күнә сендерге билігін жүргізбеуі керек, себебі сендер енді Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынасыңдар.

<sup>15</sup>«Бұдан қандай қорытынды шығады? Біз Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынғандықтан, күнә жасай берейік пе?» Жоқ, олай істеуге болмайды!

<sup>16</sup>Сендер білесіндер ғой: егер біреуге бағынып, оның еркін орындасандар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыңдар. Сол сияқты, сендер не мәңгілік өлімге апаратын күнәға құл боласыңдар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіндер. <sup>17</sup>Құдайға шүкір, сендер бұрын күнәнің құлы болғанмен, енді алған тәлімнен тапқан ақиқатқа бет бұруға шын жүректен шешім қабылдадыңдар. <sup>18</sup>Күнәнің үстемдігінен босағанда әділдіктің «құлы» болдыңдар.

<sup>19</sup>Түсініктеріңнің әлі де аз екенін ескеріп, осы қарапайым сөздерді қолданып отырмын. Бұрын сендер дене мүшелеріңді әділетсіздіктің құралы қылып, арам да заңсыз нәрселерге қызмет еткізгендерің сияқты, енді Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүру үшін дене мүшелеріңді әділдікке қызмет етуге арнаңдар!

<sup>20</sup>Күнәнің құлы болып жүргенде сендер әділдіктің билігінде болмадыңдар. <sup>21</sup>Сол кездегі өмір салттарыңнан қандай нәтижелер көрдіңдер? Олар қазір өздерің де ұялатын істер еді. Солардың ақыры - мәңгілік өлім! <sup>22</sup>Енді сендер күнәнің үстемдігінен босатылып, Құдайдың қызметіне кірдіңдер. Бұның өнімі — Құдайға бағышталған қасиетті өмір. Ал түпкі нәтижесі — мәңгілік өмір. <sup>23</sup>Күнәнің беретіні — (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

## **№6 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Егер құтқарылу үшін тек қана сенім қажет болса, онда құтқарылуға ие болып адам өзі үшін өмір сүретін болады (... бет)

Д Қ

2. Құдай біздің күнәкар болмысымызды



- түзеткісі келеді (... бет) Д Қ
3. Суға шомылдыру рәсімінде Құдай адамның ескі болмысы мен не болатынын көрсетеді (... бет) Д Қ
4. Құдай сенушінің Исамен бірге айқышта өліп жерленіп, Онымен бірге өлімнен қайта тірілгенін мойындап, соған сенгенін күтеді (... бет) Д Қ
5. Құдайдың күнәкар болмысымыздың өліміне қатысты сөзін қабылдағаннан кейінгі келесі қадам соның өмірде жүзеге асуы болуға тиіс (... бет) Д Қ
6. Құдайға бағышталу, Құдайға өмірімізді басқаруға жол бергенімізді білдіреді (... бет) Д Қ
7. Сенуші Құдайдың рақымына бағынады, бірақ ол бәрібір рақымның негізі ретінде он өсиетті орындауға тиісті (... бет) Д Қ
8. Әділ өмір сүру мәжбүрліктен және мұның немқұрайды қарауға болмайтын міндеттілік екенінен болды (... бет) Д Қ
9. Құтқарылған сенушіге егер ол тағы да күнә жасап қойса да, енді қайтып ұялмауына болады (... бет) Д Қ
10. Күнәнің беретіні – өлім. Құдайдың беретін сыйы - Мәсіх Исамен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір (... бет) Д Қ

## ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

### АЛТЫНШЫ ТАРАУ – ЖЕҢІС ЖОЛЫНДА

1. Рим 6:6 аят неліктен бізді «күнәнің құлдары» деп атайды?
2. Суға шомылдыру рәсімі қандай рухани қағидаларды бейнелеп көрсетеді (Рим 6:5-10)?
3. Құдай алдында ақталдық деген негізде ғана құтқарылуға ие болғаннан кейін біздің өз күнәларымызды ақтауға құқығымыз бар ма? Рим 5:9 және 6:1,2,14 салыстырыңыз.
4. Жазаға және сыйға анықтама беріңіз. Осы екі сөздің арасындағы айырмашылық неде? Күнәнің нәтижесі мен Құдайдың бізге беретін сыйының нәтижесін салыстырыңыздар.

### ЖЕТІНШІ ТАРАУ

#### ҚҰЛДЫҚ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Өткен тарауларда Пауыл бізге Құдайдың Таурат заңын сақтаудың құтқармайтынын нақты көз жеткізе көрсетті. Ендеше мынадай сұрақ туындайды:

## **БІЗДЕР ҚҰТҚАРЫЛҒАНДЫҚТАН ТАУРАТ ЗАҢЫН САҚТАУҒА ТИІСТІМІЗ БЕ? (Рим 7)**

Адам құтқарылғаннан кейін әділ өмірдің негізі ретінде Таурат заңын орындауға тиісті ме?

Өткен тараудан біз сенушінің Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынатынын анықтадық. Оның себебі қазір түсінікті болады. Өзінің басынан өткеніне сүйеніп Пауыл өз күшімен Құдайға бағышталуға қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетеді.

### **1. Таурат заңынан азаттық (7:1-6)**

Адам өлгеннен кейін оған Таурат заңының билігі жүрмейді. Бұл некенің мысалымен көрсетілген. Бұл заң ерлі-зайыптыны олар тірі болған кездерінде бір-бірімен байланыстырады. Алайда олардың біреуі қайтыс болғанда заңның күші де бітеді, тірі қалған күйеуі не әйелі басқа некеге отыруға ерікті (7:1-3).

Құдайдың рухани балалары Таурат заңы үшін жоқ. Олар Мәсіхтің тәнімен бірге өлді (7:4). Иеміз Иса Мәсіхтің Құдайдың заңы үшін өлгендігінің мағынасы, Оның біздің күнәларымыздың құнын төлегендігі. Сенуші бейнелеп айтқанда, Мәсіхпен бірге айқышқа шегеленгендіктен, ол да Таурат заңы үшін жоқ, яғни өлген. Мәсіхтің өлімі Таурат заңының барлық талаптарына жауап бергендіктен, заң енді сенушіге ешқандай талап қоя алмайды.

Заңнан азат болу сенушіге өлімнен тірілгенге бағышталуға жол береді (7:4). Енді сенушінің өмірінің шарты заң емес, Иеміз Мәсіх Иса болады. Некені біртұтастық деп түсінеміз. Мәсіхпен біртұтастық Оның өміріне қатысуды білдіреді. Құдайдың қасиеттісі болуға Өзіміздің жеке

түкке тұрғысыз күш салуымызбен қол жеткізуге тырысқаннан гөрі, Мәсіхтің өмірінің өлмелі денемізде орнығуына жол берген әлдеқайда жақсы.

Таурат заңынан азат болу Құдайға рухани жеміс беру мүмкіндігін әкеледі (7:4). Заң бір нәрсеге тыйым салса, адамның жүрегі сол тыйымды бұзуға барынша ұмтылады. Заңды бұзудың төлемі – өлім болғандықтан және бірде-бір адам сол заңды орындай алмаса, онда біз әкеле алатын бірден-бір рухани жеміс – өлім болмақ (7:5). Енді заңнан азат болғаннан кейін, біз Иемізге мәжбүрлік пен қорыққаннан емес, қайта шын жүректен қызмет етеміз (7:6).

## **2. Таурат заңы неге арналған (7:7-14)**

Бұл Таурат заңының өзі күнәлі ме дегенді білдіре ме? Пауыл жоқ, мүлдем олай емес дейді. Заңның қасиеттілігі адамның күнәсінің тереңдігін ашады. Мысалы, Пауыл зұлым ой-ниеттің, зұлым істер сияқты, күнә екенін заңның көмегімен білдім дейді. «Басқаның иелігіне сұқтанба!» (7:7) Біздің күнәкар болмысымыз заңды ішкі күнәкар ой-ниеттеріміз бен қалауларымызды қоздыру үшін қолданады. Содан тыйым салынғанды істеуге құлшынамыз. Осылайша заң болмаса, күнә ұйқыда жатады. Заңның келуімен күнә оянып, іс-әрекетке көше бастайды (7:8-11). Мұнан шығатын қорытынды, Таурат заңы қасиетті, әділ және игі, өйткені ол күнәнің шын мәнінде жаман, жексұрын нәрсе екенін көрсетеді. Адамның жүрегі бұзылған, азғын және заңмен тыйым салынғанға қарай ұмтылады (7:12-14).

## **3. Адамның өз күші (7:15-25).**

Әділ өмірге өз күшімен қол жеткізуге тырысу адамды

көңілінің қалып түңілуіне, үмітінің үзіліп торығуына әкеледі.

Пауыл мұнда өзінің тәжірибесінен мысал келтіреді (7:15-24).

Ол не істеу керегін білді, бірақ соны орындай алмады. Іс жүзінде нені жек көрсе, соны істеді. Ол Таурат заңының қасиетті екенін білді, алайда оның жеке күнәкар болмысы заңның талаптарын орындауға әлсіз болды. Ол дұрыс іс-әрекет жасауға барынша тырысқан сайын, соншама көбірек қателіктер жіберді. Ақырында Пауыл өзінің жеңілгенін, мойындауға мәжбүр болды. «Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады?» – деді ол.

Тек сонда ғана Пауыл киелілікті өз басымыздан емес, Иеміз Мәсіх Исадан іздеу керектігін түсінді. «Құдайға шүкір, Иеміз Мәсіх Иса арқылы бойымыздағы күнәлі құмарлықтың құлдығынан құтқарыла аламыз!» деп айқай салды ол.

Тек Иеміздің өз өміріне енуіне жол бергенде ғана Пауыл күнәнің құлдығынан азат бола алды (7:25).

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ**

### **Жетінші тарау**

<sup>1</sup>Қымбатты бауырластар, сендер заң туралы білетіндіктен айтып отырмын: заң адамға оның көзі тірісінде ғана билігін жүргізеді, соны білесіңдер ғой. <sup>2</sup>Мысалы, тұрмысқа шыққан әйел күйеуінің тірісінде оны тастап кетсе, бұнысы неке заңына қарсы. Бірақ күйеуі өлсе, әйел

оған қосқан заңның ықпалынан босайды. <sup>3</sup>Сонымен, егер бір әйел күйеуін тірі кезінде тастап, басқа еркекпен тұрса, ондайды неке бұзушы дейді. Ал күйеуі өлсе, әйел неке заңынан босайды. Бұдан кейін басқа біреуге қосылса, неке бұзушы болып саналмайды.

<sup>4</sup>Сол сияқты сендер де, бауырластарым, Мәсіхтің тәні өлгенде рухани тұрғыдан Онымен бірге «өлдіңдер», сонымен Таурат заңын орындау міндетінен босадыңдар. Енді сендер басқа Біреудің қарамағындасындар: Ол өлімнен қайта тірілген Мәсіх. Сондықтан біз Құдайға қызмет етіп, рухани жеміс бере аламыз.

<sup>5</sup>Біз әлі де ескі күнәкар болмысымыздың билігінде жүрген кезде заңның өзі бойымызда күнәлі құмарлықтарды қоздырып оятты. Осылайша біз нәтижесі өлім болатын нәрселерді істеп келдік. <sup>6</sup>Ал енді біз өзімізді байлап қойған Таурат заңын орындау міндетінен босатылдық, себебі рухани тұрғыдан «өліп», оған жоқ болдық. Ендеше Құдайға бұрынғыдай тек заңның баптары бойынша емес, Киелі Рухтың жетелеуімен жаңаша қызмет етеміз.

<sup>7</sup>«Бұдан қандай қорытынды шығады? (Бойымыздағы күнәлі құмарлықтарды қоздырып, оятқандығына бола) Таурат заңы күнәлі ме?» Жоқ, мүлдем олай емес! Бірақ заң болмаса, күнә жасағанымды білмес едім. Мысалы, Таурат заңы «Басқаның иелігіне сұқтанба!» демесе, сұқтанудың күнә екенін білмес едім. <sup>8</sup>Алайда күнә жағдайды пайдаланып, осы өсиеттің көмегімен менің бойымдағы күнәлі құмарлықтардың әр түрін қоздырды. Заң болмағанда күнә туралы білім болмас та еді.

<sup>9</sup>Бір кезде заңды білмей өмір сүрдім. Ал заңның өсиеттерін естіген соң мен күнә туралы түсіне бастап, <sup>10</sup>рухани тұрғыдан өлгенімді, яғни Құдайдан ажырағанымды, білдім. Осылай Құдайдың нағыз өмірге жөн сілтейтін өсиеті маған өлім алып келді. <sup>11</sup>Себебі күнә жағдайды пайдаланып, мені еліктіріп, рухани өлімге душар етті. <sup>12</sup>Ендеше Таурат заңы қасиетті, өсиет те

қасиетті, әділ және игі.

<sup>13</sup>«Сонымен осындай игі заң маған рухани өлімді (яғни Құдайдан ажырауды) әкелгені ме?» (деп біреудің сұрауы мүмкін.) Жоқ, мүлдем олай емес! Қайта, күнәлі құмарлық игі заңды пайдаланып, өлім әкелді. Бұл, күнәнің шын мәнінде нағыз жаман, жексұрын нәрсе екенін өсиет арқылы анық көрсету үшін осылай болды.

<sup>14</sup>Тауратзаңының Құдай Рухынан шыққанын білеміз, ал мен пенде ретінде күнәлі құмарлықтардың құлдығындамын.

<sup>15</sup>Не істеп жүргенімді өзім де түсінбеймін: қалағанымды емес, керісінше, жек көретінімді істеп жүрмін. <sup>16</sup>Ал өзім қаламайтын қылықтарды істегендіктен, Таурат заңының игі екенін іштей мойындаймын. <sup>17</sup>Онда жаман нәрсені істеген мен емес, бойымдағы күнәлі құмарлық.

<sup>18</sup>Менің бойымда, яғни ескі күнәкар болмысымда, жақсылық жоқ екенін білемін; сондықтан да жақсылық жасағым келсе де, оны жүзеге асыратын күшім жоқ.

<sup>19</sup>Осылай мен қалаған игілікті емес, қаламайтын жамандықты жасаймын. <sup>20</sup>Ал енді, өзім қаламайтын жамандықты жасағанымда бұны істеген мен емес, бойымдағы күнәлі құмарлық.

<sup>21</sup>Осылай мен байқаған заңдылық мынау: жақсылық жасағым келсе де, бойымдағы жаман құмарлық қарсы тұрады. <sup>22</sup>Іштей Құдай заңына ризамын, <sup>23</sup>бірақ бойымда басқа бір заңдылықтың да бар екенін байқаймын: ол ақыл-ойым қалайтын жақсылыққа қарсы шығып, мені бойымдағы күнәлі құмарлыққа кіріптар етеді. <sup>24</sup>Сорлы басым-ай! Өлім әкелетін күнәлі тәнімнен мені кім құтқара алады? <sup>25</sup>Құдайға шүкір, Иеміз Иса Мәсіх арқылы (бойымыздағы күнәлі құмарлықтың құлдығынан құтқарыла аламыз)!

Сонымен, жағдайым мынадай: ақыл-ойыммен Құдайдың заңын орындағым келеді, ал ескі күнәкар болмысымның кесірінен күнәлі құмарлыққа кіріптармын.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

### **№7 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Құтқарылған адам қасиеттілікке өз күшімен қол жеткізе алады (...бет) Д Қ
2. Адам өлгеннен кейін Таурат заңының күші оған жүрмейді (...бет) Д Қ
3. Сенушінің Таурат заңына қатысын бейнелеу үшін Пауыл 7-тарауда жерге себілген тұқымның дәнін қолданады (... бет) Д Қ
4. Сенуші Таурат заңы үшін өлген (... бет) Д Қ
5. Енді сенушінің өмірінің ережесі Таурат заңы емес, Иеміз Мәсіх Иса (... бет) Д Қ
6. Заңға бағынғанда біздің бере алатын бірден-бір рухани жемісіміз – өлім. Д Қ
7. Құдайдың заңы адам жүрегінің ұйқыдағы күнәкарлығын оятып, оны белсенді іс-әрекетке итермелейді (...бет) Д Қ



8. Рим 7:7-25 аяттарда Пауыл әділ өмірге өз күшімен қол жеткізгенін айтады (...бет) Д Қ

9. Пауыл Таурат заңының талаптары қасиетті де игі, алайда олар әділ емес, өйткені оларды орындау мүмкін емес деп қиналады (... бет) Д Қ

10. Пауыл Исаға сенімін артқанда, өзінің әділ өмір сүруге деген ұмтылысының табысты болғанын көрді (...бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ЖЕТІНШІ ТАРАУ – ҚҰЛДЫҚ**

1. Осы принциптер туралы білетіндеріңіздің Рим 7:5-6 аяттарда оқитындарыңызбен қатысы қандай?

2. Емшектегі кінәратсыз сәбиді Таурат заңын білмейтін адаммен салыстырудың мәнісі бар ма?

3. Рим 7:7-14 аяттар біздің рұқсат етілмеген нәрсені істегісі келетін кішкентай балаларға ұқсас екенімізді қалайша көрсетеді? Осыған байланысты ережелердің өздері жаман болып шыға ма?

4. Сіздер өздеріңізді Рим 7:15-25 аяттардағы Пауыл елшіге ұқсаспыз деп есептей аласыздар ма?

### АЗАТТЫҚ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Біз адамның күнәмен күресуге жалғыз өзінің күші жетпейтініне көзіміз жетті. Осы тараудан біз сенуші Құдайдың Киелі Рухына кенелгенде соның мүмкін екенін көреміз. Өзімізді Құдайға бағыштап, Оның бізді басқаруына жол бергенімізде Ол бізді Мәсіхке кенелтіп және Оған ұқсатып өзгертіп, сол арқылы бізді күнәнің билігінен азат етеді.

#### **ҚАЛАЙ ӘДІЛ ӨМІР СҮРУ КЕРЕК? (Рим 8)**

Әділ өмір Құдайдың Киелі Рухының сенушінің өміріндегі жемісі. Бұл жемістер сансыз көп және жарылқанған.

Бәрінен бұрын бұл жаңа азаттық (8:1). «Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай Жазалау үкімін шығармайды...». Заңға бағынып өмір сүруге тырысу құлдықты туындатады, ал Мәсіхпен тығыз байланыстағы өмір азаттықты сыйлайды.

Бұдан әрі өмірдің жаңа заңы беріледі (8:2). «Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті». Мұны келесі мысалмен көрсетуге болады. Егер тасты жоғары лақтырсаңыз, ол жерге құлайды. Дүниежүзілік тартылыс заңы да дәл осылай әрекет етеді. Ал тірі құсты жоғары қарай лақтырсақ, ол ұшып кетеді. Ал бұл дүниежүзілік тартылыс заңынан

күштірек жаңа заңның әрекеті. Ол өмірдің заңы деп аталады. Сенушінің де өмірінен тартылыс заңына ұқсаған, оны төменге, күнәға қарай тартатын заң көрінеді. Алайда бойымызда тұрып жатқан Құдайдың Киелі Рухы сенушіні күнә мен өлімнің ескі заңынан азат етіп босатады.

Мұнан кейін жаңа күш келеді (8:3-4). Адамның күнәкар болмысына бола заң әділдікке жеткізе алмады. Алайда Мәсіх Өзінің өлімімен күнәні соттап, адамдарды оның билігінен азат етті. Сол кезден бастап сенушілер әділдік заңын Құдайдың Киелі Рухының күшімен орындай алады.

Жаңа ойлар пайда болады (8:5). Құдайдың Киелі Рухы сенушіні тәндік құмарлықтарынан сақтап, оның ойниеттерін игі нәрселерге аудартады.

Жаңа жемістер пайда болады (8:6). Сенуші өмір мен тыныштыққа кенеледі. Бұл – Мәсіхке бағышталған шынайы өмір.

Құдайға деген жаңа көзқарас пайда болады (8:7). Бүлік пен қастықтың орнына мойынсұну мен сүйіспеншілік келеді.

Сенушінің өмірі басқаша болып өзгереді – ол енді тәннің қалауымен емес, Құдай Рухының жетелеуімен өмір сүреді. Ескі күнәкар болмыстың еркі бойынша өмір сүретін адам өзінің қалаулары мен әдеттерінің жетегінде жүріп, өзінің тәні мен дүние-мүлкі өмірдегі бірден-бір мәнісі бар нәрселер іспетті іс-әрекет жасайды. Киелі Рухтың еркіне сай өмір сүруші адам Құдайдың Рухы еш кедергісіз әрекет жасай алуы үшін өз өмірін Құдайға сеніп тапсырады.

Сонымен қатар жаңа кепілдіктер пайда болады (8:11).

Құдайдың рухани баласының бойындағы Құдайдың Рухы Мәсіхтікі іспетті сол адамның да денесі өлімнен тірілетініне куәлік етеді.

Енді сенуші өз тәніне бағынбайды, бұдан былай ол Құдайдың Рухына адал (8:12). Біздің борышымыз бар, бірақ бұл біздің тәндік болмысымыздың алдындағы борыш емес.

Жаңа міндеттер туындайды (8:13). Құдайдың Рухының көмегімен біз тәндік іс-әрекеттерімізді өлтіруге тиіспіз. Бұл – Иеміз Мәсіх Исаға ұнамайтын әрбір әрекеттеріміз бен ой-ниеттерімізге «жоқ» деп айту.

Құдаймен қарым-қатынастың жаңа сезімі пайда болады (8:15). Енді қайтып құл еткен қорқыныш жоқ, еркіндіктің, азаттықтың ұлдары бар. Құдайға сеніммен көз тігіп, Оны «Әке» деп атай аламыз.

Жаңа қарым-қатынастар қалыптасады (8:16-17). Киелі Рух сенушіге оның Құдайдың рухани баласы, Оның мұрагері және Мәсіхпен мұралас екеніне куәлік етеді. Бұл біздің Құдайдың рухани Ұлымен бірге Көктегі Әкенің барлық байлығымен де бөлісетінімізді білдіреді.

Сенуші жаңа артықшылықтарды да қабылдайды. Ол – Мәсіхпен бірге азап шегу (8:17-18,20-23). Бір қарағанда бұнда тұрған ешқандай да артықшылық жоқ сияқты. Алайда Мәсіхтің Өзіне барлық азапты қабылдайтынын ұққанда сол азаптарға Онымен бірге қатысу жарылқауға айналады.

Бізге жаңа үміт беріледі (8:23-24). Біз тәніміздің күн төленіп азат болуын күтеміз. Құдай біздің өткінші тәнімізді алып, оны күнәнің билігі мен құзырынан

босатқанда ғана Оның біздің бойымыздағы ісі толықтай аяқталады.

Жаңа болашақ пайда болады (8:17-19). Біз Мәсіхпен бірге салтанатты ұлылықты бөлісетін боламыз. Бүкіл жаратылыс, жануарлар әлемін қоса, Құдайдың Өзінің рухани балаларын ұлылыққа бөлейтін сәтін күтуде (8:19). Әзірше осы дүние ыңқылдап, азап шегуде, бірақ ең тамаша күн болашақта келмек.

Біз жаңа қолдауға ие боламыз (8:26-27). Біздің бойымыздағы Киелі Рух Құдайға сиынып мінажат еткенде бізге көмектеседі. Ол бізге деген Құдайдың еркін біледі және сол туралы Құдайға өтініш жасайды.

Сенушілер Құдайдың өз жақтарында екеніне сенімді болады (8:28-30).

Ең соңында жаңа уәде (8:31-39). Ешкім де бізді жеңе алмайды. Бізге тойтарыс беру бірде-бір жаулап алушының қолынан келмейді.

Осы тараудың 33-39 аяттары барлық кезеңдер мен күллі халықтардың сенушілерінің айрықша ұнататын аяттары. Осы аяттарды жаттап алатындарды Құдай рухани марапаттайтын балоды.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ**

### **Сегізінші тарау**

<sup>1</sup>Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды. (Олар өздерінің ескі күнәкар болмысының емес, Құдайдың Киелі Рухының

қалауына сай өмір сүреді.)<sup>2</sup>Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті. <sup>3</sup>Біздің ескі күнәкар болмысымыз (Таурат заңын мүлтіксіз орындауға) дәрменсіз болғандықтан, осы заң істей алмағанды Құдайдың Өзі істеді: Ол Өзінің рухани Ұлын күнәміздің құнын өтеп құрбандық болу үшін күнәлі біздердің денеміздей денемен осы дүниеге жіберді. Біздің күнәмізге бола Құдай Оған үкім шығарып, Оның денесіне өлім жазасын тартқызды. <sup>4</sup>Ондағы мақсаты — біздің ескі күнәкар болмысымыздың еркі бойынша емес, Киелі Рухтың еркіне сай өмір сүріп, Құдайдың заңының әділ талаптарын орындауымыз.

<sup>5</sup>Өзінің ескі күнәкар болмысының еркі бойынша өмір сүретін әрбір жан сол болмысының қалауын жүзеге асыруға ұмтылады. Ал Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүретіндер Киелі Рухтың қалауын орындауға ниет етеді.

<sup>6</sup>Күнәкар болмыстың қамын ойлау мәңгілік өлімге, ал Киелі Рухтың еркін орындау шынайы өмір мен тыныштыққа жеткізеді. <sup>7</sup>Ескі күнәкар болмысымыздың ниеті Құдайға қас, ол Құдайдың заңына бағынбайды, әрі бағына алмайды да. <sup>8</sup>Сондықтан ескі күнәкар болмысының еркімен өмір сүретіндер Құдайға ұнай алмайды.

<sup>9</sup>Бірақ Құдайдың Рухы өмірлеріңнен орын алғандықтан, сендер ескі күнәкар болмыстарыңның емес, Құдай Рухының жетелеуімен өмір сүрудесіңдер. Ал бойында Мәсіхтің Киелі Рухы жоқ адам — Мәсіхтің адамы емес.

<sup>10</sup>Егер де Мәсіх (Өзінің Рухы арқылы) өмірлеріңнен орын алған болса, онда тәндерің күнәнің кесірінен ажалды болғанмен, рухтарың ақталудың арқасында мәңгілік өмірге ие. <sup>11</sup>Өлімнен Иса Мәсіхті қайта тірілткен Құдайдың Киелі Рухы өмірлеріңнен орын алды. Сондықтан Құдай бойларыңда тұратын Өзінің Киелі Рухы арқылы сендердің денелеріңді де өлімнен тірілтіп алатын болады.

<sup>12</sup>Сондықтан, қымбатты бауырластар, ескі күнәкар

болмысымыздың еркімен өмір сүруге міндетті емеспіз!

<sup>13</sup>Өйткені егер оның еркіне сай өмір сүрсеңдер, Құдайдан ажырап, мәңгілік өлімге ұшырайсыңдар. Ал егер Киелі Рухтың күшімен күнәкар болмыстарыңның іс-әрекетінен мүлдем бас тартсаңдар, шынайы өмір сүресіңдер.

<sup>14</sup>Өйткені Құдай Рухының жетелеуімен жүретіндер - Құдайдың рухани балалары.

<sup>15</sup>Сендер өздеріңді құл етіп, қайтадан қорқытып жүретін рухты емес, Құдайдың рухани баласы еткен Киелі Рухты қабылдадыңдар. Ол арқылы біз Тәңір Иеге сиыңғанда «Әке, Әке!» деп шақырамыз. <sup>16</sup>Киелі Рух Құдайдың рухани баласы екенімізді өз рухымызға растайды. <sup>17</sup>Рухани баласы болғандықтан, Оның бізге дайындап қойған мәңгілік игіліктеріне де ие боламыз: Құдай Мәсіхке сыйлағандары іспетті игіліктерді бізге де сыйламақ. Егер Мәсіхтің жолында жүріп, азабына ортақ болсақ, Оның салтанатты ұлылығына да ортақ болып, сол игіліктерді қабылдаймыз.

<sup>18</sup>Болашақта біз үшін анық көрінетін салтанатты ұлылықпен салыстырғанда, қазіргі заманның азаптарының түк емес екендігіне әбден сенемін. <sup>19</sup>Бүкіл жаратылыс Құдай Өзінің рухани балаларын анық көрсететін күнді сағына күтіп отыр. <sup>20</sup>Өйткені жаратылыс өз еркімен емес, Құдайдың үкімімен өткіншілікке бағынды. <sup>21</sup>Солай бола тұра, Құдай бізге болашақта жаратылыс та өткіншіліктің құлдығынан босатылып, Құдайдың рухани балаларының салтанатты ұлылығы мен бостандығына жетеді деген үміт берді.

<sup>22</sup>Қазірге дейін бүкіл жаратылыстың толғақ азабы секілді бейнет шегіп, ыңқылдай күрсініп жатқанын білеміз.

<sup>23</sup>Бірақ ол ғана емес, Құдайдың алғашқы сыйы ретінде Киелі Рухты қабылдаған біз де іштей ыңқылдай күрсіне отырып, Құдай бізді рухани баласы ретінде Өзіне алатын, осылай тәнімізді өткіншіліктен азат ететін күнді сағына күтудеміз. <sup>24</sup>Құтқарылғаннан бері біздің осындай үмітіміз

бар. Ал орындалған үмітті ешкім үміт демейді, өйткені ол іске асқанда үміт болудан қалады. <sup>25</sup>Енді біз әлі де орындалмаған нәрсеге үміт артқандықтан, оны сабырмен сағына күтеміз.

<sup>26</sup>Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді. <sup>27</sup>Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін де түгелдей түсінеді.

<sup>28</sup>Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді өз мақсатына сай таңдап алды. <sup>29</sup>Құдай алдын ала білетін біздерді Өзінің рухани Ұлының үлгісіне ұқсасын, осылайша рухани Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді. <sup>30</sup>Құдай кімдерді бұрыннан белгілеп қойса, соларды шақырып алды, шақырып алғандарын ақтап та алды, ақтап алғандарына ұлылық та сыйлады.

<sup>31</sup>Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!<sup>32</sup>Ол Өзінің жалғыз рухани Ұлын аямай, Оны біз үшін өлімге қиды. Ендеше Онымен бірге бізге қажеттінің бәрін қалайша сыйламайды? <sup>33</sup>Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады? Құдайдың Өзі оларды ақтайды, <sup>34</sup>ендеше кім үкім шығара алады? Мәсіх Иса біз үшін өлді, Ол қайта тірілді де. Содан Ол Құдайдың оң жағынан орын алып, бізді қолдауда.

<sup>35</sup>Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, қудалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме? <sup>36</sup>Забурда мына сөздер жазылған: «Сен үшін олар бізді күнде жоюда, сойылатын қой деп бізге қарауда». <sup>37</sup>Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз.



<sup>38</sup>Мен мынаған нық сенемін: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен айыра алмайды! <sup>39</sup>Рас, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

### **№8 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Құдай Мәсіхке сенім артқандардың барлығын айыпталудан азат етуге уәде берді (... бет) Д Қ

2. Сенуші Таурат заңы талап ететін әділдікті Құдайдың Киелі Рухының күшімен орындайды (... бет) Д Қ

3. Сенуші тәнінің еркіне сай өмір сүре алады (... бет) Д Қ

4. Сенушінің Құдайдың Киелі Рухына кенелуі, оның болашақта өлімнен қайта тірілетініне кепілдік береді (... бет) Д Қ

5. Тәннің іс-әрекеттерін жою сенушіден ерік күші мен шешімді талап етеді (... бет) Д Қ
6. Сенуші Мәсіхпен бірге Құдай Әкеміздің барлық байлықтарын мұралайды (... бет) Д Қ
7. Егер сенуші азап шегіп жүрсе бұл оның күнә жасағанын білдіреді, өйткені азап шегудің сенушінің өміріне қатысы жоқ (... бет) Д Қ
8. Болашақта сенушілердің тәндері құн төленіп азат етіледі (... бет) Д Қ
9. Осы күнәкар дүние, тән және эзезіл сенушіге шабуыл жасағанда, өзара бірігіп, кейде оны Құдайдың сүйіспеншілігінен ажырата алады (... бет) Д Қ
10. Киелі Рухтың қызметтерінің біреуі Оның сенушіні Құдайға не туралы сиынып дұға етуге үйретуі болып табылады (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **СЕГІЗІНШІ ТАРАУ – АЗАТТЫҚ!**

1. 8 тараудың бірінші аяты бұл шындықтың ақыр соңында неге әкелетінін айтса, одан кейінгілері соны көрсетеді. Осы тараудан алты бөлімді табыңыз.

А. Ұлы шындықты бекіту;

Ә. Оның әрбір адам үшін нені білдіретінін түсіндіру;

Б. Бұл туралы естігенде біз не істеуге тиіспіз және неліктен;

В. Қазір және болашақта біз қандай нәтижені күте

аламыз;  
Г. Құдай мұның бәрін біз үшін неліктен істеді;  
Ғ. Оның сүйіспеншілігіне шаттану.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

### ЯҺУДИЛЕР ЖАЙЛЫ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Көне Келісім заманында Құдай негізінде Исраил халқымен қарым-қатынаста болды. Бұл Құдайдың таңдаған халқы еді. Атап айтқанда осы халыққа Ол көптеген ұлы уәделер берді.

Ізгі хабар яһудилер мен қатар өзге ұлттық адамдарға да уағыздалған қазіргі кезде, Құдай Өзінің бұрынғы уәделерін ұмытып кеткендей болып көрінеді.

### **ҚҰДАЙ ӨЗІНІҢ УӘДЕЛЕРІН БҰЗДЫ МА? (Рим 9-11)**

Жоқ! Келесі тарауларда Пауыл сенімсіздіктеріне бола Құдай исраилдіктерді уақытша тастап кетті деп түсіндіреді. Алайда халық қайтадан Құдайға өтініш жасап сұраса, олар өздерінің бұрынғы құрметті орындарын алады.

Бұл тақырыпты үш негізгі бөлімге бөлейік.

## **1. Құдайдың Исраилден бас тартуының негізі бар еді (9:1-29).**

Халықтың мәртебесі жоғары болды. Яһудилер Жаратқан Иенің халқы болып есептелді. Олар Құдайдың жер бетінде екенін дәлелдейтін Оның салтанатты ұлылығының бұлтын көрді. Оларда Құдайдың он өсиеті, Таурат заңы, Киелі үйдегі қызметі, Құдайдың уәделері және түп аталары болды. Мәсіхтің Өзі де адам кейпінде олардың Ұрпағы болып дүниеге келді. Ал осының бәріне қарамастан, Исраил халқы Мәсіхті мойындамады, Құдай сондықтан олардан бас тартты (9:1-5).

Бұл Құдай Өзінің берген уәделеріне адал болмады дегенді білдірмейді. Құдайдың уәделері ешқашан да тұтастай Исраилге емес, оның тек Құдай таңдаған бөлігіне ғана берілді (9:6). Мысалы, Ыбырайымның балалары көп болды, бірақ Құдай тек Ысқақтың ғана ұрпақтарын таңдады. Ендеше шыққан тегіміз өздігінен жарылқау бере алмайды. Рабиғаның Жақып пен Есау есімді екі ұлы болды, бірақ Құдай Жақыпты таңдап, соған жарылқауын берді. Құдай егіз ұлдар дүниеге келмей тұрғанда-ақ Жақыпты таңдап алды. Құдай сонысымен игі істердің Оның шешіміне әсер ете алмайтынын көрсетті.

Бұдан әрі біз Құдайдың билігінің толық екенін көреміз. Ол қалаған адамына рақымды болады (9:14-18). Ешкім де Оны әділетсіз деп айыптай алмайды (9:14). Бұл жайлы Құдай Мұсаға айтқан (9:15). Құдайдың таңдап алуы адамның күшіне емес, Оның рақымына байланысты (9:16). Перғауын жүрегін Құдайға қарсы қасарыстырып алғанда Жаратқан Ие оны Өзінің құдіретін көрсету үшін қолданды (9:17). (Киелі кітап Құдай адамдарды қарғыс үшін таңдайды деп ештеңе айтылмаған деп үйретеді: – Автордың ескертуі).

Адам Құдаймен таласып, айтыса алмайды (9:19-21).

Бұл Құдаймен тең болуды білдірер еді. Адамдардың барлығы бірдей бір балшықтан – күнәнің балшығынан жасалған. Егер оларды тастаса бәрі де құриды. Құдай – Құмырашы. Ол Өзінің үйіне келіп бірқатарына рақым көрсетеді. Оның соған құқығы бар ма? Чарльз Эрдман былай дейді: «Құдайдың тәуелсіздігі ешқашан да құтқару қажет адамдардың қарғысына әсер етпеді, керісінше, ол өлімге лайықты адамдардың құтқарылуынан көрініс тапты».

Құдай ұзақ жылдар бойы сабырлылықпен шыдап келгеннен кейін Исриалден бас тартты (9:22-24). Басқа ұлттық адамдардың құтқарылып, Исраилдің біразырақ бөлігінен басқаларынан Құдайдың бас тартатыны жайлы Киелі кітапта алдын ала айтылған да. Басқа ұлттық адамдардың құтқарылуы 9:25-26 аяттарда талқыланса, 9:27-29 аяттарда Исраилден Құдайдың бас тартатыны жайлы айтылған.

## **2. Исраилдің Құдайдан ажырауы олардың сенімсіздіктерінің нәтижесі (9:30-10:21).**

Яхудилер әділдікке өз жолдарымен, Таурат заңын орындау арқылы қол жеткізгілері келді (9:30-33). Басқаша айтқанда, олар Жаратқан Иенің Исаға деген сенімге негізделген жоспарын қабылдаудан бас тартты (10:1-4). Исраил халқына әділдіктің істер арқылы емес, сенім арқылы берілетіндігі Көне Келісімнен белгілі болуға тиіс еді (10:5-11). Дегенмен, Мұса іс-әрекеттер жайлы да тәлім берді. Заң адамға істеуге бұйырады, ал сенім ақталу үшін іс-әрекеттің қажеті жоқ деп нұсқайды. Мәсіх құн төлеп азат ету ісін *орындады*. Ол көктен төмен түсіп, біздің дүниемізге келді, өлді, қабірге қойылды және өлімнен

қайта тірілді. Енді Құдай тек Мәсіхке сенім артуды және Оның өлімнен қайта тірілгеніне сенуді ғана талап етеді.

КөнеКелісімненИсраилхалқысенімніңбарлықхалықтарға да, яһудилермен қатар бөтен ұлттың адамдарына да берілетінін білуге тиіс еді (10:12-21). Мұны көптеген пайғамбарлар алдын ала айтып кетті де. Ишая «барлық сенушілердің» құтқарылатынын жариялады (10:11). Жоел пайғамбар да «әркімнің» құтқарылатынын уәде етті (10:13). Ишая мен Дәуіт Ізгі хабардың дүниежүзіне таратылатыны жайлы айтты (10:15,18). Мұса мен Ишая басқа ұлттық адамдардың Құдайға келетінін алдын ала айтып кетсе (10:19-20), Ишая Исраилдің Ізгі хабарды қабылдамайтынын көрсетті (10:21).

### **3. Құдайдың Исраилден бас тартуы толықтай және біржола емес (11:1-36)**

Құдай өз халқынан бас тартқан жоқ (19:1-6). Бұған Пауылдың өз басы дәлел бола алады. Бұдан басқа Ілиястың заманындағыдай халықтың Құдайға адал болып қалған бөлігі Оның рақымымен аман қалды (11:2-5). Алайда Құдай Исраилді көр соқыр етті (11:7-10). Бұл жерде сөз тәндік тұрғыдан көздің көрмеуі туралы емес, рухани нәрселерді ажыратуға қабілетсіздік туралы болып отыр. Сондай-ақ Құдайдың Исраилден бас тартуы халықтың Одан біржола безіп кетуін білдірмейтінін де ескерейік (11:11-16). Олардың Құдайдан безіп кетуі басқа ұлт адамдарын құтқарылуға әкелді (11:11-12). Мұнан басқа өзге ұлттық адамдардың жарылқануы яһудилердің қызғанышын туғызу үшін де болды (11:14).

Егер Исраилдің құлауы осы дүниенің жарылқануын білдірсе, онда Құдайдың оларды қайтадан қабылдауы қандай зор жарылқау болмақ! (11:15-16) Алайда

басқа ұлттық адамдарға Исраилді құлдырауға әкелген қауіптерден сақтанған жөн (11:17-25). Олар дандайсып мақтанбауға тиіс. Яһудилер, ақыр аяғында, өздігінен-ақ жарылқану болып табылады. Құдай олардан сенімсіздіктеріне бола бас тартты. Рим 11:17-24 аяттарда Пауыл өзінің ілімін бейнелеп көрсету үшін зәйтүн ағашының образын пайдаланады. Оның табиғи бұтақтары – Исраил халқы. Жабайы бұтақтары – басқа ұлттық адамдар. Зәйтүн ағашы әлемнің тарихы барысындағы Құдайдың жарылқауларының тізбегін білдіреді. Сенімсіздік яһудилерге қауіпті болғаны іспетті, басқа ұлттық адамдар үшін де сондай (11:21-22). Құдайға өзге ұлттық адамдарға рақымын төккеннен гөрі, яһудилермен байланысын қайтадан қалпына келтіру әлдеқайда жеңіл (11:21-24). Исраилдің рухани соқырлығы уақытша ғана (11:25). Исраил қайтадан Оның рақымына ие болады (11:26-32). Қорыта келе Пауыл Құдайдың жолдарының керемет екенін жазады (11:33-36). Бұл өлең жолдарына айрықша назар аудару қажет. Олар Құдайдың – бәрі екені, ал адамның түк еместігі жайлы шындықты үйретеді.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 9-11**

### **Тоғызыншы тарау**

<sup>1</sup>Мен Мәсіхпен тығыз байланыстағы адам ретінде жалған емес, шындығын айтып отырмын, Киелі Рухқа бағынған ар-ұжданым бұған куә: <sup>2</sup>қасіретім зор, жүрегім үздіксіз сыздайды; <sup>3</sup>егер қанымыз бір бауырлас яһуди халқының сенімге келуі үшін менің қарғысқа ұшырап, Мәсіхтен аластатылуым қажет болса, соған да дайын болар едім. <sup>4</sup>Олар Құдай рухани баласы ретінде қабылдап, Өзінің салтанатты ұлылығын көрсетіп, әлденеше Келісім жасасқан Исраил халқы. Таурат заңы, киелі үйдегі

қызмет және Құдайдың уәделері де солардың үлесінде. <sup>5</sup>Ыбырайым, Ысқақ, Жақып және оның ұлдары осы халықтың түп аталары болған. Мәсіхтің Өзі де адам кейпінде олардың Ұрпағы болып дүниеге келді. Ол Құдай, бүкіл жаратылыс Оның қолында, Ол мәңгі мадақтала берсін! Аумин.

<sup>6</sup>Аляһудилердің көпшілігінің Мәсіхті мойындамағандығы Құдайдың берген сөзін орындамағанын білдірмейді. Израилден тарағандардың бәрі бірдей шынайы Израил қауымы емес қой; <sup>7</sup>Ыбырайымнан тарағандардың бәрі бірдей оның Құдай таңдап алған ұрпағы да емес. Қайта, Құдай Ыбырайымға: «Сенің ұрпағың Ысқақтан тарайтын болады», - деді. <sup>8</sup>Олай болса, Ыбырайымның кіндігінен тараған балалардың бәрі емес, тек Ысқақ сияқты Құдайдың уәдесі бойынша дүниеге келген үрім-бұтағы ғана нағыз ұрпағы деп есептеледі. <sup>9</sup>Өйткені Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі былай болған: «Келесі жылы осы уақытта Мен саған тағы да келемін. Сонда әйелің Сараның ұлы болады».

<sup>10</sup>Рабиға жөнінде де тура осылай болды. Оның екі ұлы бір әкеден, яғни түп атамыз Ысқақтан, туған. <sup>11</sup>Бірақ егіз ұлдары (Есау мен Жақып) дүниеге келмей, әрі не жақсылық, не жамандық жасамай тұрған кезде-ақ, Құдай екеуінің біреуін таңдап алды. <sup>12</sup>Бұл жерде Құдайдың адамдарды олардың істеген істері бойынша емес, Өзінің еркі бойынша таңдап алуы айқын көрінеді. Ол Рабиғаға: «Ағасы інісінің қызметшісі болмақ», — деген хабар жіберді. <sup>13</sup>Сол сияқты Оның мына тәрізді сөздері де жазылған: «Мен Жақыпты сүйіп таңдап алдым, ал Есауды таңдамадым».

<sup>14</sup>Бұл нені білдіреді? Құдайдың әділетсіз болғаны ма? Жоқ, мүлдем олай емес! <sup>15</sup>Құдай Мұса пайғамбарға: «Мен қалаған адамыма рақымды боламын, таңдап алғанымға мейірімді шашамын», — деген. <sup>16</sup>Яғни Құдайдың таңдап алуы адамның қалауы мен әрекетіне



емес, Құдайдың рақымына байланысты. <sup>17</sup>Тауратта Өзіне қарсы шыққан Мысыр патшасы перғауынға Құдайдың былай дегені де жазылған: «Саған (істейтінім арқылы) құдіретімді көрсетіп, бүкіл жер жүзіне атымды шығару үшін ғана сені патша етіп қойдым». <sup>18</sup>Сонымен, Құдай Өзі қалағандарына рақымын төгіп, ал жаратпағандарын қасарыстырып қояды.

<sup>19</sup>Мүмкін, біреулерің маған: «Олай болса, Құдай бізді неге кінәлайды? Оның еркіне кім қарсы шыға алар еді?» деп айтарсыңдар. <sup>20</sup>Ей, пенде, Құдайға қарсы сөйлейтіндей сен кімсің?! Жаратылған нәрсе өзін жаратқанға: «Неге мені осылай жараттың?» деп айта ма? <sup>21</sup>Қайта, құмырашы бір балшықтан алып, біреуін сән-салтанатқа, келесісін қарапайым қолданысқа арнап екі ыдыс жасаймын десе, ерікті емес пе?

<sup>22</sup>Ал мынаған не дейсіңдер: Құдай біреулеріне күнәлары үшін қаһарын төгіп, құдіретін көрсетпек болды. Бұлар құртылуға лайықты болса да, Құдай солардың жаман іс-әрекеттеріне үлкен сабырлықпен шыдап келген еді.

<sup>23</sup>Ал басқалары арқылы Құдай Өзінің шексіз ұлылығын көрсетпек болып, оларға рақымын төкті. Бұларды Ол көктегі салтанатты ұлылықты иемденуге алдын ала дайындаған еді. <sup>24</sup>Осы үшін Құдай бізді яһудилерден ғана емес, басқа ұлттардан да шақырды. <sup>25</sup>Бұл туралы Ол Ошия пайғамбар арқылы былай деген: «Мен «Халқым еместі» енді «Өз халқым» деймін, сүймегенімді «Сүйіктім» деп атаймын». <sup>26</sup>Және: «Олар «халқым емессіңдер» делінген жердің өзінде енді «мәңгі тірі Құдайдың рухани балалары» деп аталады».

<sup>27</sup>Ишая пайғамбар Исраил жайында дауыстап мынадай сөздер айтқан: Исраилдің ұрпақтары теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай сансыз көп болса да, олардың біразы ғана аман қалады. <sup>28</sup>Иә, Жаратқан Ие бұл үкімін жер бетінде тездеп, (шексіз әділдікпен) біржола іске асырады.

<sup>29</sup>Ишаяның алдын ала айтып кеткен мына сөзі де дәл

келді: «Әлемнің Иесі біразымызды тірі қалдырмағанда, біз де ежелгі Содом мен Гомора қалаларының кебін киіп, толықтай жойылып кеткен болар едік».

<sup>30</sup>Бұған не дей аламыз? Құдай алдында ақталуға тырыспаған басқа ұлт адамдары сенімдері арқылы ақталды, <sup>31</sup>бірақ Таурат заңын орындау арқылы ақталуға тырысқан Исраил халқы бұл мақсатқа жете алмады.

<sup>32</sup>Неге жете алмады? Себебі олар сенім арқылы емес, өз еңбектері арқылы ақталуға тырысты. Сондықтан Мәсіх олар үшін сүріндіретін «кедергі тас» іспетті болды.

<sup>33</sup>Бұл туралы да осы тәрізді сөздер алдын ала жазылған еді: Міне, Мен Сион қаласында кедергі тасты орнатып қоямын. Бұған көбі сүрініп, құлайды. Ал «Оған сенімін артқан ешкім ұятқа қалмайтын болады лайым».

## Оныншы тарау

<sup>1</sup>Қымбатты бауырластар, менің жүрегімнің тілегі және Құдайдан жалбарынып сұрайтыным исаилдіктердің құтқарылуы. <sup>2</sup>Олардың Құдай үшін ынта көрсетіп жүргендеріне куәмін, алайда ынталары дұрыс түсінікке негізделмеген. <sup>3</sup>Өйткені олар Құдайдың адамды ақтау жолын ұқпай, өздерінің әділдігін орнатуға тырысты, осылайша Тәңір Иенің дайындаған ақтау жолын мойындамай қойды. <sup>4</sup>Адамдардың Таурат заңын ұстануға ұмтылысын Мәсіх тоқтатты, енді Оның құрбандық өліміне сенетіндер ақталады.

<sup>5</sup>Таурат заңының ережелерін орындау арқылы ақталу туралы Мұса пайғамбар былай деп жазған: «Оларды бұлжытпай орындайтын адам солар арқылы өмір сүреді».

<sup>6</sup>Ал сенім жолымен ақталу туралы Тауратта мына тәрізді сөздер айтылған: Кім көкке көтеріледі? Яғни кім Мәсіхті көктен алып келеді? деп іштей сұрама. <sup>7</sup>Немесе: Кім тұңғыыққа түседі? Яғни кім Мәсіхті өлімнен қайтарып алып келеді? деп те айтпа. <sup>8</sup>Қайта, сенім жолымен ақталу

жөнінде былай делінген: «Бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегінде».

Сенім туралы біз жариялап жүрген сөз - осы. <sup>9</sup>Өз ауызыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың. <sup>10</sup>Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады. <sup>11</sup>Осы туралы Ишая пайғамбардың жазбасында «Оған сенімін артқан ешкім ұятқа қалмайтын болады лайым» делінген ғой. <sup>12</sup>Бұл жерде яһудилер мен басқа ұлттардың араларында айырмашылық жоқ, олардың жалғыз бір Жаратқан Иесі бар: Ол Өзіне сиынғандардың бәріне де шексіз рақымды. <sup>13</sup>Себебі: «Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім құтқарылады» деп те жазылған.

<sup>14</sup>(Енді былай деулерің де мүмкін:) «Олар Иемізге сенбесе, қалай Оған сиынады? Ол туралы естімесе, қалай сенеді? Оны ешкім уағыздамаса, қайдан естиді? <sup>15</sup>Ал Құдай жібермесе, қалай уағыздайды?» Пайғамбарлар жазбаларында мына тәрізді сөздер бар: (Татулық туралы) ізгі хабарды жеткізушілердің келгені қандай тамаша!

<sup>16</sup>Бірақ Құдай Ізгі хабарды жіберген болса да, ираилдіктердің бәрі бірдей оған сенген жоқ, оны қабылдаған да жоқ. Осы туралы Ишая пайғамбар мынадай сөздер айтқан: Уа, Ием, біздің хабарымызға азғана кісілер сенді!<sup>17</sup>Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады. <sup>18</sup>Енді: «Олар хабарды естіген жоқ па?» деп сұрағым келіп тұр. Әрине, естіген. «Үндері жайылады бар жер бетіне, сөздері таралады жердің шетіне» деп (Забурда) жазылған ғой.

<sup>19</sup>Онда мен: «Мүмкін Исраил халқы түсінбеген шығар?» деп сұраймын. Тіпті басқа ұлттық адамдар оны түсінді ғой! Мұса пайғамбар мұны бірінші болып Құдайдың мына тәрізді сөздерімен алдын ала айтты: «Мен халық сиқы жоқ бөтендер арқылы сендердің қызғаныштарыңды оятамын. Иә, өздерің түсінігі жоқ деп санайтын өзге

халықпен сендерді ашуландырамын!»<sup>20</sup>Ишая пайғамбар бұл туралы батылдықпен Құдайдың мынадай хабарын жеткізді: «Іздемегендер Мені таба алды. Мен туралы сұрамағандарға Өзімді көрсеттім». <sup>21</sup>Ал Исраил халқы жайында Құдай мына тәрізді сөздер айтты: «Мен құлақ аспайтын, қасарысқан халықты күні бойы қол созып шақырумен болдым».

## Он бірінші тарау

<sup>1</sup>Ал енді мынаны сұрайын: «Құдай өз халқынан біржола бас тартты ма?» Жоқ, мүлдем олай емес! Мен өзім де исраилдікпін, Ыбырайымның ұрпағынан, Бунямин руынан тарағанмын. (Алайда Мәсіхке сенемін.)

<sup>2</sup>Демек, Құдай баяғы заманда ерекше таңдап алған халқынан біржола бас тартқан жоқ. Илияс пайғамбар туралы Пайғамбарлар жазбаларында не айтылғаны естерінде ме? Ол Құдай алдында Исраил туралы былай деп шағым айтқан: <sup>3</sup>«Уа, Жаратқан Ие! Олар Сенің пайғамбарларыңды өлтіріп, Саған арналған құрбандық үстелдерін қиратты. Жалғыз өзім ғана қалдым, олар енді менің жанымды да алмақшы».

<sup>4</sup>Құдайдың оған берген жауабы былай емес пе: «Мен Өзіме жеті мың адамды аман қалдырып отырмын. Олар (Маған адал болып, жалған тәңір) Бағал алдында тізе бүкпегендер». <sup>5</sup>Сол сияқты, қазірдің өзінде де Құдай Исраил халқының ішінен рақым етіп таңдап алған шағын топ Мәсіхке сенеді. <sup>6</sup>Ал Құдай рақым етіп таңдаған болса, онда оларды еңбектері үшін таңдамағаны. Әйтпесе рақым нағыз рақым болмас еді.

<sup>7</sup>Бұның мәнісі не? Исраил халқы көздеген мақсатына жеткен жоқ, бірақ оның ішінен таңдап алынғандар оған жетті. Қалғандары қасарысып, сене алмай қалды.

<sup>8</sup>Бұл туралы мынадай сөздер жазылған ғой: «Құдай олардың ақыл-саналарын ұйықтатты. Олар көздері

болғанмен (шындықты) көрмейді, құлақтары болғанмен (Құдайдың сөзін) естімейді, әлі күнге дейін солай».

<sup>9</sup>(Жауыз дұшпандарын Жаратқан Ие дәрменсіз қылсын деп сұраған кезде) Дәуіт пайғамбардың айтқаны мынадай болды: «Мол дастарқандары жауларыма тор болсын, бейкам ішкен астары тұзақ боп айналсын; содан олар тұтқындалып, жазалансын! <sup>10</sup>Көздері көре алмастай тұмандансын, белдері ұдайы бейнеттен бүкшиіп қалсын!»

<sup>11</sup>«Ал енді, яһудилер Мәсіхті қабылдамай күнә жасағанда Құдайдан біржола ажырап кетті ме?» — деп сұрасам деймін. Жоқ, мүлдем олай емес! Алайда олардың безіп кетуі арқылы басқа халықтарға құтқарылу жолы ашылды. Құдай осылай ираилдіктердің қызғанышын оятпақ.

<sup>12</sup>Ендеше, бұлардың безіп кеткендіктері қалған адамзатты рухани байлыққа жеткізсе, әрі зиян шеккендіктері басқа халықтарға пайдалы болса, онда олардың Құдайға толық мойынсұнулары адамзатқа одан да зор игілік әкелмек!

<sup>13</sup>Уа, басқа ұлт адамдары, ендігі сөзім сендерге арналады. Мен Мәсіхтің басқа халықтарға жіберген елшісі ретіндегі қызметімді құрметтеймін, <sup>14</sup>осылайша ұлттастарымның қызғанышын оятып, олардың да бірсыпырасын құтқарсам деп үміттенемін. <sup>15</sup>Егер Құдайдың бұлардан бас тартуы арқылы басқа халықтар үшін Онымен татуласудың жолы ашылса, онда Құдайдың ираилдіктерді қайтадан қабылдауы қандай болады? Бұл оқиға өлімнен қайта тірілумен бірдей болмақ! <sup>16</sup>Мысалы, алғашқы өнімнен пісіріліп, Құдайға ұсынылатын нанның қасиетті болатынындай, соның қалған қамыры да қасиетті. Сол сияқты, ағаштың түбірі қасиетті болғанындай, оның бұтақтары да қасиетті.

<sup>17</sup>Ал Құдай «асыл тұқымды зәйтүн ағашының бірнеше бұтақтарын», яғни яһудилердің көпшілігін, сындырып тастап, қалғандарының арасына басқа ұлттық сендерді теліп кіріктірді. Сендер жай ғана «жабайы зәйтүн ағашынан» болсаңдар да, енді «асыл ағаштың

түбінен шыққан шырыннан» олармен бірге нәр алып жатырсындар! <sup>18</sup>Солай болғандықтан, сындырып алып тасталған сол «бұтақтарға» бола мақтанып шіренбеңдер! Ал егер біреуің шірене қалсаң, біліп қой: «ағаштың түбіне» сен нәр бермейсің, қайта, «түбі» саған нәр беріп тұр.

<sup>19</sup>Ал сен: «Құдай мені теліп кіріктіру үшін бұрынғы бұтақтарды сындырып алып тастады ғой», дерсің.

<sup>20</sup>Дұрыс! Құдай сол яһудилерді Мәсіхке сенбеген соң («асыл ағаштан», яғни Құдай халқынан) сындырып алып тастады. Енді олардың орнында сен тұрсың, өйткені Мәсіхке сенесің. Ендеше өркөкірек болмай, сақ болып жүр! <sup>21</sup>Әйтпесе, тіпті «табиғи бұтақтарды» аямаған Тәңір Иенің сені де аямайтыны сөзсіз.

<sup>22</sup>Сонымен, Құдайдың мейірімін әрі қатаңдығын көре аласың: Ол Өзіне мойынсұнбай, ажырап кеткендерге қатаңдық танытты. Ал егер сен Оның мейірімін бағалай білсең, соған кенеле бересің. Бірақ егер Оған мойынсұнудан бас тартсаң, сен де кесіліп тасталасың.

<sup>23</sup>Сол яһудилер сенбеушіліктерінен бас тартса, олар да қайтадан телініп кіріктіріледі. Құдай оларды тағы да телуге күдіретті ғой.

<sup>24</sup>Өйткені сендер «жабайы зәйтүн ағашынан» кесіліп алынып, қалыптасқан дағдыға қайшы «асыл тұқымды зәйтүн ағашына» телінгенсіңдер; сондықтан өзінің «табиғи бұтақтары» болғандар (яғни яһудилер) сол «ағашқа» оп-оңай-ақ «телініп» қайтарылмай ма?!

<sup>25</sup>Бауырластарым, сендердің ақылгөйсiп мақтанбауларың үшін мына құпия жоспарды ашқым келеді: басқа ұлт адамдарының Құдай белгілеген саны Оның Патшалығына түгелдей кіріп болғанша, Израил халқының бір бөлігі қасарысып, сенуден бас тартатын болады. <sup>26</sup>Осылай күллі Израил құтқарылмақ. Бұл туралы Пайғамбарлар жазбаларында мынадай сөздер алдын ала айтылған еді: Сион қаласынан Құтқарушы келеді. Ол Жақыптың үрім-бұтағын теріс жолдарынан қайтарады. <sup>27</sup>Күнәларын

кешірген кезімде Менің олармен жасайтын Келісімім осы болады.

<sup>28</sup>Сол яһудилер Ізгі хабарды қабылдамағандықтан, олар Құдаймен қас, бұның пайдасы сендерге тиюде. Дегенмен Тәңір Ие ата-бабаларын таңдап алғандықтан, олардың өздерін де сүйеді. <sup>29</sup>Себебі Құдай уәде беріп, таңдап алғандығынан таймайды.

<sup>30</sup>Басқа ұлттық сендер бұрын Құдайға мойынсұнбайтын едіңдер, ал қазір яһудилердің мойынсұнбағандығынан Оның рақымына ие болдыңдар. <sup>31</sup>Сол секілді бұл яһудилер де қазір Құдайға бағынбай жүр, бірақ Ол сендерге рақым етуі арқылы оларға да өз рақымын қабылдатпақ. <sup>32</sup>Сонымен Құдай барлық адамдардың Өзіне мойынсұнбай, құлдықта жүргендерін әшкереледі. Осылай Ол бәріне де рақымын көрсетпек.

<sup>33</sup>О, неткен бай Құдайдың даналығы,  
Неткен терең Оның білік-парасаты;  
Шешімдеріне адам ақылы жетпес,  
Жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!

<sup>34</sup>«Кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан,  
Кенесшісі болып бағыт берді Оған?»

<sup>35</sup>«Құнын қайтарып аламын деп Құдайдан,  
Кім алдымен бір нәрсесін берген Оған?»

<sup>36</sup>Себебі әлемнің бәрі де Құдайдан,  
Ол арқылы, Ол үшін пайда болған.

Лайым Құдай мадақталсын әрқашан! Аумин.

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

## №9 өзіндік тексеру

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Құдайдың яһудилерге берген барлық уәделері жойылды (... бет) Д Қ
2. Құдайдың Исраилден бас тартуының себебі халыққа берілген барлық артықшылықтарға қарамастан, олардың Мәсіхті қабылдамағаны (... бет) Д Қ
3. Құдайдың Исраилге берген уәделері ешқандай шартсыз бүкіл халыққа берілді (... бет) Д Қ
4. Құдай бір адамдарды жарылқау үшін, ал басқаларын қарғыс үшін таңдайды (... бет) Д Қ
5. Басқа ұлттық адамдардың құтқарылып, Исраилдің Құдайдан безіп кетуі Көне Келісімде алдын ала айтылған еді (... бет) Д Қ
6. Исраил халқы әділдіктің заң арқылы емес, Құдайдың рақымы арқылы берілетінін Көне Келісімнен білуге тиіс болды (... бет) Д Қ
7. Құдайдың Исраилден бас тартуы сенушілердің шағын тобына қатысты болмады (... бет) Д Қ
8. Құдайдың басқа ұлттық адамдарды жарылқауы яһудилерде қызғаныш



туғызуға арналды (... бет)

Д Қ

9. Қазіргі күнгі басқа ұлттық адамдардың жағдайы Көне Келісім заманында яһудилер болған жақсы жағдайға ұқсайды (... бет)

Д Қ

10. Исраилдің рухани соқырлығы белгіленген күні сауықтырылады, сонда халық қайтадан бұрынғы орнына келеді (... бет)

Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ– ЯҺУДИЛЕР ТУРАЛЫ**

Пауыл бізге Құдайдың Ыбырайымға уәде еткен «уәденің балаларының» ұрпақтары бола алатынымызды қалайша көрсетеді?

Рим 9:30-33 аяттарды оқып шығыңыз. Адамдар әлі де заңды орындау арқылы Құдай Патшалығына баруға тырысуда ма? Құдайдың айтуы бойынша жұмаққа барудың бірден-бір шынайы жолы қандай?

Адамның жүрекпен сенетінін өз аузымен уағыздауы (Рим 10:9-19) неліктен маңызды?

Құдай Исраил халқының жүрегін қашан қасарыстырып қойды: олар Құдайдың емес, өз жолымен жүруге шешім қабылдағанға дейін бе, әлде содан кейін бе? Олар қашан болса да Құдайға қайтып келіп, құтқарылуға ие бола ала ма? Ауыр күнә жасаған адам тәубеге келіп, Құдайдан кешірім сұрап, құны төленіп азат бола ала ма?

### СҮЙІСПЕНШІЛІК ҚҰДАЙДЫҢ ЗАҒЫН ОРЫНДАЙДЫ

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Біз хаттың іс-тәжірибелік бөлігіне келдік. Алғашқы тарауларда Құдайдың біз үшін не істегендігі жайлы айтылған. Енді сенушілердің Құдайға қызмет етіп, өз өмірлерін Оған бағыштауда Құдайға қалай жауап беруге тиіс екендіктерін қарастырайық.

#### **СЕНУШІЛЕРГЕ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТТЕНГЕН ЖӨН? (Рим 12-13)**

Құдайдың рақымымен құтқарылғандарға көптеген міндеттер жүктеледі.

Біріншіден, бұл сенушінің өзін Құдайға бағыштауы (12:1-2). Бұл аяттар осы хаттағы ең маңызды аяттардың бірі болып есептеледі. Мұның алдындағы аяттарда Құдайдың адамдар үшін істегендерінің бәрін көрсете келе Пауыл оқырмандарға: «... өз денелерінді Құдайға ұнамды да қасиетті, тірі құрбандықтай ұсыныңдар» дейді.

Құдайдың рақымымен құтқарылған күнәкарға Оның көрсеткен шапағаты сол күнәкарға мынадай қорытынды жасатады: Егер Құдай осының бәрін мен үшін жасаған болса, мен өзімді Оған бағыштауға тиіспін. Егер Мәсіх мен үшін өлген болса, менің ең аз дегенде істей алатыным – Ол үшін өмір сүру.

К.Т.Стад айтқандай: «Мәсіх Иса, Құдай мен үшін өлген болса, менің тарапымнан ұсынылатын бірде-бір құрбандық тым үлкен болып көрінбейді». Осы дүниенің ең үлкен қарама-қайшы құбылыстарының біреуі өзін құн төлеп құтқарған Иесіне емес, өзіне ұнамды, өзінің еркіне сай өмір сүретін Исаға сенуші. Иеміз Өзінің еркіне сай бізді қолдана алуы үшін біз өміріміздің әрбір сәтін Оған бағыштауға тиіспіз.

Бұдан әрі Пауыл бізді осы дүниелік заңдарды басшылыққа алмауға шақырады. Біздің ой-ниеттеріміз осы дүниелік емес, рухани болуға тиіс. Өйткені Құтқарушымызды атап айтқанда осы дүние айқышқа керіп шегелеп өлтірді, ендеше біздің онымен еш қатынасымыз болмауға тиіс.

Сонымен Құдайға денелерімізді бағыштап, ой-санамызды жаңартып, біз Құдайдың «ізгілікті де ұнамды әрі кемелді» еркін танып білеміз. Сонда біздің өміріміз шынымен де мәңгілікке дайын болады.

Құдайдың берген дарындарын мойынсұна қолдану сенушінің басқа бір міндеті болып табылады (12:3-8). Барлық дарындар көктен беріледі. Ендеше біз өз қабілеттерімізбен мақтанбауға тиіспіз, қайта оларды Құдайдың даңқын асыру үшін қалайша жақсырақ қолдануға болатынын іздегеніміз жөн.

Сенушілер өздерінің бауырластарын сүйуге тиіс (12:9-13). Мұндай сүйіспеншілік шынайы, таза, өзімшіл емес, құрметтейтін ізетшіл сүйіспеншілік болуға тиіс.

Құдай біздің өзімізді қудалайтындарды сүйгенімізді қалайды (12:14-21). Сенушілерге кек алудың қажеті жоқ, қайта Құдайдың сотына тапсыру керек. Жамандыққа жақсылықпен жауап берген дұрыс.

Сенушілер басшыларға бағынуға міндетті (13:1-7). Себебі мемлекеттік билікті Құдай орнатқан. Құдайдың рухани балалары жазаланамыз деп қорыққандықтан емес, ар-ұждандарының таза болуы үшін оларға мойынсұнуға тиіс. Әрине, бәрінен бұрын біз Құдайды тыңдауға тиіспіз және ешқандай өкіметтің бізді Құдайдың сөзіне қарама-қарсы келетін іс-әрекеттерді істеуге мәжбүрлеуіне жол бере алмаймыз. Алайда мәселе баж салығын және басқа да салық төлемдерін төлеуге қатысты болғанда, сенуші өкімет билігіне бағынуға тиіс.

Жақын адамдарын сүю де сенушінің міндеті болып табылады (13:8-10). Біз барлық адамдарға да сүйіспеншілік көрсетуге тиіспіз.

Иеміздің қайта келуін күту сенушіні осы дүниелік адамдардан айрықша етіп көрсетеді (13:11-14). Барлық істерімізді де Иеміздің жер бетіне қайтып келуіне байланысты қарастыруға тиіспіз. Сенушінің өмірі екі бөліктен тұруға тиісті.

Біріншіден, Иеміз Мәсіх Исаға сенім арту, яғни Ол үшін өмір сүру және басқалар сенушінің бойынан Мәсіхті көру үшін Иеміз Мәсіх Исаға ұнамды, Оның еркіне сай өмір сүру. Екіншіден, тәннің еркін орындамау. Оның азғыруына түспеу және оған қызмет етпеу.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 12-13**

### **Он екінші тарау**

<sup>1</sup>Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын. Өмірлерің Құдайға ұнамды, толықтай

бағышталған, тірі құрбандықтай болсын: Оған лайықты рухани қызмет көрсетулерің осы болады. <sup>2</sup>Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін - ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар.

<sup>3</sup>Иеміз маған берген рақымға сүйене отырып, әрбіреуіңе айтамын: өздерің туралы тиістісінен артық ойламаңдар! Қайта, Құдайдан сенім арқылы әрқайсыңның үлестеріңе қандай рухани дарындар тигенін ойлай отырып, өздеріңді саналы түрде бағалаңдар. <sup>4</sup>Денеміздің мүшелеріңнің көп, әрі олардың атқаратын қызметтеріңнің әр түрлі екеніндей, <sup>5</sup>біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. <sup>6</sup>Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз. <sup>7</sup>Сыбағаңа қызмет ету тиген болса, соныңды атқар, рухани тәлім беру дарының болса, оны қолдана бер. <sup>8</sup>Кімде жігерлендіруші дарын болса, сонысын орындай берсін, мұқтаждарға жәрдем үлестіруші де онысын ақпейілмен атқарсын. Жетекшілік етіп жүргендер шынайы еңбекқорлық көрсетсін және қайырымдылық жасайтыңдар оны қуанышпен істесін.

<sup>9</sup>Сүйіспеншіліктерің адал болуы керек. Жамандықты жек көріп, жақсылықты берік ұстаныңдар. <sup>10</sup>Бір-біріңді бауырлардай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйландар. <sup>11</sup>Лайым жақсылыққа деген талпыныстарың бәсеңдемесін; Иеміздің қызметінде жүріп, рухтарың жалындай берсін! <sup>12</sup>Әрдайым үміттеніп қуаныңдар, қиыншылыққа шыдап, Құдайға ұдайы сиыныңдар. <sup>13</sup>Оның мұқтаждыққа душар болған адамдарына көмектесіп, ынтамен қонақжайлылық танытыңдар!

<sup>14</sup>Өздеріңді қудалағандарға Құдайдан жақсылық тілеңдер, оларды қарғамай, ақ баталарыңды беріңдер!

<sup>15</sup>Қуанғандардың қуанышына, қайғыланғандардың қайғысына ортақтасыңдар! <sup>16</sup>Өзара ынтымақтас болыңдар; өркөкірек емес, кішіпейіл болып, өздеріңді басқалардан ақылды санамаңдар!

<sup>17</sup>Жамандыққа жамандықпен қайтармаңдар! Іс-әрекеттеріңнің жұрт алдында ізгі болуына тырысыңдар.

<sup>18</sup>Қолдарыңнан келгенше, барлық адамдармен тату болыңдар. <sup>19</sup>Сүйікті бауырластарым, кек алмаңдар, соны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Тауратта мынадай сөздер жазылған ғой: Жазалау - Менің ісім, тиісті жазаларын тартқызамын Өзім! - дейді Иеміз.

<sup>20</sup>Ал «жауың сенің аш болса тамақтандыр,

Егер де шөлдесе шөлін қандыр!

Мұныңменен сен басына оның

Қызып тұрған шоқ жиғандай боласың».

<sup>21</sup>Осылайша жамандықтан жеңілмей, оны жақсылықпен жеңіп шық!

## Он үшінші тарау

<sup>1</sup>Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар! Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан. <sup>2</sup>Сондықтан билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады. Мұндай қарсыласқандар жазаларын тартатын болады. <sup>3</sup>Билеушілерден жақсылық істегендер емес, жамандық істегендер қорқуға тиіс. Билік иесінен қорықпай жүргің келсе, жақсылық істей бер, сонда одан мақтау аласың. <sup>4</sup>Өйткені ол сенің мүддең үшін Құдайға қызмет етуші. Ал егер жамандық істесең, қорыққаның жөн, ол семсерін беліне бекер байлап жүрген жоқ. Билік иесі - Құдайдың қылмыскерге жазасын тартқызатын қызметшісі ғой. <sup>5</sup>Сонымен, сендер тек жазадан қорыққандықтан ғана емес, ар-ұждандарыңның таза болуы үшін де мойынсұнуларың керек.

<sup>6</sup>Сондықтан да алым-салық төлеп тұрсыңдар, себебі билік иелері - Құдайдың қызметіндегілер, олар ел басқарумен үздіксіз айналысуда. <sup>7</sup>Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты - салықшыларға, кеден салығын - кеденшілерге төлеп, сый-құрмет пен қадірді - тиістілерге көрсетіңдер.

<sup>8</sup>Қарыздарыңды уақтылы өтеп қайтарыңдар, әсіресе, бір-біріңді сүю парызын өтеп тұрыңдар. Адамның басқаларды сүюі Құдайдың заңын да орындағаны.<sup>9</sup>«Неке адалдығын бұзба; кісі өлтірме; ұрлық жасама; басқаның иелігіне сұқтанба!» және тағы басқа бұйрықтар Таурат заңында былай деп тұжырымдалған: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» <sup>10</sup>Сүйіспеншілікке кенелген адам маңайыңдағыларға жамандық істемейді. Сондықтан сүйіспеншілік көрсету - Құдайдың заңын орындау.

<sup>11</sup>Осыны іске асырыңдар, себебі қандай заманда өмір сүріп жатқанымызды білесіңдер: қазір рухани ұйқыдан оянып, сақ болатын уақытымыз келді. Біздің Мәсіхке сене бастаған кезімізден гөрі қазір құтқарылуымыз жақынырақ тұр. <sup>12</sup>Түнгі уақыт бітуге таяп қалды, ал Мәсіхтің күні жақындады. Сондықтан қара түнектегі жаман істерден бас тартып, жамандыққа қарсы тұратын «нұрдың қаруын» асынайық! <sup>13</sup>Күндізге жарасатындай әдетпен өмір сүрейік: шектен тыс той-думанға, маскүнемдікке, неке адалдығын бұзуға, азғындыққа, дау-дамайға әрі күндестікке салынбайық! <sup>14</sup>Одан да Иеміз Иса Мәсіхке беріле түсіп, Оны үлгі етіңдер. Ескі болмыстарыңның күнәлі құмарлықтарың қанағаттандыруды ойлаудан бас тартыңдар!

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

## №10 өзіндік тексеру

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Рим. арн. хаттың үшінші бөлімі мағынасы жағынан тәлімдік мәселелерден гөрі практикалық мәселелерге көбірек арналған (... бет) Д Қ
2. Құдайдың шексіз шапағаты үшін сенуші өз денесін Құдайға бағыштауға тиіс (... бет) Д Қ
3. Исаға сенуші осы дүниеге Құдайдың көзқарасы тұрғысынан қарауға тиіс (... бет) Д Қ
4. Осы дүниеден бөлектеп ажырау адамдар арасында Құдайға қызмет етудің ең жақсы жолы емес (... бет) Д Қ
5. Құдайдың еркі біздің тілектерімізге қарама-қарсы болған кездің өзінде де игілікті, ұнамды және кемелді (... бет) Д Қ
6. Құдай айрықша дарын берген сенушілер өздерінің қабілеттерімен мақтана алады (... бет) Д Қ
7. Сенуші өзін жәбірлегендерден кек алуға ұмтылуға тиіс (... бет) Д Қ
8. Исаға сенушінің барлық адамдарға деген бірден-бір парызы – оларға деген сүйіспеншілігі Ол мұны ешқашан толықтай



бере алмайды (... бет)

Д Қ

9. Сенуші Иеміз Исаның даңқын асыратын істерді істегені жөн және Оның жер бетіне екінші рет қайтып келуін ұмытпауға тиіс (... бет)

Д Қ

10. Сенуші өзінің тәндік қалауын орындауға тиіс (... бет)

Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ОНЫНШЫ ТАРАУ – СҮЙІСПЕНШІЛІК ҚҰДАЙДЫҢ ЗАҢЫН ОРЫНДАЙДЫ**

1. Сенуші қалайша тірі құрбандық бола алады (Рим 12:1)?

2. Басқа адамдардың Мәсіхтің қауымына қандай маңызды үлес қосқанын көрдіңіз? Сіз өзіңіз қандай үлес қоса аласыз?

3. Рим 12:9-21 аяттарда Пауыл біздің бір-бірімізге қалай сүйіспеншілік көрсете алатынымыздың көптеген практикалық жолдарын көрсетеді. Сол туралы сөйлесіңіздер.

4. Сүйіспеншілікті көрсету жолдарының қайсысы сіздің сүйіспеншілікті көрсетпес бұрын, «оны сезінуге» тиісті екендігіңіз туралы айтады? Исаның соңынан ергісі келетін адамға бұл нені білдіреді? Оның іс жүзіндегі мағынасы қандай?

5. Салықты төлемеу жайлы 13 - тарау не дейді?

6. Рим 13:8-10 аяттардан біз қандай қарапайым

басшылықты білеміз? Сол басшылықты өмірдің қай салаларында қолдана аламыз? Осы басшылық адамның мінез-құлқын қалай өзгерте алады?

## **ОН БІРІНШІ ТАРАУ**

### **СЕНІМІ ӘЛСІЗ БАУЫРЛАС**

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Өткен тарауларда Пауыл сенушінің айналадағы қоршаған адамдарға деген қарым-қатынасын қарастырды. Ол сенушілер қауымындағы, сондай-ақ одан тыс қарым-қатынастарды да қамтиды. Енді ол күнделікті өмірде кездесетін сұрақтарға көшеді.

### **СЕНУШІЛЕР БІР-БІРІМЕН ҚАНДАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУЛАРЫ КЕРЕК? (Рим 14:1-15:13)**

Сенімі әлсіздерге шыдамдылық көрсету Исаға сенушінің мінез-құлқының маңызды ерекшелігі (14:1-15:13). Пауыл сенушілердің екі типін қарастырады:

Сенімі күштілер және сенімі әлсіздер. Сенімі әлсіз бауырымыз сенуші болғандықтан кейбір тамақтың түрлерін қолданбауға, ораза ұстауға және діни мейрамдарды орындауға тиіспін деп есептейді. Мүмкін, мұндай сенушілер яһудилердің арасынан шыққан шығар және сенімге келгеннен кейін белгілі бір ережелерді ұстануын жалғастыруда болар.

Сенімі мықты бауырымыз Құдайдың осыларға ұқсас ережелерді ұстануды талап етпейтінін біледі. Сенуші тамақтың кез келген түрін ішіп-жеуге ерікті және ешқандай күнтізбеге байланып қалмаған.

Қауым жиналысында сенушілердің екі типінің де қатысуы алауыздық тудыру мүмкін екендігін болжаған Пауыл шыдамдылық пен сүйіспеншілік көрсетуді табандылықпен сұрайды. Пауыл алдымен оларға бөлек-бөлек сөзін арнайды, содан кейін барлығына бірдей сөзін жолдайды. (Осы жерде айтылған қағидалардың жай болмашы ғана нәрселерге, мысалы тамақ пен сусынға, қатысты екенін айта кеткен жөн. Бұларды тәлім және міндеттілік мәселелеріне қолдануға болмайды. Өйткені Киелі кітапта олар туралы нақты айтылған.)

Пауыл кемелді сенушілерді сенімі әлсіз адамдармен қарым-қатынас жасаудан бас тартпауға және оларға қайтадан ұғындыруды өздеріне мақсат етіп қоймауға шақырады (14:1). Сенімі әлсіздерді намысына тиіп, қорлауға болмайды (14:3). Күмәншіл сенушілер де өз тарапынан сенімі күштілерді айыптауларына болмайды, өйткені Құдай оларды да қабылдаған (14:3). Құдайдың сенімі күшті қызметшілері Оның алдында есеп береді (14:4). Өздерінің көз қарастарына бола күштілер күнәға құлайтындай болып көрінуі де мүмкін, алайда Құдай оларды құлаудан сақтап қала алады (14:4).

Одан әрі Пауыл сенушілердің екі тобына да мұндай жағдайларда әркім өзінің сеніміне сай іс-әрекет жасай алады дейді. Мәсіх біздің Иеміз, біз Оған ұнамды болуға ұмтылуға тиіспіз (14:5-9). Өзгелерді айыптаудан аулақ болайық. Құдайдың сотының алдында әркім өзі үшін жауап береді (14:10-13). Өз бауырластарымыздың азғырылуларына жол бермейік (14:13-15). Біреуге таза

болған нәрсе, басқа адам үшін арам болуы мүмкін. Өз мінез-құлқымызбен сенімі әлсіз бауырласымызды ренжітіп жүрмейік – сүйіспеншілік бұлай көрінбейді.

Күнәға азғыру – Мәсіх құтқарылулары үшін құрбан болғандарды құрту. Олар сенімге салқындап, рухани өсіп-жетілмей, тоқтап қалулары мүмкін. Бізді тамаққа және сусынға қатысты ешкім айыптап жүрмесін (14:16-18).

Материалдық емес, рухани жағдай ең басты рөл ойнайды. Осы ұғымдардың арасындағы айырмашылықты түсінетін сенушілерді Құдай қолдайды. Сондықтан да әрдайым өз-өзімізден менің мінез-құлқым тыныштық әкеле ме, ақыл бере ме деп сұрауға тиіспіз (14:19-23).

Осы ережеге сай, біз болар-болмас нәрселердің Құдайдың басқа сенушінің өміріндегі ісін құртуына жол бермейміз. Біз бауырласымыз сүрініп, ренжіп, сенімі әлсірейтіндей іс-әрекет жасамаймыз. Мәсіхпен қарым-қатынасымыздағы еркіндігімізді паш етіп жатпаймыз. Ақыл-санамызға қарсы іс-әрекет жасауға болмайды.

Өзімізден гөрі өзгелерге ұнайтынды істейміз (15:2-6). Құтқарушымыз Өзінің игілігіне ұнайтынды істеген жоқ, бізге де Одан үлгі алу қажет. Ендеше бір-бірімізді қабылдаймыз (15:7-13). Мәсіх яһудилерді де, өзге ұлттық адамдарды да қабылдады. Біз сенімі күштілерді де, әлсіздерді де қабылдауға тиіспіз.

**КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ**  
**РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 14:1-15:13**  
**Он төртінші тарау**

<sup>1</sup>Сенімі әлсіз бауырластарды олардың ой-пікірлері жөнінде таласпай, қауымдарында қабыл алыңдар!

<sup>2</sup>Мысалы, біреу «маған тамақтың бәрін де жеуге болады» деп сенсе, соған күмәнданатын басқа біреу көкөніс қана жейді. <sup>3</sup>Ет жейтін бауырлас одан бас тартқанды менсінбей жүрмесін. Ал еттен бас тартқан бауырлас оны жейтінді айыптамасын, өйткені Құдай соны да қабылдады. <sup>4</sup>Басқа Біреудің қызметшісін айыптауға қандай қақың бар?! Қызметшісін ақтау не айыптау - Иесінің ісі. Бауырласың ақталады әрі теріс жолға түсуден сақталады, себебі оны сенім жолында ұстауға Тәңір Иеміздің құдіреті жеткілікті. <sup>5</sup>Кейбіреулер бір күнді басқасынан қасиеттірек, ал өзгелері күндердің бәрін бірдей қасиетті деп санайды. Әрқайсысы осы мәселелер жайында күмәні болмау үшін олардың дұрыстығын ойлап, бір нақты шешімге келуі керек. <sup>6</sup>Бір күнді екіншісінен қасиеттірек көретін кісі оны Иеміз үшін істейді, ал күндерді бірдей көретіннің ниеті де солай. Ет жейтін де мұнысын Иемізді құрметтеу үшін істейді, ол жеген тамағы үшін Құдайға шүкірлік етеді ғой. Одан бас тартқан да солай, ол да Құдайға шүкірлік етеді. <sup>7</sup>Ешқайсымыз тек өзіміз үшін ғана өмір сүрмейміз де, өлмейміз де. <sup>8</sup>Себебі өмір сүрсек, Иемізді даңқтау үшін өмір сүреміз, ал өлсек, Иемізді даңқтау үшін өлеміз. Сонымен өмір сүрсек те, өлсек те, Иеміздің меншігіміз. <sup>9</sup>Мәсіх бәрінің де: өлгендер мен тірілердің Иесі болуы үшін жанын құрбан етіп, қайта тірілді. <sup>10</sup>Олай болса, мұндай ережелерді орындамайтын бауырласыңды айыптауға қандай қақың бар? Немесе оларды орындап жүрген бауырласыңа менсінбей қарауға қандай қақың бар? Бәріміз де Құдайдың қиямет сотының алдында тұрып, әшкереленетін боламыз. <sup>11</sup>(Ишая пайғамбардың жазбасында) мынадай сөздер жазылған: Мәңгі тірі Жаратқан Ие былай дейді: Менің алдымда әрбір адам тізе бүгіп, тіл біткен әр пенде Құдай екенімді мойындайтын болады деп өз атыммен ант етемін. <sup>12</sup>Демек, әрқайсымыз Құдай алдында өз іс-әрекетіміз үшін есеп береміз. <sup>13</sup>Ендеше бір-бірімізді айыптауды тоқтатайық! Қайта,

бауырластарыңды істегендерің арқылы тура жолдан тайдырып, азғындыққа түсірмеуге шешім қабылдаңдар!

<sup>14</sup>Мен Иеміз Исамен байланысқандықтан мынаған кәміл сенемін: ешқандай тамақ өзінен-өзі арам емес. Алайда біреу қайсыбір тағамды арам деп санаса, онда ол сол кісі үшін арам. <sup>15</sup>Ал егер сенің ондай тамақты жеуің бауырласыңның ар-ұжданы мен сеніміне нұқсан келтірсе, бұл ісің сүйіспеншілікке жатпайды. Тамаққа бола бауырласыңды теріс жолға түсірме! Мәсіх өз жанын сол бауырласың үшін де құрбан етті. <sup>16</sup>Істеріңе бола жұрттың Ізгі хабарды ғайбаттауына жол бермеңдер!

<sup>17</sup>Құдайдың Патшалығы ішіп-жеуде емес, Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде.

<sup>18</sup>Мәсіхке осылай қызмет еткендер Құдайға ұнамды, адамдарға қадірлі болады.

<sup>19</sup>Ендеше өзара тату жүріп, бір-біріміздің рухани өсуімізге көмектесетіннің барлығына жан-тәнімізбен ұмтылайық!

<sup>20</sup>Жейтін тамаққа бола бауырластардың өміріндегі Құдайдың ісін бұзба! Әрине, тамақтың бәрі де адал, бірақ біреудің кейбір тағамды ішіп-жеуі басқа сенушілердің өз ар-ұждандарына қайшы іс істеулеріне түрткі болуы дұрыс емес! <sup>21</sup>Егер ет жеу, шарап ішу немесе басқа нәрсе істеу бауырласыңның сенім жолынан тайып, азғындыққа елігіп, рухани әлсіреуіне себеп болса, ондай нәрселерден бас тартқаның жөн. <sup>22</sup>Осы мәселе жайында ұстанған сенімің жеке өзің мен Құдай арасында болсын. Өзінің дұрыс деп таңдағанын істегенде ар-ұжданы айыптамайтын адам бақытты! <sup>23</sup>Ал бір тамақты жеп отырып, «мұным дұрыс емес пе» деп күмәнданған адам айыпталады. Себебі ол соны сеніммен істеген жоқ. Адамның дұрыс екендігіне күмәні бола тұра істеген істерінің бәрі де күнә.

## Он бесінші тарау

<sup>1</sup>Сенімі берік біздер күмәнданғандардың Таурат заңына сәйкес іс-әрекеттеріне төзіп, оларға көмектесуге тиіспіз. Тек өзімізге ұнайтынды ғана емес, <sup>2</sup>маңайымыздағы бауырластарға ұнайтынды да істеп, олардың игілігіне әрі рухани өсуіне себепші болуымыз керек. <sup>3</sup>Мәсіх те Өзіне емес, көктегі Әкеге ұнайтынды істеді. Забурда алдын ала былай деп жазылған: «Сені қорлағандардың ғайбаты Маған тиген».

<sup>4</sup>Киелі жазбалардағы осындай сөздердің бәрі бізге тәлім болсын деп ежелде жазылып қалдырылды. Керемет болашағымыздан үміт үзбеуіміз үшін Киелі жазбалар арқылы табандылық пен жігерлілікке үйренеміз. <sup>5</sup>Осы табандылық пен жігердің бастауы - Құдай. Ол сендерді Мәсіх Исаның үлгісіне сай өзара татулыққа жеткізе көрсін. <sup>6</sup>Осылай ынтымақпен өмір сүріп, Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі - Құдайды бірігіп мадақтай аласындар.

<sup>7</sup>Сонымен, Мәсіх өздеріңді қалай қабылдаса, сендер де бір-бірінді солай қабылдап, Құдайдың даңқын асырындар!

<sup>8</sup>Сендерге айтамын: Мәсіх Құдайдың адалдығын дәлелдеу үшін сүндеттеу рәсімін ұстанып келген Исраил халқына қызмет көрсетті. Ол осылай Құдайдың ата-бабаларымызға берген уәдесін іске асырды. <sup>9</sup>Сонымен қатар, Мәсіхтің ісі басқа ұлттық сенушілердің Құдайдың өздеріне деген мейірімін мадақтауларына да себепші болды. Бұл туралы Киелі жазбаларда былай делінген: «Басқа халықтар арасында сондықтан Сені мадақтаймын, Сенің атына ән-жырымды арнаймын». <sup>10</sup>Киелі жазбалардың тағы бір жерінде мынадай сөздер бар: «Шаттанындар енді, уа, басқа ұлттар, Жаратқан Иенің халқымен қатар!» <sup>11</sup>Сондай-ақ: «Иемізді даңқтаңдар, барлық ұлттар, Оны мадақтаңдар, күллі халықтар!» - деп те жазылған. <sup>12</sup>Ал Ишая пайғамбар мынадай сөздерді жазып қалдырған: Есей ұлы Дәуіт патшаның «тамырынан» өскін іспетті

шыққан Ұрпақ халықтарға билік құрады. Басқа ұлттар Оған үмітін артады.

<sup>13</sup>Үмітіміздің бастауы — Құдай қандай жағдайда да бәріңді қуаныш пен тыныштыққа кенелте көрсін! Өздерің Оған сене отырып, Киелі Рухтың құдіретімен үміттерің молая түссін!

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

### **№11 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Сенуші бауырластардың өзара қарым-қатынастарының негізі шыдамдылық болуға тиіс (... бет) Д Қ
2. Сенімі әлсіз бауырлас қашанда болмасын тамақ не сусынды қолданудан бас тарта алмайтын сенуші деп есептелінеді (... бет) Д Қ
3. Сенімі күшті бауырлас өзі баратын қауымдағы жиналыстан қалмаудан басқа тілегі жоқ сенуші (... бет) Д Қ
4. Рим. арн. хаттың осы тарауында Пауыл баяндаған қағидаларды бауырластар арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерге



- бірдей деңгейде қолдануға болады (... бет) Д Қ
5. Пауыл жергілікті қауымдарға сенімі аз бауырластарды қабылдамауға кеңес береді, өйткені олар дау-жанжалдың тұрақты шығу көздері болмақ (... бет) Д Қ
6. Пауыл біздің сенімімізге сәйкес өмір сүрмейтін бауырластарды айыптап сөйледі (... бет) Д Қ
7. Біздің барлық іс-әрекеттеріміздің мақсаты – Иемізге ұнамды болу (... бет) Д Қ
8. Ақыл-санаға қатысты мәселеде бауырластардың ісін Мәсіхтің алдына қою қажет (... бет) Д Қ
9. Өзгелерді азғырмау үшін өзінді мұқият бақылау қажет (... бет) Д Қ
10. Сенімі әлсіз бауырластардың түрлі нанымдардан арылуларына көмектесу үшін сенімі күштілер Мәсіхпен қарым-қатынастарындағы еркіндіктерін паш етіп көрсетулері қажет (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ОН БІРІНШІ – СЕНІМІ ӘЛСІЗ БАУЫРЛАС**

1. Адамдардың өздері жүгінетін және солар арқылы өзгелерді тексеретін қандай ережелер Киелі кітапта баяндалмаған?

2. Рим 14:14 аят туралы пікірлесіңіздер. Исаға сенім арту үшін осының бәрін істеудің немесе одан бас тартудың қажеттілігі бар ма?

3. Егер жанымызда бізге қарағанда басқаша сенетін адам болса, біз қалай іс-әрекет жасауымыз қажет? Неліктен (Рим 14:12-22)?

4. Жер бетінде әртүрлі сенушілер қауымдарының неліктен бар екендігін Рим 15:1-13 аяттар түсіндіріп бере ме? Әртүрлі сенушілер топтарының бір-бірімен қарым-қатынастары және іс-әрекеттері қандай болуға тиіс?

## **ОН ЕКІНШІ ТАРАУ**

### **АДАМДАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР**

*Пауылдың дәлелдемелері түсінікті болу үшін әр тараудың соңындағы Киелі кітаптан келтірілген мәтінді өте мұқият оқып шығыңыз!*

Пауыл хатын аяқтайды. Ізгі хабардың болмысы мен мағынасын баяндай келе, ол өзінің жоспарларын қысқаша талқылау мен достарын қуаттап қолдауға көшеді.

### **ПАУЫЛДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ (Рим 15:14-16:24)**

Бәрінен бұрын Пауыл хатының мақсаты туралы жазады (15:14-21). Мәсіхтің елшісі ретіндегі өзге ұлттық адамдар арасындағы қызметі Құдайға ұнамды болу үшін ол Ізгі хабардың ұлы ақиқаттары туралы еске түсіргісі келеді.

Одан әрі ол алдағы уақытқа арнаған жоспарлары туралы (15:22-33) айтады. Испанияға бара жатқанда жолшыбай Римге соққысы келеді. Ал әзірше Македония мен Ахаядағы сенушілер Құдайдың қасиетті адамдарына жинаған қаржылай құрбандықтарды алып Иерусалимге бармақшы. Осы жоспарларына сай ол римдіктерден Иерусалимдегі табысты қызметі үшін, сенбеушілерден қорғауын және Римде атқаратын істерін жарылқауын сұрап Құдайға сиынуларын өтінеді.

## **СӘЛЕМДЕР**

Мұнан кейін Пауыл Құдайдың қасиетті адамдарына жеке сәлемін жолдайды (16-тарау). Бір қарағанда, хаттың соңғы тарауы адамды зеріктіретін кісі есімдерінің тізімінен тұратын сияқты болып көрінеді. Алайда мұқият зейін салып қарағанда бұл тараудан да сенушілер үшін көптеген құнды сабақтар алуға болады.

Осы тарауда аттары аталған сенушілер хатта айтылған шындықтардың тірі мысалдары болып табылады. Пауыл Құдайдың сол қасиеттілеріне терең қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады. Ол солардың табыстары туралы хабарға қуанып, Мәсіхке деген берік адалдықтарын мақтан тұтады. Бізге де өз қауымымыздың адамдарына солай қараған жөн.

Кейбір студенттер хаттың 16 тарауын Мәсіхтің сотының шағын көрінісі (миниатюра) деген қызықты болжам ұсынды. Мұнда әрбір игілікті іс мадақталынады.

Тарау тұтастай Мәсіхтің жолымен жүрушілердің даңқы туралы айтады. Мұндағы адамдар дүниелік атақ-даңқ туралы білмеген, бірақ олардың есімдері Құдайдың кітабына мәңгілік кіргізілген.

Жеке есімдердің көбінесе қызықты және тәлімдік мағыналары болады. Мысалы, Епенет есімі «мақталуға лайықты» дегенді білдірсе, Филолог есімінің «сүйетін сөз» деген мағынасы бар. Осы адамдардың өз есімдеріне лайықты болғандықтары сөзсіз.

Хаттың жазылуы – ұлы қызмет. Біздің Құдайдың даңқы туралы жазғандарымызды бауырластарымызға көмектесу, ақыл-кеңес беру үшін Оның қалай қолданатыны белгісіз. Құдай Өзінің Есімінің игілігі үшін істелген бірде-бір ізгі істі жүлдесіз қалдырмайды. Бұл тарау Құдайдың сенушілердің тек үлкен істерін ғана емес, сонымен қатар аздаған, кішкентай істерін де байқайтынын көрсетеді.

Бұдан біз бір қауымнан, екінші қауымға ауысқанда сенушілердің өздерімен бірге кепілдік хат ала кететінін білеміз (16:1). Бұл қауымға сенбейтін немесе алаяқ адамдардың кіріп кету мүмкіндігін болдырмайды. Тарауда көптеген әйел есімдері айтылған. Бұл олардың кең аумақты қызметтерін көрсетеді (16:1,3,6,7). Құдай тек қалың көпшілік алдындағы уағыздарды ғана бағалап қоймайды.

Хаттың соңғы тарауы сенушілер арасындағы шынайы қарым-қатынастың үлгісін де көрсетеді. Құдайдың адамдарының арасында формализм мен нәсілдік айырмашылық кездеспейді.

Олардың барлығы да «Мәсіхпен тығыз байланыста біртұтас» болды. Қауым ішінде бауырластар арасында тығыз қарым-қатынастың болғандығы айқын. Исаға деген сенімге негізделген өмір сенушілердің өмірінің мәнісін құрады және оларды біріктіріп нығайтты.

Інжіл шариф сенушілердің алғашқы қауымының

қарапайым болғаны жайлы айтады. 16:4 аятта «сенушілердің үйде бас қосатын қауымдары» туралы айтылған. Құдайдың қасиетті адамдарының тобының Құдайға сиынып, бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін үйде бас қосқандарын көз алдымызға елестету қиын емес.

16:17-19 аяттар сенушілерді қауымда жік тудыратындардан сақтандырады. Бұл ескертулер күні бүгін де өз маңыздылығын жойған жоқ.

Хаттың ең соңынан біз Құдайға қонақжайлығымыздың өте маңызды екенін білеміз. Пауыл бұл туралы әлденеше рет айтады.

Сонымен осы керемет хатты оқып-үйренуіміздің қорытындысында Мәсіхтің елшісі Пауылмен бірге былай дейміз: «Бәріңе де Иеміз Иса Мәсіх жар болып, рақымын жаудыра көрсін!» Аумин.

## **КИЕЛІ КІТАПҚА ШОЛУ РИМДІКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАТ 15:14-16:24**

### **Он бесінші тарау**

<sup>14</sup>Бауырластарым, сендердің ниеттеріңнің ізгілікті болғанына кәміл сенемін. Осы жайттар туралы өздеріңе керектілердің бәрін де біліп, бір-біріңе бағыт-бағдар көрсете аласыңдар. <sup>15</sup>Бұған қарамастан мен осы хатымда бірқатар мәселелерді естеріңе түсіріп, едәуір ашық жаздым. Себебі Құдай маған рақым етіп мынадай міндетті тапсырды: <sup>16</sup>басқа халықтар арасында Иса Мәсіхке діни қызметкер іспетті қызмет етіп, сендерге Құдайдың Ізгі хабарын жеткізу. Осылайша басқа ұлт адамдарының өмірлерін Киелі Рух арқылы Құдайға бағышталған, «тірі құрбандық» секілді Оған ұнамды қылуды көздеймін.

<sup>17</sup>Сондықтан мен Иса Мәсіхпен тығыз байланыста жүріп, Құдай үшін атқарған жұмысымды мақтан тұтамын.

<sup>18</sup>Мәсіхтің өзім арқылы істегендерінен басқа еш нәрсе туралы айтуға батылым жетпейді: басқа халықтардың Ізгі хабарды естіп, мойынсұнулары үшін Киелі Рухтың күдіретімен сөйлеп, әрекеттеніп, <sup>19</sup>уағыздайтындарым Құдайдың хабары екенін растайтын күдіретті кереметтер жасап келдім. Сөйтіп Иерусалимнен Іллирик өлкесіне дейінгі үлкен шеңберге ұқсас саяхаттарымда Мәсіх туралы Ізгі хабарды сол өлкелерде жариялау міндетімді толығымен орындадым.

<sup>20</sup>Осылай жүргенде уағыздау жұмысын Мәсіхтің аты әлі де белгісіз жерлерде жүргізуді мақсат тұттым. Басқа кісінің қалап қойған іргетасын пайдаланып үйін салған біреудей өзгелердің бастаған істеріне араласқым келмеді.

<sup>21</sup>Қайта, Ишая пайғамбардың жазбасындағы мынадай сөздер орындалып отыр: Ол туралы еш хабар алмағандар енді көреді, әрі еш естімегендер енді түсінеді.

<sup>22</sup>Сендерге баруыма қайта-қайта бөгет болған да осы міндетім еді. <sup>23</sup>Ал енді бұл өлкелерде менің уағыз жүргізуге тиіс жерлерім қалмағандықтан, оның үстіне көп жылдан бері сендерді көрсем деп аңсағандықтан,

<sup>24</sup>Испанияға аттанғанда өздеріңе соқпақпын. Себебі мен сапар барысында сендерді көріп, біраз уақыт бірге болып қуанышқа кенелгеннен кейін, сендер мені солай қарай шығарып саларсыңдар деген үмітім бар.

<sup>25</sup>Алайда дәл қазір Иерусалимге сапар шегіп, Құдайдың сол жердегі адамдарына қызмет көрсетпекпін.

<sup>26</sup>Македония мен Ахаядағы қауымдар Құдайдың Иерусалимдегі адамдарының арасындағы мұқтаждары үшін ақша жинауды дұрыс деп тауып, оны зор ынтамен ұйымдастырды. <sup>27</sup>Бұлай істеуді өздері шешті. Шынында да олар исаилдік қауымдар алдында қарыздар ғой: басқа ұлттық сенушілер Құдайдың бұрыннан таңдап алған Исаил халқының «рухани қазыналарынан»

үлес алғандықтан, олар өз кезегінде исаилдіктермен бұ дүниелік игіліктерімен де бөлісуге тиіс. <sup>28</sup>Осыны орындап, жинағаннан түскен «өнімді» аман-есен апарып тапсырған соң, Испанияға беттеп, жол-жөнекей сендерге соқпақпын. <sup>29</sup>Сол кезде Мәсіхтің жарылқауына молынан кенелетінімізге еш күмәнім жоқ.

<sup>30</sup>Бауырластарым, сендерден Иеміз Иса Мәсіхтің атымен және Киелі Рухтың сүйіспеншілігімен өтінемін: Құдайға мен үшін сиына отырып, рухани күресіме атсалысыңдар!

<sup>31</sup>Ол мені Яһудея аймағындағы сенбеушілерден құтқарсын, әрі Иерусалимдегі қызметім Құдайдың адамдарына ұнамды болсын. <sup>32</sup>Осылай мен, Құдай қаласа, қуана-қуана сендерге келмекпін. Сонда біз бірге болып, көңілімізді өзара орнықтырамыз. <sup>33</sup>Тыныштық сыйлайтын Құдай бәріңе де жар болсын! Аумин.

## Он алтыншы тарау

<sup>1</sup>Сендерге бауырласымыз Фөбе апайды ұсынамын, ол Кеніхреядағы қауымның қызметшісі. <sup>2</sup>Оны Иеміздің кісісі ретінде Құдайдың адамдарына лайықты қабылдап, мұқтаж нәрселерімен қамтамасыз етіңдер! Бұл кісі көп адамдарға қамқорлық жасап келеді, солардың арасында мен де бармын.

<sup>3</sup>Мәсіх Исаның қызметіндегі әріптестерім Прискила мен Ақилаға сәлем айтыңдар. <sup>4</sup>Олар мен үшін өмірін қиюға дайын болды. Бұған өзім ғана емес, басқа халықтардың күллі қауымдары да алғыс айтуда. Екеуінің үйінде бас қосатын қауымға да сәлемімді жеткізіңдер.

<sup>5</sup>Азия өлкесінде Мәсіх жолына түскен алғашқылардың бірі болған сүйікті Епенетке де сәлем. <sup>6</sup>Сендер үшін жан аямай қызмет еткен Мәриямға да сәлем айтыңдар.

<sup>7</sup>Түрмеде бірге отырған ағайындарым Андроник пен Юнияға да сәлем. Елшілер арасында абыройлары ерекше, олар менен бұрын Мәсіхтің жолына түсті. <sup>8</sup>Иемізбен

байланысымыздағы ерекше жақсы көретін бауырласым Амплиға да сәлем. <sup>9</sup>Мәсіхтің қызметіндегі әріптесіміз Ұрбанға және қымбатты досым Стахиға сәлемімді жеткізіндер. <sup>10</sup>Мәсіхке деген сенімі дәлелденген Апеллеске де сәлем. Аристобулдың отбасына сәлем айтыңдар. <sup>11</sup>Туысқаным Иродионға, Иеміздің қарамағындағы Нарқистың үй ішіндегілерге де сәлем. <sup>12</sup>Иеміз үшін құлшына жұмыс істеп жүрген Трифена мен Трифозаға сәлем айтыңдар; Иеміз үшін көп еңбек сіңірген қымбатты Персидаға да сәлем. <sup>13</sup>Иеміздің таңдаулысы Руфқа және оның маған да ана болған шешесіне сәлем. <sup>14</sup>Асинкіритке, Філегонға, Ерімге, Патробқа, Ермиге және олармен бірге бас қосатын бауырластарға да сәлем жолдаймын. <sup>15</sup>Филолог пен Юлияға, Нире мен оның қарындасына және Олимпанға, сондай-ақ олармен бірге жиналатын Құдайдың барлық адамдарына да сәлем айтыңдар. <sup>16</sup>Шын жүректен бір-біріңе сүйіспеншіліктеріңді білдіріп, сәлемімізді жеткізіндер. Мәсіхтің осындағы барлық қауымдары сендерге сәлем жолдауда. <sup>17</sup>Бауырластарым, сендерге өтіне айтарым: жік шығарып, өздеріңе үйреткен ілімге қарсы араздық туғызушылардан сақ болып, аулақ жүріңдер!<sup>18</sup>Мұндайлар Иеміз Иса Мәсіхке қызмет етпейді, қайта, қарындарының ғана қамын ойлап, жағымпазданып, майда да сылдыр сөздерімен тәжірибесіздерді алдайды. <sup>19</sup>Сендердің Құдайға мойынсұнғандықтарың әлемге әйгілі болды. Сондықтан сендер үшін қуаныштымын, әрі жақсылыққа дана, жамандықтан аулақ болуларыңды тілеймін. <sup>20</sup>Тыныштық сыйлайтын Құдай жуық арада әзәзіл шайтанды аяқтарыңа жығып бермек. Иеміз Иса Мәсіх сендерге жар болып, рақымын жаудыра көрсін! Аумин. <sup>21</sup>Қызметкерім Тимоте және ағайындарым Лұси, Ясон және Сосипатыр сәлем айтуда. <sup>22</sup>Осы хатты (Пауыл үшін) қағазға түсіріп отырған мен, Терти, Иса Мәсіхпен жүрген сендерге сәлем жолдаймын.



<sup>23</sup>Маған және бүкіл қауымға қонақжайлылық танытқан Гайдан да сәлем. Осы қаланың қазына бастығы Ераст пен бауырласымыз Кварт та сәлем айтуда.  
<sup>24</sup>(Бәріңе де Иеміз Иса Мәсіх жар болып, рақымын жаудыра көрсін! Аумин.)

*Тараудың материалын оқып-үйреніп болғаннан кейін, өзіндік тексеру жұмысын орындаңыз. Жауаптарыңызды кітап соңында берілген дұрыс жауаптармен салыстырыңыз. Өзіндік жұмысты тексеруге салып жібермеңіз. Бұдан кейін жұмыс дәптерін толтырыңыз.*

### **№12 өзіндік тексеру**

Сіз өткен тақырыптан нені жақсы меңгердіңіз?

*Оң жақтағы Д (дұрыс пайымдау) немесе Қ (қате пайымдау), біреуін белгілеңіз.*

1. Пауыл римдіктерге жоспарына сай өзінің жуық арада Римге баратынын айтты (... бет)                    Д    Қ
2. Пауыл Иерусалимдегі мұқтаждықтағы сенушілерге арналған құрбандықтар алды және римдіктерге де солай істендер деді (... бет)                    Д    Қ
3. Пауыл Римдегі сенушілерден Құдай оның солардың арасындағы қызметін жарылқауын сұрап мінажат етулерін өтінді (... бет)                    Д    Қ
4. Рим. арн. хаттың 16 - тарауы Мәсіхтің сотының кішкентай көрінісі болып табылады (... бет)                    Д    Қ
5. Римдік сенушілердің біреуінің есімі

- Филолог болды, бұл «сүйетін сөз» дегенді білдіреді (... бет) Д Қ
6. Сенушілердің алғашқы қауымында сенуші бір қауымнан басқасына ауысқанда кепілдік хаттар қолданылды (... бет) Д Қ
7. 16 - тарауда Пауыл атап өткен адамдардың барлығы да ер адамдар (... бет) Д Қ
8. Кейбір римдік қауымдар үйлерде жиналды (... бет) Д Қ
9. Пауыл римдік сенушілерді жік тудыратындардан сақтандырды (... бет) Д Қ
10. Пауылға қонақжайлылық танытқан адамдардың арасында Гай есімді сенуші болды (... бет) Д Қ

## **ТОПТА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

### **ОН ЕКІНШІ ТАРАУ – АДМДАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР**

1. Рим 16:1-15 аяттарда Пауыл сол кездегі сенушілер қауымдарының әртүрлі адамдарына сөзін арнады. Дәл осындай мінез-құлықтарына бола мадақталуға лайықты адамдарды білесіз бе?
2. Рим 16:17-20 аяттарда Пауыл сақтандырады. Соны өз сөзіңізбен айтып беріңіз. Кез келген адам Пауыл сақтандырған қауіптерден қалайша құтыла алады?
3. Хаттың соңындағы сәлемінде Пауыл шамамен саны

жағынан бірдей ер адамдар мен әйелдерді айтып өткеніне назар салыңыз. Бұл оның әйелдерге деген көзқарасы туралы не айтады?

4. Пауыл Рим 14:24-26 аяттардағы соңғы дұғада айтып кеткен «күпияны» жақсырақ түсіну үшін Қор1 2 тарауды дауыстап оқыңыз. 26 аятқа сай Құдай бізге сол күпияны неліктен қазір ашып отыр?

## **ӨЗІНДІК ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСЫН ТОПТА ҚОЛДАНУ ЖАЙЛЫ ҰСЫНЫС**

1. Нұсқаушы оқушылардың кітабындағы өзіндік тексеру жұмысына берілген жауаптары бар бетті қиып алып тастай алады.

2. Нұсқаушыға өзіндік тексеру жұмыстарын уақтылы, өз жауаптарын тексеріп барып орындауға кеңес беріледі. Сонда ол сабақ кезінде қиын сұрақтарды талқылағанда оқушыларға көмектесе алады.

3. Өзіндік тексеру жұмыстарын жалпы шолу сабақтарында қолдануға болады. Сабақ бастардың алдында бірнеше минутті өткен сабақтың өзіндік жұмысын орындауға бөлуге болады. Нәтижесі нұсқаушы дұрыс жауаптарды оқыған кезде бірден тексеріледі. Жауаптарды қысқаша талқылау материалды бекітудің таптырмас тәсілі.

4. Өзіндік тексеруді және өзіндік жұмыстарды орындау қажеттігіне студенттердің көздерін жеткізу керек. Онсыз материалды меңгеру мүмкін емес.

5. Оқу материалдарын табысты аяқтағандарды айрықша атап өткен жөн.

## ӨЗІНДІК ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ

Жұмыс Сұрақ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Д	Д	Қ	Қ	Д	Қ	Қ	Д	Қ	Д	Д	Қ
2	Д	Д	Қ	Д	Д	Қ	Д	Д	Д	Д	Қ	Қ
3	Қ	Қ	Д	Д	Қ	Д	Қ	Қ	Қ	Д	Қ	Д
4	Д	Қ	Д	Қ	Д	Д	Д	Д	Қ	Қ	Қ	Д
5	Д	Қ	Қ	Қ	Д	Д	Д	Қ	Д	Д	Қ	Д
6	Қ	Д	Қ	Қ	Д	Д	Д	Д	Д	Қ	Қ	Д
7	Қ	Қ	Қ	Қ	Д	Қ	Д	Қ	Д	Қ	Д	Қ
8	Д	Д	Д	Д	Д	Қ	Қ	Д	Д	Д	Д	Д
9	Қ	Д	Д	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Д	Д	Д	Д
10	Д	Д	Қ	Д	Қ	Д	Қ	Д	Д	Қ	Қ	Д
Дұрыс жауаптар саны												
Оңға көбейтіңіз	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10
Сіздің балыңыз												

100% – керемет.

90% – өте жақсы. Қате жауаптарды тексеріңіз.

80% – жақсы. Тақырыпты тағы да оқып шығыңыз.

80%-дан аз – оқу материалдарын қайталап оқып-үйреніңіз.

Қате жауап берілген сұрақтарға міндетті түрде қайтадан оралыңыз.

Әрбір қате жауапты «Х»-пен белгілеңіз.